



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК

тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің
институтішілік ғылыми-зерттеу конференциясының
МАТЕРИАЛЫ

24 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской научно-исследовательской
конференции студентов «Өркен-2017» на тему

СИСТЕМА ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ: ОПЫТ И БУДУЩЕЕ

24 ноября 2017 год



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты



**«ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ:
ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК»**
тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің институтішілік
ғылыми-зерттеу конференциясының
МАТЕРИАЛЫ

24 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской научно-исследовательской конференции студентов
«Өркен-2017» на тему
**«СИСТЕМА ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ:
ОПЫТ И БУДУЩЕЕ»**

24 ноября 2017 год

УДК 378
ББК 74. 58
Д77

Бас редактор: Антаева А.С. – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

Редакция алқасы:

- Г.С. Смаилова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр.
Ғ.Қ. Бижанова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының доценті.
Г.Б. Мусирова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр.
Т.О. Бондарева – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Басылымға жауапты:

- В.Ж. Есиргепова – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушысы, магистр.
О.А. Амирбеков – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, редакциялық-баспа бөлімінің бастығы.
Ж.М. Атыгаев – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ақпараттық технология және бағдарламамен қамтамасыз ету орталығының бастығы.

Д77 «Дуалды оқыту жүйесі: тәжірибе және келешек» тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің институтішілік ғылыми-зерттеу конференциясының материалдары енгізілген (24 қараша 2017 ж.). Жалпы ред. – Арқалық, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. – 134 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-7947-13-2

Жинаққа «Дуалды оқыту жүйесі: тәжірибе және келешек» тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің институтішілік ғылыми-зерттеу конференциясының материалдары енгізілген.

В сборник «Система дуального обучения: опыт и будущее» внесены материалы внутривузовской научно-исследовательской конференции студентов «Өркен-2017».

ISBN 978-601-7947-13-2

УДК 378
ББК 74. 58
Д77

© Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты, 2017

**АрқМПИ профессоры, ф.ғ.к.,
педагогика және филология факультетінің деканы
Қалиев Айбек Киікбайұылының
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ**

Еуропа елдерінде, анығырақ айтсақ, Германияда алғаш пайда болып, қолданысқа енгізілген дуалды оқыту жүйесі бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде жүзеге асырыла бастады. Әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіруді мақсат тұтқан Қазақстан мемлекеті де білім саласында дуалды оқыту жүйесін басты назарда ұстап келеді. Бұл тұрғыда елімізде жасалып жатқан тәжірибе де аз емес.

Қазіргі таңда бітіруші маманның бойындағы теориялық білім мен тәжірибенің алшақтығы көрініс беруде. Бұл өз кезегінде бітіруші түлектердің біліктілігіне кері әсерін тигізуде. Көп жағдайда оқу бағдарламасына енгізілген әртүрлі тәжірибелер мен өндірістік тәжірибе өз жемісін бере алмай келе жатқаны да жасырын емес. Мұның объективті де, субъективті де себептері баршылық.

Дуалды оқыту тәжірибесі іс жүзінде дуалды оқыту жүйесінің бірнеше тиімді жақтарын көрсетіп берді:

1. Дуалды оқыту нәтижесінде білім алушы теориялық білім мен тәжірибені қатар меңгеріп, білікті маман болып шығады;
2. Білім беруші мекеме мен жұмыс беруші мекеме арасында тығыз байланыс орнайды, соның нәтижесінде жұмыс беруші оқу бағдарламасына өздеріне қажетті пәндерді енгізуге ұсыныс бере алады;
3. Бітіруші түлектің жұмысқа орналасу мәселесі өз шешімін табады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей дуалды оқыту жүйесі Қазақстанда көбіне кәсіптік білім беруші оқу орындарында қолданылып келеді. Бұл тәжірибе біртіндеп педагогикалық оқу орындарына да енгізілуде. Біздің Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында да дуалды оқыту жүйесіне қадам жасала бастады.

Педагогика және психология кафедрасы ұйымдастырып отырған «Дуалды оқыту жүйесі: тәжірибе және келешек» тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің институтішілік ғылыми-зерттеу конференциясы Қазақстандағы дуалды оқыту жүйесінің жай-күйі мен тәжірибесі, келешегі туралы ой қозғап, пікір алмаспақ. Конференция қазіргі білім жүйесіндегі өзекті тақырыпқа арналып отыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Сөз соңында конференция жұмыстарына сәттілік тілеймін!

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО
профессора АркГПИ, к.ф.н.,
декана факультета педагогики и филологии
Калиева Айбека Киикбаевича

Дуальное образование, изначально зарожденное в странах Европы, а именно, в Германии, на современном этапе реализуется во многих странах мира. Казахстан, как страна поставившая перед собой цель вхождения в тридцатку развитых стран мира в системе образования, обращает усиленное внимание на систему дуального обучения. С данной позиции в нашей стране имеется немалый опыт.

На сегодняшний день мы наблюдаем большую отдаленность теоретических знаний и практических умений у будущих специалистов. Это в свою очередь наносит вред квалифицированности выпускника. Не секрет, что производственная практика и другие виды практик, внедренных в учебные программы, не дают необходимых результатов. На это есть объективные и субъективные причины.

Опыт дуального обучения выявил несколько положительных моментов системы дуального обучения:

1. Подкрепление теоретической базы знаний практическими умениями и навыками;
2. Укрепление взаимовыгодного сотрудничества между работодателями и учебными заведениями;
3. Положительная практика трудоустройства выпускников.

Как мы отмечали выше, в Казахстане в основном система дуального обучения в большей степени реализуется в учреждениях технического и профессионального образования. Данный опыт поэтапно внедряется и в педагогических учебных заведениях. В Аркалыкском государственном педагогическом институте им. И.Алтынсарина начаты первые шаги по внедрению системы дуального обучения.

Внутривузовская научно-исследовательская студенческая конференция «Өркен-2017» на тему «Система дуального обучения: опыт и будущее», организованное кафедрой педагогики и психологии, позволит проанализировать и обсудить современное состояние системы дуального обучения Казахстана, его опыт и будущее. Мы с полной уверенностью можем сказать, что конференция посвящена актуальной теме в современной системе образования.

Желаю плодотворной работы участникам конференции!

1-СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА

ДУАЛДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ

ДАЙЫНДАУ

Талапқали Т. А.

«Педагогика және психология» мамандығының III курс студенті

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білім беру жүйесіне үлкен жаңалық және салмақты жауапкершілік әкелгені белгілі. Онда «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру – баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын ұйымдастыратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы алдымызда тұр» делінген. Осы тұжырымдаға сәйкес мектепке дейінгі мекемелерде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына үш тілді оқып-үйрену енгізіліп, балалардың интеллектуалды дамуына назар аударыла бастады.

Интеллектіні дамыту өзінен-өзі болмайды. Педагог ғалымдар бұл үдерісті «кішкентай домалақ қарды домалата отырып үлкен домалақ қар жасаумен салыстыруға болады», деп түсіндіреді. Бірақ, оны дұрыс жасау үшін, яғни домалақты аппақ, жұмсақ қардың үстімен еппен домалату керектігін ескерте отырып, ғалымдар балалардың оқу-тәрбиесіне мектепке дейінгі кезеңде және одан кейінгі бастауыштық оқытуда ерекше мән беруді көздейді. Балалық шақтағы бала білімі көлемді болумен қатар, тез, ширақ жинақталуы керек екендігін ескертеді. Тәрбиеленуші балалардың мектепалды даярлығын, яғни білімі жағынан толық қамтамасыз ету, балабақшада ұйымдастырылатын оқу-іс әрекетінде мектепке дейінгі және бастауыш білімнің оқыту бағдарламаларының өзара үйлесімділігін сақтау, мектеп жасына дейінгі баланың балабақшада және кейін мектепте талап етілетін тәрбиелік, нормалық қызметті жан-жақты меңгеруіне қажетті жағдайлар тудыру тәрбиешілер мен мұғалімдерге ортақ міндеттер болып табылады.

Әрине, бұл міндеттер бүлдіршін кезінен балабақшаға үзбей барып жүрген балаларды оқытып-тәрбиелеуде, оқуға барар алдында ұйымдастырылатын мектепалды топ балаларын оқыту-тәрбиелеу жұмыстарында өзара ықпалдастықта шешіліп жатады. Қазіргі заман талабына орай туындаған мәселе – балабақшадан бастап бүлдіршіндер мен оқушы балалардың шетел тіліне үйретілу мәселесі.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен біздің институттың мектепке дейінгі оқу және тәрбие мамандығы бойынша студенттерге шетел тілін тереңдете оқыту арқылы, полиглот тәрбиешілер дайындау практикаға енгізіліп отыр. Ағылшын тілінде сөйлейтін мамандар даярлау 2010-11 оқу жылынан бастап филологтардың да құзырына ендірілген болатын.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын, барлық тіл мамандарын жоғары құзыретті етіп дайындау – педагогикалық оқу орындарының ең басты мақсаты мен миссиясы. Осы миссияны толыққанды орындауға институттың стратегиялық жұмыс жоспарында орын берілген және тіл кафедраларының көптеген мүмкіндіктері баршылық.

Дуалды оқытудың негізгі басымдылықтары:

- Бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;

- Бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы, бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;

- Теориямен мен тәжірибенің алшақтығы азайту;

Біздіңше, ерекше мүмкіндіктің бірі – педагогика институты тарапынан даярланып жатқан мамандықтарға дуалды білім беру жүйесін енгізу. Бұл жүйе бойынша болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі теория мен практиканы бірлестіре жүзеге асыру арқылы жоғарылай бастады. «Дуальность» означает «двуединство, двойственность». Дуальное обучение, как показывает практика европейской системы образования, является продуктом тесного взаимодействия образовательных учреждений и работодателей по успешной профессиональной и социальной адаптации будущего специалиста» деп көрсетілген энциклопедиялық сөздікте. Біздің мамандықтар жағдайында күнделікті берілетін теориялық білім мазмұнын балабақшадағы, мектептегі оқу- тәрбие үдерісімен практика жүзінде бекітіп қана қоймай, әр студенттің өздігінен іздене, шетел тілін коммуникативтік-қатысымдық әдіспен игеру деген сөз.

Дуалдық оқыту жүйесі нәтижесінде жоғары оқу орнының мамандарын дайындау үдерісі балабақшалар мен лингвистикалық бағыттағы мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісімен тығыз байланысқа түсіп, арадағы бағдарламалық, әдістемелік тіпті тәрбиелік қарама-қайшылықтар, келеңсіздіктер жойылады.

Осы жүйені жоғары оқу орындарына енгізу келесі мәселелерді екіжақты бірлікте толықтай шешуге де мүмкіншілік береді:

- дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына (шетел тілді мамандарға қатысты), кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылуына;

- болашақ мамандарды дайындау деңгейінің жоғары оқу орындарында көтерілуіне; – болашақ мамандардың әлеуметтік (шет тілінде дәріс беретін педагогке тән қиыншылықтарды шеше білуге) бейімделуге;

- мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуына;

- балабақша мамандарының, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының қызығушылығы мен сұранысына қарай әрбір мамандықта қажетті бағдарламалардың, элективті (икемді) курстардың, бағдарламалардың әзірленуіне;

- білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде өзара әрекеттесу аясын кеңейтуге;

- дайындалған мамандардың кәсіби тұрғыда өзін өзі басқара білуіне; – оқу мекемесінің (кафедралардың) тартымдылық беделінің артуына, студенттер контингентінің жоғарылауына;

- оқу орнын аяқтаған мамандарды одан әрі жұмысқа орналастыруға;

– білім беру мекемелерінің өзара бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылатуға.

Дуалды оқыту, яғни бірлесе оқытудан алынар қамал мол. Қашықтан оқыту, өзін өзі тани, іздене оқу өмірімізге етене еніп, оқушылардың, білімге ынтыққан әбір жастың өміріне еркін орныға бастағанда, институттағы білімді базалық мекемелерде, өндірісте күнделікті жалғастыра оқытудың тиімділігін заманның өзі-ақ дәлелдеп келеді. Облыс жұртшылығы осыны түсініп, жас жеткіншектерді тәрбиелейтін бастапқы сатыға – мектепке дейінгі мамандар-тәрбиешілер, әдіскерлер даярлайтын мамандықтарға, қазақ тілі мен әдебиеті мен шетел тіліне мұғалімдер даярлайтын мамандықтарға кешікпей келіп, өз балаларын бүгінгі Қазақстанға өте қажетті мамандықты меңгеруге ұмтылуда.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға, болашақта білікті мамандар даярлап шығаруға ықпал етеді. Әр күні жүйелі түрде жинақтап отырған білімінің нәтижесін балабақшада тәжірибеде бекітіп отыратын студенттің тәрбиеші мамандығына біртіндеп бейімделуі қамтамасыз етіледі. Мамандыққа тән құзыреттілігі пайда болған, пайда болып қоймай, қалған жылдар бойы әбден беки түскен болашақ маман білікті маман біздерден дайындалып шығатындығына біршама мүмкіндіктер жасалуда. Дуалды оқытудың тиімділігі студенттердің қызығушылығы мен білім беру мекемелерінің сұраныстарына қарай жұмысқа деген ынтасын ептілігі мен ұқыптылығын арттырды. Дуалды оқыту жүйесі бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болса еңбек нарығында сұранысы жоғарылайды. Жұмыссыздық жойылып, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде үлкен жетістіктерге жетеміз. Білім беру мекемелерінде, оқу орнында болсын осы мамандыққа деген сұраныс көбеюмен қатар білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылатады. Жұмыс берушілердің сұранысы негізінде кәсіби деңгейі жоғары сапалы маман даярлауда, оқу орнындарында өзінің оқу жоспарындағы жеке білім беру траекторияларының модульдеріне қосымша пәндерді жоспарлап оқытуды қажет етеді. Дуалды оқыту жүйесі бойынша кос мамандықтарды даярлаудың, қосымша мамандықтарды игеруде, оқу-практикалық тәжірибиедегі уақыттарын тиімді пайдалануда білім ошақтарымен келісілген оқу жоспары арқылы жүргізіледі. Дуалды оқыту жүйесін одан әрі педагог мамандарды даярлауда жетілдіру керек деп ойлаймын. Дуалды оқыту жүйесі болашақ мамандардың дұрыс қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа он жылдық – Жаңа экономикалық өрлеу, Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы. – Астана, 2010
2. Зимняя И. А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М., 2004. – С. 34-38
3. Х. О. Карасаева. Дуальное обучение в практике образовательных учреждений Казахстана.
4. Айтуганов И. М. и др. Научные основы взамо связи профессионального образования и производства. – Казань, 2009.
5. Землянский В. В., Канакин Я. В. Теоретические аспекты дуальной целевой подготовки специалистов// Вопросы современной науки и практики. Университет им. Вернадского. – М., 2012.
6. Методические рекомендации по реализации дуальной модели подготовки высококвалифицированных рабочих кадров. – М., 2015. – 136 с.

ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Сарсенбаева Д. М.

«Педагогика және психология» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекші: Таукелова А. Е.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жақғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасында ерекше айта отырып, бұл жүйені іске асырудың бірден-бір жолы елімізде дуалды оқыту жүйесін енгізу мәселесі екендігін көрсетті.

Болашақта өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің тәжірибелік –техникаландыру мәселесін қойып отыр. Халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді, үлкен сыннан өткен кадрлардың қолында екенін. Дуалды оқыту жүйесі – біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті.

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты-техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының жұмыс беруші, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын мамандар даярлау.

Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің-білім, ғылым, өндірістің өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз [1; 49].

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы бар. Себепп, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі.

Әлемдегі тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Оның жарқын мысалдарының бірі – Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүре өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Десекте біз бұл жүйені неміс халқынан түгелдей көшіріп ала амаймыз

Мемлекеттің байлығы-бүгінгі жастар, болашақ майталман мамандар. Сондықтан да дуалды оқыту жүйесін жүйелі түрде қолға алу керек. Оны жүзеге асырудың бірден-бір жолы-жалпы орта білім негізінде дайындалатын мамандықтарды осы жүйеге бейімдеу. Ол үшін алдымен, оқу бағдарламасын әлеуметтік серіктестікпен бірлесе отырып құрастыру қажет. Қалыптасқан жақдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келед, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету-бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі.

Дуалдық жүйенің негізі – оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылатындығын атап өттік. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты мәселе-оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс тәжірибесі арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуалды оқытуда теория мен тәжірибенің өзара байланыс принципін жүзеге асырады. Мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу барысында қажетті біліктілікке, мамандыққа деген қызығушылыққа ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады, нәтижесінде жұмыс берушілер кәсіби мамандарға ие болады [2].

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет – мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қаматамасыз ету мәселесіне жұмылдыру.

Дуалды білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуникативтілігін, жұмысқа бейімділігін, рухани адамгершілік мәдениетін және болашақ мамандардың сауаттылығын қалыптастырады [3; 29].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастыру мақсатына байланысты еліміздің педагогикалық қоғамдастығының алдында білім беру саласына сапалық өзгерістер енгізу мәселелері тұр.

Жоғары білім жүйесінің қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында оқушылардың жалпы-білімдік және кәсіби даярлық деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі-осы заман талабына сай білімді, білікті және компьютерді еркін түрде меңгере алатын мамандарды дайындау. Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында алдымызға бірқатар жаңа міндеттер қойып. «Озық индустриялы елдерде – Германияда, Англияда, АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда-жұмысшы кадрларды даярлаудың дуалдық жүйесі өзін жақсы жағынан көреткендігін осы жүйе бойынша кәсіптік мектептер оқушылары бір мезгілде өндірісте тағылымгер болып табылатындығын даярлаудың осындай жүйесін Қазастанда да кеңінен енгізу қажет екендігін, дуалдық модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырды. Бұл біздің жаңа индустрияландыру үшін кадрларды даярлауды жаңғыртуымызға жағдай жасайды»-деген болатын

Дуалдық оқытудың негізгі артықшылықтарына ең алдымен, түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары пайызын қаматамасыз ететінін жатқызуға болады,

өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын. Есте қалатыны, дуалдық оқытудың қатысушысы ең кіші компания болуы мүмкін. Екіншіден, білім алудың жоғары деңгейіне жетеді, болашақ қызметкердің психологиясы қалыптасады [4; 7].

Осы орайда жасалынып жатқан колледждердің эксперименттік жұмысы базалық мекемелер тарапынан оң баға алынып, елімізде бұл жүйемен айналысу қажеттілігі мен артықшылығы дәлелденіп, дайындау мен енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінде дуалдық оқыту жүйесін қолдану тәжірибесі келесі артықшылықтарды айқындайды:

- дуалдық жүйе оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін- теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;

- дуалды жүйенің механизмінде маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын жасау жатыр. Оқушыларда білім алу мен дағдыға ие болуға үлкен мотивация туады, себебі олар білім сапасының жұмыс орнында қызметтік міндеттерін орындауына тікелей байланыстылығын сезінеді;

- жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасаушы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;

- жұмыс берушілер өздеріне мамандарды қамтамасыз ету мәселесін шешеді.

Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің-білім, ғылым, өндірістің-өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Оқу үрдісіне дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы күтілетін нәтижелер аз емес деп ойлаймын, және де ол нәтижелер мынадай болатынына сенімдімін:

- теория мен тәжірибе сабақтар арасындағы алшақтық жойылады;

- түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі оң шешімін табады;

- оқу орны жұмыс берушінің болашақ мамандарға деген талаптарын үнемі ескеріп отырады;

- жұмыс берушілер өндіріс талабына сай білім алушыларға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарда, дуалды оқу жүйесі бойынша модульдік оқу бағдарламаларын дайындауға қатысады;

- дуалды оқу жүйесімен оқыған оқушы белгілі құзыреттерді меңгерген кәсіби маман болып қалыптасады.

Жалпы алғанда, дуалдық оқыту жүйесі бұл мемлекетте толық қалыптасқан. Басты ерекшелігі – оқушы білім алу оқу орындарын емес, жұмысатқаратын мекемелерді таңдайды. Өзінің оқуын аяқтаған соң, міндетті түрде жұмыспен қамтылады. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол, кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда немесе арнайы жабдықталған оқу орталықтарында өтеді.

Қорыта айтқанда, маман дайындау мәселесін шешуде, маман тапшылығын жоюда дуалды жүйенің пайдасы зор. Бұл жүйе жұмыссыздықты азайтып, халықтың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл, шын мәнінде, заман талабынан туындаған оңтайлы шешім.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Дуалды оқыту элементі: Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік» тәжірибелік оқыту құралы. – Астана 2015.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.
3. Техникалық және кәсіптік білім, ақпараттық-әдістемелік журнал №4-2-14 б.
4. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Айдарбекова Д. М.

«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Ұзақов С. Ә.

Халқымыздың ұлттық санасын оятып, рухани тұрғыда дамуын қайтадан жандануы соңғы кездері жан-жақты сипат алып келеді. Күнделікті өмірде адамдармен қарым қатынас орнатудағы, тұрмыс-салтымызды сақтаудағы ұлттық қалыптасудың көптеген белгілері күннен күнге анық көріну үстінде.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған ең өзекті міндеттерінің бірі- еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын бәсекелестікке қабілетті кәсібимамандардайындау. Қазақстан Республикасының әлемге танылуына үлес қосатын білімді, білікті, саналы азаматтар жекетұлғатәрбиелеу әрбір педагог- инженердің алға қойған мақсаты.

Елбасының тікелей тапсырмасына сәйкес біздің елде қазіргі кезде Германия, Канада, Сингапур сияқты елдердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу мәселесі қолға алынған. Соның бірі – дуалды оқыту. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты: техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты

өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды. Дуалдық жүйе оқытудың дәстүрлі жүйесінің негізгі кемшілігін – теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды. Сондай-ақ, дуалдық білім беру жүйесінің механизмінде кәсіби маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын жасау жатыр. Білім алушы сабақты, дәрісті тыңдағанда дәрістің – 10% есінде қалады. Көргенде -40% мәліметті сақтайды да артынша қайталап айтса 70% есінде қалады. Егерде көргенін не естігенін өзі жасаса мәліметтің 90%-ын қабылдайды екен. Бұдан туатын қорытынды білім беру оқыту үрдісі үнемі көрнекі құралмен практикалық іс-әрекетпен ұштасып отырылуы қажет деген ұғым туады. Сабағымда мен көбінде дуалды оқыту технологиясын қолданамын. Дуалды оқыту технологиясы білім алушылар оқу, білім алу процесінде жан-жақты дамуын оқытудың басты мақсаты ретінде қабылдайды. Даму дегенде білім алушының ойлауы, табандылығы, зейіні, оқу дағдысы мен іскерлігі тағы басқа да қабілеттерін дамытуды айтамыз. Бүгінгі жаппай қолданылып жүрген жаңа технологияның өзі кіріктірілген болып саналады. Қазіргі педагогикалық технологияда пәнаралық байланыс кіріктірілген білім берудің моделі болып саналады. Пәнаралық байланыс оқытудың кешенді жүйесін құрай отырып, әртүрлі білім салаларының ортақ тақырыптарын, кейде ортақ элемент, бөлім, дәйек, теория, ұғым заңдарды біріктіріп, құрылымдық және ғылыми-мазмұнды блоктар жасайды.

Оқушыларда білім алу мен дағдыға ие болуға үлкен мотивация туады, себебі олар өздерінің кәсіби сапасының жұмыс орнындағы функционалдық міндеттерді орындаумен тікелей байланысты екендігін сезінеді. Жұмыс берушіментығызбайланыстағы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптардыәрдайымескеріп отырады. Сонымен біргежұмыс берушілер өздерін кәсіби-функционалды құзыреттілігі жоғары, білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Міне бұл жүйенің осындай артықшылықтары бар.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің талабы. Осыған байланысты оқушылардың мамандығын сүйетін дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мақсаты мынандай: оқушыларды өзгергелмелі өмірде қорықпай, еркін жұмыс жасауға бағыттау. Білімі мен білігіне сай келетін бағдар таңдай алатындай дәрежеде тәрбиелеу. Ойлау қабілетіндамыту. Өз бетінше жұмыс істеу дағдылары мен қалыптастыра дамыту.

Бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда оқыту. Білім беру тармағындағы әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу үшін үлкен міндеттерді шешу қажеттігін ескеруді алға тартады. Соңғы нәтижеге бағытталған орта білімді дамытудың негізгі мақсаты, міндеттері мен бағыттарында үздіксіз білім беру жүйесінің қортынды нәтижесі болып табылатын өзекті үш іргелі білім беру мақсатын белгілейді: біріншіден,

дүниетанымдылық, екіншіден, шығармашылық, үшіншіден, құзыреттілік көзқарастар. Осы аталған үш іргелі білім беру мәселелері бейнелеу өнерінде орын алады. Ал бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда оқыту айырықша нәтижесін береді. Сондықтан да бейнелеу өнерін оқытуда педагогикалық-психологиялық тұрғыда негіздеу қажеттілігі анықталуда. Бейнелеу өнерінің өзекті тамыры халық шығармашылығында жатыр. Ерте кезде қол өнер кәсіпшілігінде шеберлік өнері шеберден оқушыға, көбінесе күнделікті тіршіліктегі іс-әрекеттер арқылы әкеден балаға тікелей ауысып отырған. Демек халық педагогикасы арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнерді одан әрі жалғау үшін оқушыларды психологиялық тұрғыда бейімдеу қажеттілігі туындайды. Бейнелеу өнерін психологиялық тұрғыда оқыту алдымен адамның психологиялық сезім мүшелерімен байланысты болады. Олар: сезім, қиял, елестету, қабылдау, түйсік, ес, есіту сияқты т. б. көптеген психикалық құбылыстарын жетілдіру тікелей бейнелеу өнерінің негізінде жүзеге асыруға болады. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында: «Жалпы білім беретін мектептің мақсаты – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санау, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау» – деп көрсеткен [1; 25].

Көркемдік талғамның жетілуіне, әсемдікті түсініп, қабылдауға және оны өз қолымен жасай білуге үйреткен тәлімдік тағылымдар адамзат тарихының барлық кезеңінде маңызды мәнге ие болып келген. Демек бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда оқытудың маңыздылығын айқындау қажеттілігі туындайды. Бейнелеу өнері де үлкен шығармашылық ғылым саласы болып табылады. Ой, қиял, ес, елестету, сезіну сияқты психологиялық процестер бейнелеу өнерімен тікелей байланысты. Өйткені, кез-келген суретші қиялы арқылы ойында жүрген дүниелерді бейнелеп өмірге әкеледі немесе өмірде көрген оқиғасын елестету арқылы туындыларын жазады. Осы психологиялық процес арқылы дүниеге алуан түрлі шығармалар мен туындылар келеді. Сол туындылар арқылы яғни шығармаларды көру арқылы адамның ойлау, қиялдау, сезіну, сүйсіну, түстерді ажрату сияқты көптеген психикалық процестерін дамытады. Әдебиеттерді зерделеу мен анализ жасау арқылы отандық ғылымда теориялық және практикалық деңгейде адамдардың бейнелеу қабілеттіліктерінің дамуын жас ерекшеліктеріне байланысты ерте жастан қолға алу мәселелері психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау тауып біртіндеп өз шешімін тауып келе жатқандығына көз жеткілікті. Бейнелеу өнері сабағында оқушылардың сурет салмай шулағанын тәртіпке келтіру үшін, екі бағасын қойып тәртіпке шақыруы, не болмаса сабақтан шығарып жіберу сияқты тосыннан ойлап табылған әдістер педагогикалық жүйеге қарсы әдістер, сондықтан онын, басқаша тиімді жолдарын қарастырған дұрыс. Өйткені, бала психологиясы өте тез қабылдағыш болып келеді. Оқушыны түзеймін деп одан әрі сабаққа деген ынтасын жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан да оқушылармен қалай қарым-қатынаста болудың психологиялық, педагогикалық шарттарын пән мұғалімі міндетті түрде жетік меңгерген болуы шарт.

Сурет, кескіндеме, графика өнерінен эстетикалық ләззат алған Қазыбек бек өзі сурет сала алмаса да көргеніне риза болып былай деп жазады: «Екі жылдың ішінде сәулет өнерінен де, әуез өнерінен де ұстаз жалдап оқыдым... Мен тек Рафайіл, Тидзиан, Леонардо да Винчи, Микеланджело Симони сияқты кереметтердің өнеріне сүйсінуге ғана шектелдім» [2, 16] – деп өзінің ойын осылайша тұжырымдайды. Біз сол Батыс Европаның бейнелеу өнерінің атақты суретшілерімен қоса Қазақ халқының суретшілері Ә.Қастее, Қ.Телжанов, А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова сынды т.б. көптеген суретшілердің туындыларымен таныстыра отырып оқушыларды қазақы бейнелеу өнерінің шығармаларымен таныстырып, талдап өтуіміз қажет. Бейнелеу өнерінің аса маңызды міндеті мен шынайы мүмкіндігі адамға болмыс философиясын түсінуге, табиғаттағы әлеуеттер қалай жүзеге асырылатынын, қандай жетіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар біздің алға қарай қозғалуымызға кедергі болатындығын ұғынуға көмектесуде. Бұл үшін адамның көркемдік талғамы мен эстетикалық тәрбиесін қалыптасуы қажетігі туындайды. Кеңес психологиясында біз адамның эмоциялары мен сезімдерін төменгі және жоғарғы деп бөлуді кездестіреміз, Төменгілеріне ағзаңың сыртқы әсерлерді бейнелеу кезіндегі физикалық жағдайынан туындайтын эмоциялар мен сезімдер жатады. Жоғары эмоциялар мен сезімдер – адамның қоғамға және жеке адамдарға, өзінің тәртібіне, өнер туындыларына және шынайлықтың эстетикалық қасиеттеріне қатынасын бейнелейтін біздің рухани өміріміздің құбылыстары. Оларға интеллектуалды, саяси, адамгершілік және эстетикалық эмоциялар мен сезімдер жатады. Біздің пікірімізше, эстетикалық сезім мәселесі екі өзара байланысқан аспектіге ие. Бір жағынан, эстетикалық сезім шынайылықты бейнелеудің өзіндік ерекше нысаны болып табылады. Мұндай жағдайда адамның рухани субъективтілігі мен эстетикалық сезімдер тудыратын қоғамдық шынайылықтың ерекшеліктерінің өзара байланысы туралы мәселе туындайды. Ю.А. Полуяновтың тұжырымдамасында бүгінгі күнгі бейнелеу өнерін оқытуды үш бағытқа бөледі. Автор бірінші, жеңілдетілген дәстүрлі кәсіби білімге арналған бағыт – оқушының сурет салуға деген қызығушылығын жоюға және нәтиженің күрт төмендеуіне алып келеді. Екінші, бейнелеу өнерінің студиялар мен үйірмелері жағдайындағы және шығармашылық өзін-өзі көрсетуін дамытуға арналған бағыт та мектеп практикасында кері нәтиже беріп, оқушыларды оқытатын орындар болмағандықтан, шығармашылық жетістіктердің жойылуына алып келеді. Үшінші бағыт өнер шығармаларын түсіндіруді мақсат етіп қояды. Бұл бағыт білімнің жүйелілігін қамтамасыз етеді, бірақ, оның негізінде жататын классификациялау әдісі оқыту психологиясына сай келмейді, себебі, терминдерді есте сақтаудың қиындығы шамадан тыс асып кетеді де, оқушыда өнерге деген парасаттылық қатынас қалыптастырады [3; 28-31].

Қашан да бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда оқыту өзінің нәтижесін беріп келген. Бірінші кезекте бейнелеу өнері барлығымызға белгілі педагогика саласымен тығыз байланысты болып келеді. Бейнелеу өнерін оқыту мәселелері педагогика ғылымында қарастырылады. Бейнелеу өнерін оқытуда да өзіндік принциптер мен категориялар бар. Оқытудың принциптері әр уақытта жемісті жетістігін берген. Бейнелеу өнерін оқытуда да

өз нәтижесін берерін ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеп анықтау жүргізілгенде көз жеткізуге болады. Ал, психология ғылымымен байланысын алатын болсақ онда психология ғылымының адам бойындағы қасиеттермен тікелей байланысты болмақ. Біз бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың елестету қабілеттері арқылы суреттер салғызу, және сол суреттерін талдату арқылы олардың сөйлеу қабілеттерін де дамытуға қол жеткізуімізге болады. Ғылыми еңбектерге талдау жасағанымызда әрбір бейнелеу өнері сабақтары педагогикалық-психологиялық тұрғыда өтпейді. Демек әр уақытта бейнелеу өнерін оқытуда педагогикалық бағыт бірінші кезекте тұрса, екінші психологиялық бағыт тұрады. Педагогиканың оқыту заңдылықтарын ескере отырып және оның принциптерінің негізінде жүйелеу тиіс.

Бейнелеу өнеріпсихология саласында тиімді қолданыс тауып жатыр. Қазіргі кездері сурет салғызу арқылы ауыруды емдеу, психотерапиялық әдістердің бір түрі ретінде пайдаланылып келеді. Адамның мінезінде қандай психологиялық ауытқулар бар екенін анықтау үшін де, сурет салғызу арқылы зерттеу жұмыстары кейінгі кезде көптеп жүргізілуде. Бейнелеу өнерін меңгеру, әрбір оқушының сурет салудағы біліктілігін дамытып қоймай, адамның рухани және ұлттық сана-сезімін қалыптастырады, жалпыегемен еліміздің өркендеп дамуыназор әсерін тигізеді. Бұл көрсетілген педагогикалық және психологиялық негіздер адамзаттың бүкіл тарихи дамуын, мәдениетінің өсу деңгейін көрсететін бейнелеу өнерінің қосымша пән ретінде емес басқа пәндер қатарында, өз дәрежесінде жүзеге асырылуына негіз бола алады. Сондай-ақ, олардың оқушыларды бейнелеу өнеріне баулу міндетін өз деңгейінде атқарылуына септігін тигізеді анық. Айтылған мәселелердің бәрі біздің бейнелеу өнері бойынша жасаған оқу бағдарламаларында, оқулықтарда, оқу әдістемелік кешендерде, білім стандартында өз көрінісін тапты және бейнелеу өнері сабақтарындағы оқу тәрбие үрдісін жетілдірудің алдын алары сөзсіз.

Қорыта келе, бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялықтұрғыда оқыту өзінің маңыздылығымен айқындалатындығына көз жеткіздік. Өйткені бейнелеу өнері педагогикалық критерилерсіз, категорияларсыз, заңдылықтарысыз өтілмейді. Ал психологиялық негіздер бейнелеу өнерінде кеңінен қолданылатындығына көз жеткіздік. Демек бейнелеу өнерін педагогикалық-психологиялық тұрғында оқыту қажеттігі және оның маңыздылығы.

Пайдаланылғанәдебиеттердің тізімі:

1. Хабаршы «Көркем өнерден білім беру» №3(36) Алматы 2013.
2. Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. – Алматы: Баур, 2006. – 328с.
3. Бартольд В. Китаби Коркуд. – Спб, 1890. –51 с.
4. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы.
5. Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
6. Оқытудың жаңа технологиялары. Халық тәлімі, арнайы басылым №1. 2014ж.
7. Дуалды оқыту жүйесі «Қазақстанмектебі»2014 ж.
8. «Техникалық және кәсіптік білім». – 2015 ж.

ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Лесбек А. М

«Педагогика және психология» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекші: Тауекелова А. Е

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біз тұрғызатын қоғам арды, намысты бағалайтын белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек», -деген болатын [1]. Елбасымыздың сенімін ақтау мақсатында Қазақстанның болашақ мамандарының рухани жағынан бай, парасатты, білікті адам болып дамуында білім мен ғылымның әсері болуы үшін, оқыту жүйесінің заман талабына сай өзгертіліп, оған көптеген жаңалықтардың еңгізілуі заңды. ХХІ ғасыр-бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру ғасыры. Қазіргі кезде білім беру жүйесінің мақсаты-көшбасшы бола алатын, бәсекеге қабілетті, өзің-өзі көрсете алатын мамандарды дайындау.

Әлемдік өркениеттің дамуы барысында болашақ мамандарға көптеп жүк артылуда. Болашақ мамандарға тек білім беріп қою аз, олардың жан-жақты дамуы шарт. Сонымен қатар, оларды озық технологияларда оқыту, заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында: «Болашақта өркениеті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім» [2]. Сондықтан да, қазіргі заманда білім беруде жаңаша әдіс-тәсілдерді мазмұнына қарап, бағытына сай енгізіп отыру қажет. Қазіргі кезде әлем бойынша білім алушының зейініне, қабілетіне қарай отырып жаңаша технологиялар енгізілу үстінде. Жаңа технологиялар білім алушылардың білім деңгейін көтеріп, олардың ізденушілігін арттыруда. Қазіргі бәсекеге қабілеттілер заманында интеграциялық үрдісінің қарқынды даму жолында. Осы ғасырдың шынайы кілті болып саналатын жаһандану білім саласына мықтап еніп алды. Соның негізінде әлемдік экономикалық интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беру жүйесінде кең қанат жайды. Барлық білім беру сала қызметкерлерінің алдына қойылып отырған ең өзекті мәселелердің бірі-еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын бәсекелестікке қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген кәсіби мамандар дайындау.

Қазақстан Республикасының басқа елдермен терезесі тең болып дамуына үлес қосатын білікті де білімді болашақ мамандар дайындау әрбір педагогтардың міндеті. Елбасымыздың тікелей тапсырмасына сәйкес біздің елде Германия, Канада, Сингапур сияқты елдердің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу мәселесі қолға алынған. Соның бірі – дуалды оқыту.

Дуалды оқыту жүйесі дегеніміз–теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы [3]. Оның пайда болған жері де, негізі де қаланған Германия болатын. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, дуалды білім беру-мамандарды дайындаудың аса тиімділігін және де нәтижелігін көруімізге


болады. Дуалды білім беру жүйесі қазіргі таңда көптеген елдерде қолға алынуда. Мәселен, Германияның көптеген түлектері осы қосарланған, яғни дуалды білім беру есебінен қалыптасады. Германияның студенттері колледжде аптасына 1-2 күн, ал қалған 3-4 күн - кәсіпорындарда. Бұлбағдарлама арқылы 340 мамандықты меңгереді. Мұнда студент басқа өндіріс орындарымен келісімшарт жасасады. Жұмыс беруші оны колледжде тіркейді және оқуын төлейді, сонымен қатар мұндай студенттерге қоғамдық орындарға жеңілдіктер қарастырылады, студенттер фирмадан ең төменгі жалақыны алады. Неміс дуалды жүйесінің негізгі жетістігі - тығыз әлеуметтік серіктестік. Германияда ірі компаниялардың 90% және әрбір бесінші компания студенттерді тартады [3]. Ал қазіргі таңда Қазақстанда еңбек нарығында жоғары білікті болашақ мамандар тапшылығы орын алуда. Бұндай себептердің орын алуы білім беру жүйесінің көбіне теориялық біліммен шектеліп қалуы. Қазақстанға бұл бағдарлама 2014жылдан бастап енгізілген болатын. Бірақ та, енгізілгеніне 3 жыл толып отырса да, мұндай бағдарламаның көптеген оқу орындарына жүзеге асырылмауында. Бұл өзектілікті жою үшін тәжірибе мен теорияны дұрыс ұштастыра білу қажет. Әрбір мекемені білікті болашақ мамандармен қамтамасыз ету-бұл жетістікке жетудің бірден-бір жолы. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында дуалды білім берудің маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Осы жолдауды іске асыру мақсатында «Дуалды білім берудің жол картасы» жүзеге асырылған болатын [4]. Дуалды білім беруді енгізуде техникалық және кәсіби саладағы білімді, білікті мамандарға деген сұранысты арттырады деген болжамдар жасалуда.

Дуалды оқыту-болашақ маман дайындаудың ең тиімді және жаңаша тәсілі. Бұл білім беру жүйесі әлімнің дамыған мемлекеттерінде жоғарғы нәтижелерді көрсетуде. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты-техникалық-кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші ұйымдармен, компаниялармен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын болашақ мамандарды даярлау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, 2013 жылдың соңында 174 колледжде дуалды оқыту элементтері енгізілуде, онда 46 мың адам жұмысшы мамандық алады [5]. Ауылдық жастардың көбісі жаңа бағдарламалар бойынша оқып жатыр, себебі 170 кәсіпорын мен шаруа қожалығы ауыл мектептерінің түлектерін оқыту туралы ниет туралы хаттамаға қол қойды. Қазіргі кезде жоғарғы оқу орындарындағы түлектердің ең басты кемшілігі тәжірибенің жетіспеушілігі. Осындай мәселелерді дуалды білім беру жүйесі арқылы жоққа шығаруымызға болады. Ал дуалды білім берудің тиімділігі - алынған теориялық білімдердің оқу семинарларында, сондай-ақ өндірістік тренинг кезінде тәжірибелік жұмыстармен қамтамасыз етілуі. Бүгінгі сыныпта студенттерге айтылғандардың барлығыертең кәсіпорында қолданылатын болады.

Дуалды оқытудың мәні - университеттегі теориялық дайындықтың кәсіпорында тәжірибелік сабақтарды жүргізуімен үйлесуі. Қосарланған білім беру жүйесіне сәйкес, студенттер таңдаған мамандық бойынша терең білім мен дағдыға ие болады. Дуалды оқыту - уақыт тиімді пайдалануға және екі жақты

білім алуға жол ашады. Екі жақты білім беру жүйесі - бұл екі мамандық бойынша жастардың қалыптасуы, яғни екі білім беру мекемесінде жүзеге асатын жүйе. Бір жағынан - бұл университет, ал екінші жағынан - бұл оқу кәсіпорын. Қосарланған оқыту түрін енгізу кәсіптік білімнің басты мәселесін - теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты шешуге мүмкіндік береді. Студенттердің теориялық және практикалық дайындығын параллель жүргізу қажет. Осылайша, келесі мәселелер шешіледі:

- білім алушы қажетті тәжірибе алады. Оқуды бітіргеннен кейін оған тұрақты жұмыс табуы оңай болады;
- оқытудың осы тәсілімен кәсіпорын білікті кадрлардың үнемі қамтамасыз етілетін болады.



Қосарлы білім беру жүйесінің ең тиімділігі, ол кәсіпорындардың, қызметкерлердің, мемлекеттің мүдделеріне сай келеді. Сонымен қатар, үздік студенттерді таңдауға мүмкіндік бар. Жастар үшін дуалды оқыту - ерте өмірге ие болу және ересек адамға оңай бейімделу үшін тамаша мүмкіндік. Мемлекетіміздің байлығы-болашақ ұрпақтар, майталман мамандар. Қазіргі уақытта, болашақ мамандарды дайындау барысында олардың санына емес, сапасына қарау қажет. Болашақ мамандар дипломды қолына алып қана қоймай, өзінің білім, білік, іскерлігін әр уақытта үздіксіз дамытып отыруы керек. Ата-бабамыз: «Оқу-инемен құдық қазғандай», -деп айтпақшы әрбір болашақ маман өз білімін мұхиттың тереңдігіндей меңгеруі Қазақстанның болашағын жақсартпақ.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы, 2012ж.
2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17. 01. 2014ж.
3. Тоқанова М.Қ. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуалдық білім беруді енгізудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. <http://group-global.org/kk/publication/21354-kazakstan-re...lim-berudi-engizudin>
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Алматы, 2010.
5. Дуалды және модульдік оқыту жүйесін енгізу заман талабы <https://intolimp.org/publication/dualdy-zh-nie-modul-dik-ok-ytu-zhuiiesin-ienghizu-zaman-talaby.html>

2-СЕКЦИЯ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ЖАСТАРДЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ЖАСТАРДЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Наган Ж. А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Ауезова Ш. С.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға», - деп Абай атамыз айтқандай, бүгінгі таңда мұғалімнің көтерер жүгі ауыр. Мұғалім мамандығын таңдағандарға - тер төгіп еңбек ету талап етіледі. Осынау қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол саладағы өмірлік ұстанымдары – әрқашан ізденісте, ой қозғалысында болу. Білім беру ісінде ұстаз – басты әрі шешуші тұлға. Ұстаздың білімділігі, абырой-беделі оның шәкіртінен көрінеді. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан», - деп халық тегін айтпаған. Ұстаз ұғымы мағынасы кең, мәні терең, тарихи ұғым. Адамзат баласының дамуында білімнің қажеттілігі сол білімді таратушы, жеткізуші ұстаздың қажеттілігімен бірдей маңызға ие болған.

Ұстаз өз шәкіртінен саналы да білімді, парасатты тұлға жасайды. Педагогикалық шеберліктің негізі – оқушылардың еркін дамуына жол ашу, балаға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру, сабақты жаңаша әдіс-тәсілдермен заман талабына сай жандандыра түсу – педагогикалық шеберліктің басты сипаты болып табылады.

«Мұғалім - адам жанының инженері» деп текке айтылмаған. Бала темір робот емес, ол -өзіндік әлемі бар ғажайып жеке тұлға. Оған біздің көзқарасымыз, жылы жүрегіміз, ыстық ықыласымыз өте қажет. Сабақты тұтас: мынау білім, мынау тәрбие деп бөлмеуіміз керек. Себебі, білім мен тәрбие егіз үрдіс екенін ұмытпау, сабақ басынан аяғына дейін тұнып тұрған білім, ғылым тәрбие болып, олар ұлттық рух пен өрнектелуі тиіс, ал мұғалім мен шәкірттер осы дүниенің күре тамырына айналуы қажет деп ойлаймын. Ұлт болашағын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің азаматтық руани парызы мен борышы. Ол үшін жаңа толқын жастардың бойына ұлтымыздың асыл қасиеттерін сіңіріп, ғылым мен білімге баулу қажет.

Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңаша мазмұн – жас ұрпақтың білім және билік негізінің басты нысаны. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін мұғалім жан-жақты білімді, білікті болуы тиіс. Қазіргі білім жүйесінде тұлғаға бағытталған білім оның дамуына ықпал етеді [1; 3].

Нәтижеге бағытталған білім беру бүгінгі күннің басты міндеті болып тұр. Оқушылардың білім дағдысын қалыптастырып, оны оқушылар өздеріне қажет жағдайда қолдана алса, білімнің нәтижелілігін содан көруге болады. Адамзат баласының тіршіліктегі бар мұраты – білім. Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер!

Бүгінгі күндері педагогикалық кадрларды дайындау жүйелерін кеңейту, жүзеге асырылатын әр түрлі жобалық, оның ішінде республикалық көлемдегі бағдарламаларды енгізуге мүмкіндік беретін кәсіби дайындықты дамыту мәселесіне аса көңіл бөлінуде.

Еліміздің ертеңгі келешегі – жас ұрпақтарды өз халқының төл тарихын, салт-дәстүрін, тілін қастерлейтін, озық ойлы, рухани адамгершілік қасиеті жоғары, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу жаңа заманның басты талабы болып талабы [2; 3].

Ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру – маңызды мәселелердің бірі. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәжижесі болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларының принциптері- оқытудың ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, тәрбиелеуші жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты жетік маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күннен-күнге артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап.

Соңғы он жылда жаңадан пайда болып, дамып отырған жаһандық тенденциялар Қазақстандық жоғары білім жүйесінің алдында жаңа тосқауылдар қойып отыр. Сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрларды сапалы түрде дайындау, түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау жалпы міндеттер қатарында.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаттары қатарында жоғары білікті ғылыми және ғылыми – педагог кадрларды даярлау, педагог мамандығының беделін көтеру мәселелері қарастырылған. Міне осыған орай, бүгінде қойылған мақсатқа жету үшін атқарылып жатқан жұмыстар аз емес .

Қазіргі таңда техникалық, ауылшаруашылығы саласы бойынша мамандықтарға, медицина саласының мамандықтарына, экономика және құқық, педагогикалық мамандықтарға сұраныс өте жоғары. Әсіресе педагогикалық мамандықтардың ішінен еліміздің көптеген жоғары оқу орындарынан ашылған, бүгінде қажет мамандықтардың бірі «Кәсіптік оқыту» мамандығы.

Адами өркениеттің бүкіл өне бойында еңбектің қоғамдық бөлінуінің құрылымында айрықша әлеуметтік (қоғамдық) функция қалыптасып, қарқынды дамуға ие болды, сөйтіп, осының арқасында мұғалім мамандығы пайда болды, оның мән-мазмұны ерекше, өзіне тән қызметті жүзеге асыра отырып, жеткіншек ұрпақты адам мәдениетінің құндылықтарына үйретудің негізінде өмірге дайындау болды.

Педагогикалық мамандық – қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі. Педагогикалық мамандық – педагогикалық үдерісте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін және шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет. Педагогикалық мамандықтың негізгі ерекшелігі мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен сәйкестігі; педагогикалық қызметті сәтті жүзеге асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасының деңгейімен байланысты.

Мамандық дегеніміздің өзі – тұтас бір әлем, онда адам өмір сүреді, білімін жетілдіреді, осы әлемді ол өзінің бүкіл өмірі бойы біліп, танып өтеді, бұл әлемнің өзінің кәсіби заңдары, адамгершілік нормалары мен құндылықтары бар. Кез келген мамандық адамнан белгілі бір жалпы және арнаулы білімділікті, икемділіктер мен дағдыларды, қасиеттерді талап етеді, ал олар жалпы немесе арнаулы білім алу барысында және практикалық жұмыс істеу кезінде қалыптасады [3; 5].

Мұғалім мамандығын мәңгілік мамандық деп те атайды. Адам пайда болған кездерден бастап-ақ жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа беру мен өмірде тәжірибені саналы түрде жинақтау қажеттігін сезінген.

Педагог мамандығы адамнан жан-жақты білімді, шексіз жан жомарттығын, балаларды асқан бір даналықпен сүйе білуді талап ететіні бұрыннан дәлелденген. Мұғалім мамандығын жоғары бағалай отырып, Ян Амос Коменский оны «күннің астында одан биік ешнәрсе жоқ», ең құрметті, ең артық мамандық деп санаған. Ол мұғалімді бақшадағы өсімдіктерді асқан бір сүйіспеншілікпен баптайтын бағбан, адам жанының түкпір-түкпірінде білім ғимараттарын тұрғызатын сәулетші, адам жаны мен ақылын қашап, егеп, әсемдейтін мүсіншімен, жабайылық пен тұрпайылыққа қарсы шабуылды бастайтын қолбасшымен салыстырған.

Педагогикалық мамандықтың басқалардың қатарынан ерекшеленіп тұруы, ең алдымен, осы мамандық өкілдерінің ойлау образы, олардың өз міндеттері мен жауапкершілігін өте жоғары сезінуі. Оның ең басты айырмашылығы, ол өзгертуші де, басқарушы мамандықтардың қатарына бірдей жатады. Өз қызметінде тұлғаны қалыптастыру мен өзгерту мақсатын қоя отырып, педагог сол тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалдық және физикалық даму процесін, оның рухани әлемінің қалыптасуын басқаруды мұрат етеді. Педагогикалық мамандықтың негізгі мағынасы – адамдармен қарым-қатынас. Педагогтың басты міндеті – қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз оқушыларын соларға қол жеткізуге бағыттау [4; 15].

Мұғалім мамандығын басқалармен салыстырғандағы ерекшелігі оның қызметінің нысаны ерекше серпінділігімен, күрделілігімен және көпқырлылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да бұл мамандық мұғалімнен арнайы білімді де, қандай да бір салалардағы білімдерді де талап етеді. Ал басшы ретінде ол оқушылардың қызметін жақсы түсінетін және білетін болуы керек, өйткені ол сол оқушыларды дамыту процесін басқарып отыр.

Осылайша, педагогикалық мамандық қос бірдей дайындықты талап етеді: адамтанушылық және арнайы.

Педагогтың функциялары (міндеттері, мақсат-мұраты) алуан қырлы, алайда солардың ішінен ең негізгі үшеуін атауға болады: оқытушылық, тәрбиелеушілік және қоғамдық-педагогикалық. Мұғалім ең алдымен оқытады, яғни, балалардың жалпы адами тәжірибесін, білімін және оларды алу жолдарын, оқу жұмысының әдіс-тәсілдерін меңгеруіне көмектеседі. Балалардың тұлғасын қалыптастыру оқыту барысында да, оқытудан тыс қызметте де жүріп жатады. Оқу процесінің ұйымдастырылуы, баланың мұғаліммен тіл табысуы, баланың тұлғасы, тәрбие жұмысы – осының барлығы да мектеп оқушысының белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуына, оның дербестігінің дамуына септігін тигізеді, яғни тәрбиелік функция іске асады [5; 19].

Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі, сонымен қатар оның қызметінің мұғалім мен оқушының арасында өзара қарым-қатынастарының барысында жүзеге асырылатындығы болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестіктің сипатын, ең алдымен, мұғалімнің өзі анықтайды, мұндай өзара әрекеттестіктің ең оңтайлы түрі – ынтымақтастық, педагогикалық процесс субъектілерінің бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Педагогикалық мамандықтың тағы бір ерекшелігі: мұғалім дегеніміз - мәңгі жастықтың кәсібі. Өзінің жасы нешеде болса да мұғалім жеткіншек ұрпақтың мүдделерімен өмір сүреді, олармен араласу мұғалімнің өмір бойы өзін рухани тұрғыдан жас болып сезінуіне мүмкіндік береді.

Ұстаз – келер күннің ұстасы. Ал мектеп – ертеңгі ұрпақ тәрбиелеудің жалғыз әрі басты нұсқасы.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Мұратбай Т. Қазақ тілі мен әдебиеті. (1, 2017).
2. Педагог журналы. 6(36), 2016.
3. Педагог журналы. 2(38), 2017.
4. Білімдегі жаңалықтар. №3, 2016 (55).
5. Білімдегі жаңалықтар. №3, 2016 (55).

КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Өміртай К. Қ.

«География» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Калкашев С. Ғ.

Әлемнің дамыған елдері қатарынан орын алуға ұмтылған Қазақстан мемлекеті осы мақсатқа қол жеткізудің маңызды шарты ретінде білім беру жүйесінің сапалық деңгейін көтеру үшін ауқымды міндеттерді жүзеге асыру үстінде. ХХІ ғасырда елімізге білімді де білікті, белсенді азаматтық ұстанымы бар азаматтар, бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар қажет. Бұл үшін білім беру орындары заманауи оқыту әдіс-тәсілдері мен технологияларын жан-жақты

енгізу, оқыту нәтижесіне, яғни сындарлы ойлай алатын, шығармашылық әлеуеті жоғары, өз кәсібін толық меңгерген тұлға тәрбиелеу үдерісіне бағдарлануы тиіс. Бұлардың бәрі білім алушылардың мол мүмкіндігін ашып, білім алудың даңғыл жолын көрсетіп берді.

Ұлы Абай «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұстаз еңбегін жоғары бағалады. Ел Президентінің өзі оқытушы – ұстаздар алдына жаңа міндеттер мен мақсаттар жүктеп: «Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енгізудің негізгі міндеті жоғары мамандырылған білікті де білімді азамат, ғылыми технологияны оңай меңгеріп, нарықтық экономикада өзін-өзі басқара алатын және алған білімін өмірде қолдана білетін болса, тек сол уақытта жүзеге асырылуы мүмкін» деген болатын. Бізге бұл үшін барлық мүмкіндік жасалып отырған ақиқат.

Жоғары оқу орындарындағы кәсіптік білім мемлекеттік мамандарға деген сұранысынан туған қажеттілік. Жалпы алғанда кәсіптік білім дегеніміз жүйелі кәсіби білім алудың арнайы тәсілі, белгілі бір кәсіптік еңбек саласына бағдарланған педагогикалық үдеріс. Бұл үдеріске педагог пен білім алушылар тең қатысады. Кәсіптік оқыту үдерісі бүкіл білім жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және ол нақты нәтижеге негізделеді. Кәсіптік оқытудың өзіне тән арнайы әдіс – тәсілдерімен ерекшеленетіні белгілі. Қазіргі кезде кәсіптік оқыту үдерісінде конструкциялау және жобалау, ақпараттандыру, материалтану сияқты пәндердің басымдық алуы білікті маман даярлау, оларды еңбек пен өндіріске неғұрлым жақындату міндеттерінен туындайды. Мұнда ең бастысы теория мен тәжірибенің тығыз ұштастырылуы. Бұл күнделікті алған білімдерін практикалық сабақтарда бекіту арқылы сол саладағы тиімді еңбекпен жалғастыруға берілген мүмкіндік. Осыған байланысты жоғарыда аталған білімді дамыту тұжырымдамасында білім берудің мақсаты: «... терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін – өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген [2; 25].

Қазақстан Республикасының алдында орасан зор міндеттер тұр. Бұл еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылуы, экономикалық өсуді тұрақтандыру, өнеркәсіп пен тауар өндірісін жолға қою, халықтың тұрмысын жаппай көтеру және т. с. с. Бұған дейін басымдық алып келген шикізаттық бағыттан бас тартып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдері сияқты бәсекеге қабілетті тауарларды экспортқа шығару елімізді нығайта түсумен бірге әлемге танымал етпек. Мұның бәрі еліміздің өркендеуі үшін, келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан үлкен жұмыстар. Өйткені, ХХІ ғасырда тек біліммен, еңбекпен, озық технологиялармен ғана жарысқа түсе аламыз. Ал керісінше жағдайда жаһанданудың соққысына төтеп бере алмай, шаң жұтып қалу ел ретінде жойылып кету қаупін туғызатыны ашы да болса ақиқат. Осыны терең түсіне білген әрбір жас оқуына, ісіне жауапкершілікпен қарап, терең білім алып, білікті маман болуға ұмтылса, бұл біздің жоғарыда аталған міндеттерді іске асыруға қосқан үлесіміз болатыны сөзсіз.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Елбасының «Қазақстан-2050» Жолдауында: «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерге

жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» делінген. Кәсіптік оқыту барысында білім алушылар біртұтастық танымдық іс-әрекетті, яғни теориялық ойлау мен практикалық қызметті алып жүреді. Бұл үлкен артықшылық. Кәсіптік-танымдық-іс-әрекеттің құрамдас бөліктері ретінде кәсіби даярлық деңгейі, кәсіптік оқытудың мақсаттары мен міндеттерін терең ұғыну, өздерінің оқуын дұрыс ұйымдастыру және жоспарлау білу, өзін-өзі талдау және бақылау жүзеге асырылады. Кәсіптік оқытудың табыстылығы осы компоненттермен байланысты және сонымен бірге білім алушылардың өз белсенділігіне де тікелей қатысы бар. Оқыту үдерісін тиімді өте түсу үшін міндетті түрде қазіргі заманғы әдістер мен дидактикалық құралдарды, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қажет. Бұл оқытудың мазмұнына қарай және ақпараттық технологияларды қолдану қажет. Бұл оқытудың мазмұнына қарай және оқушылардың жеке даму деңгейі бойынша айқындалады.

Кәсіптік оқыту үдерісі өзара тығыз байланысты үш қызметті: білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын жүзеге асырады. Мұндағы білім беру қызметі:

- кәсіптік білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіби құзыреттіліктерін көтеру;

Тәрбиелеу қызметі:

- оқушылардың кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру;
- кәсіптік еңбек қажеттіліктерін, жағымды мотивация туғызу;
- бейімділіктері мен қызығушылықтарын тұрақтандыру.

Тұлға ретінде маңызды қасиеттерін тәрбиелеу:

- дербестік, шешім қабылдау қабілеті;
- кез келген іске шығармашылық тұрғыдан келуі;
- үздіксіз білім алуға ұмтылысы;
- ынтымақтастық қабілеті;
- әлеуметтік және кәсіптік жауапкершілігі;

- оқушы тұлғасын психикалық дамыту – сенсомоторлық, зияткерлік, эмоционалдық – психологиялық әлеуеті, біліктілігін қалыптастыру, кәсіби өсуін болжау [3; 2].

Бұлар кәсіптік оқытудың негізгі функциялары және олар өзара тығыз байланысты әрі бір-біріне тәуелді. Адам баласы жақсы тәрбие алған болса, оны оқыту да тиімдірек, сапасы да жоғары. Мұндай маманның еліне берері де аз болмаса керек.

Осы тұрғыда кәсіптік оқытудың мынадай бірқатар өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- нақтылы мамандық алуға бағдарлану, яғни арнайы пәндерге деген қызығушылық ;

- білім алушылары білімдерін практикалық міндеттерді шешуде қолдана білу дағдыларымен қаруландыруға бағытталуы;

- кәсіптік оқыту мұғалімдері мен шеберлері өз пәнін жетік білуі тиіс және олар сол арқылы білім алушылардың ұстазына айналады;

- білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде өндірістік оқыту ерекше маңызды және оның өзіне тән мазмұны, құралдары, әдістері мен формалары бар;

- кәсіптік оқыту үдерісінің өзіндік ерекшелігі оқытудың арнайы ұйымдастырылған өндірістік жағдайлармен үйлестірілуіне байланысты.


Қазіргі уақытта адамзат қызметінің барлық аумағындағы ақпарат өсімі қайта-қайта ұлғаюды, білім берудің жанаруы мен білім беру принципінің бұрынғыдан басқаға өзгеруін:»өмір бойына білім алудан» «өмір бойы білім алуға», яғни тоқтаусыз білім алуды талап етеді (Г. В. Дорофеев).

Білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойылуда, олар түлектердің жаңа, тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық шарттарға дайындығын қамтамасыз ету керек, олар жаңа шекаралардың ашылуына, білім берудің ақпараттануына, жоғары технологиялық технологиялардың қолданылуына негізделеді.

Осының барлығы мамандар даярлаула қолданылатын әдістемені қайта қарап шығуды талап етеді. Осыдан, бірінші орынға оқыту әдістемесінің жаңадан жобалау тапсырмасы, мазмұны мен оқу ақпараттарының мазмұндық құрастыруларын құру, оқытушының педагогикалық қызметі мен білім беру кеңістігіндегі оқушының оқу жұмысы шығады.

Берілген оқу құралын меңгеру кезінде студенттер маманның белсенді кәсіби қызметіне қажет теориялық және әдістемелік негіздегі білімді алады, кәсіптік оқыту әдістемесінің негізімен танысады. Сонымен бірге, оларда білім беру процесін басқару аумағында педагогикалық компетенттілік элементтері қалыптасады.

Білім беру дамуы өздігімен, шығармашылықпен ойлай алатын, басқарушылық шешімдерді ойлап тауып, қабылдап, іске асыра алатын, білім беру парадигмасының қазіргі заманғы жобасымен анықталатын құбылмалы өмір шарттарына үйрене алатын азаматтың қалыптасуын анықтайды.



Сурет-1. Білім беру парадигмасының қазіргі заманғы парадигмасы


Білім беру – оқушылардың белгілі бір ғылым аумағындағы ғылыми білім, біліктілік пен талаптар жүйесін игеру процесі, оның қорытындысы берілген мемлекеттік мақсаттарға сәйкес келіп, тиісті құжаттармен бекітіледі.

Тәрбие – жаңа ұрпаққа әлеуметтік тарихи тәжірибе, жо, ғары мораль, қызметке деген шығармашылық қатынас, ғылыми көзқарас, еңбек пен тәртіптің жоғарғы мәдениетін беру қызметі. Тәрбиенің абсолютті құндылығы – бала, адам.

Білім алу – мемлекеттік білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған педагог пен оқушының бағытталған эмоционалды – интеллектуалды қарым – қатынасы.

Даму – адамның рухани, физикалық күштерінің сапалық және көлемдік өзгеруінің объективті процесі. Тұлға дамуы ішкі және сыртқы, әлеуметтік және табиғи, басқарылатын және басқарылмайтын факторлардың қатысымен іске асады.

Білім берудің жаңа парадигмасында: оқушы – пәндік – ақпараттық орта (сонымен бірге білім беруді ақпараттандырудың қазіргі заманғы құралдары) – педагог, ол барлық білім беруде, білім беру жүйесінде бар (2 – сурет).



Сурет – 2. Білім берудің жаңа парадигмасының структуралық компоненті.

Қазіргі кезде 3-суретте көрсетілгендей білім беру кезеңдері мен түрлері қабылданған.

Білім беру түрлері	Білім беру кезеңдері				
Жалпы	Мектепке дейінгі	Жалпы бастауыш	Негізгі жалпы	Орта жалпы	
Кәсіби	Бастауыш	Орта	Жоғары	ЖОО-нан кейінгі	
Қосымша	Жалпы	Кәсіби			

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». www.akorda.kz
2. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». www.adilet.zan.kz
3. Махимов А.С. Актуальные проблемы системы образования в Казахстане. www.group-global.org

ЖОО-да ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Орынбасар А. Е.

«Биология» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекші: Аятов А. С.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынасты қалыптастыру мәселесіне талдау жасағанда кері қатынас барысында рефлексивтік жағдай төмендеп және диагностика нақты болмай қалуы мүмкін, бірақ бұл көбінесе ескеріле бермейді. Сол себепті педагогикалық қарым-қатынастың технологиясын толық шешу үшін коммуникативтік міндеттердің орындалу сатысы төмендегідей болуы мүмкін: қарым-қатынас жағдайына бейімделу; сырттағы адамдарды өзіне қарату; нысанның жан дүниесін жаулап алу; сөзіндік қарым - қатынасты іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты іске асыру;

Кәсіби бағыттылық ең алдымен теориялық материалдарды меңгеруге негізделуге тиіс. Себебі, теориялық материалдар негізінде ғана практикалық іс-әрекетке оның нәтижесін қолдану жүзеге аспақ. Педагогикалық пәндерге байланысты теориялық материалдар ең алдымен педагогикалық мамандық-тың басты шарттарын, оған қойылатын талаптарды үйретсе, одан әрі сол пәннің даму тарихы және оның оқытушыға беретін сапаларын талдайды. Кез келген педагогикалық жағдаятты шешудің жолымен, әдіс-тәсілімен таныстырады. Сондықтан да студент осы арқылы нені шешетінін, оның неге керектігін, не үшін қажет екенін, оны орындаудың әдіс-тәсілін меңгеріп, педагогикалық мәнін түсінеді [1].

Тұлға бағыттылығы оның психикалық өмір бейнесінің мазмұнымен байланысты неғұрлым жалпы категория болып табылады. Бұл тұлғаның жүйе құраушы қасиеті. Тұлға бағыттылығы қоғамдық индивид ретінде онын позициясын анықтайды.

Бағыттылық-бұл адамның шындыққа таңдамалы қатынасты өзінше бастан кешіруін, оның әрекетіне әсер етуін сипаттайды.

Бағыттылық тұлға құрылымында жетекші компонент бола отырып оның барлық құрылымдық мазмұнына әсер етеді: қабілеттер, психикалық процестер, эмоция, сезім. Кәсіби бағыттылықтың арқасында кәсіби оқу үрдісінде тұрақты мотив пен студенттерге сәйкес қабілеттер қалыптасады. Студент тұлғасында кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы қажеттіліктер, мотив, құмарлық, жүріс-тұрыс нормасын іштей қайта құрумен, қазіргі маманға қойылатын талаптарды саналы игерумен жүреді. Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мынандай тұлғалық сипаттардан тұрады: табандылық, тұрақтылық, адалдық, болашақ мамандығына берілу қайта құрылады.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор.

Студенттің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай орта оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы–бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығы- ның қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Студенттің өзіндік жұмысы – педагогикалық колледждің оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады. Жаңа оқыту технологиясының ендірілуіне сәйкес колледждегі оқу-тәрбие үдерісін жанаша ұйымдастыру, оқыту технологиясын және оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін өзгерту қажеттілігі туындады.

Студенттің өзіндік жұмысы логикалық ойлауды дамытуды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Студенттің өзіндік жұмысы аудиторлық жұмыспен бірге, оқыту процесінің негізгі бөлігі болып табылатын СӨЖ-нің жүйелі түрде орындалуы мұғалімнің жоспарлау және бақылау қызметі нәтижесінде қалыптасады.

Оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысы - оқытушының тікелей қатысумен өтетін бірақ, оқытушының тапсырған жұмыстары және әдістемелік басқаруымен орындалатын студенттің жоспарланған жұмысы.

Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы; өз тағдырын өзі басқарушы. Педагогикалық пәндерден білім беру барысында ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың түрінің көптігіне қарамастан, олардың бәріне ортақ мақсат–студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру, құзырлыққа жетуге талпыныс тудыру тұрғысында даярлау, кәсіптік іс-шаралар ұйымдастыруға, оның жүргізу жолдарын білуге, орындаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге жаттықтыру мәселелерін қарастырамыз. Өзіндік жұмысты орындауда студент психологиялық тұрғыдан қызмет атқарады. Ол әрбір жағдаятты түсіну, қабылдау, сырттан әсер ететін ақпараттарды іріктеу, өңдеу, керегіне қарай жүйелеп пайдалану. Мұндай жағдайда оған қабылдау, еске түсіру, назар аудару, ойлану сияқты психологиялық үрдістер қатысады. Мұндай жағдайда студентке оның жігері мен шешімділігі көмектеседі. Өзін өзі реттеп, өзін-өзі басқарып, ой елегінен өткізу әрекеті басым болады.

Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «өзіндік жұмыс», «студенттің өзіндік жұмысы» ұғымы кеңінен қарастырылып, зерттелген.

Педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелері В.К. Буряк, Е.Я. Голант, Б.П. Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый,

Е.С. Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үдерісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Л.И. Заякинаның пікірінше, ғылыми білімді игерудегі студенттің өзіндік жұмысы ортар оқу орнының оқыту үдерісінің жетекші формасы болуы қажет, ал оны белсендіру, жүйелі түрде басқару және әдістемелік жағынан жетілдіру басты дидактикалық қағидалардың бірі болуы қажет, өйткені оны жүзеге асыру кәсіби даярлау сапасын арттыруға әсер етеді. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыдан ашуға А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адельбаева, С.И. Архангельский, М.В. Буланова-Топоркова, М.Г. Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.А. Низамов, П.И. Пидкасистый еңбектері арналды.

Қазіргі таңда колледждерде жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырады. Қашықтықтан оқытудағы СӨЖ-ді ұйымдастыру мен оны тиімділеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары Т.Сережка еңбектерінде анықталған [2].

Студенттің өзіндік жұмысы – кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс – студенттің ғылыми, оқу кәсіби құзырлылығын қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оңтайлы шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Колледждердің орта мектептен ең басты айырмашылығы – оқыту жұмысының әдісі және білімгерлердің жеке деңгейі болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыстың қай түрі болса да, оның студенттердің оқу әрекетіне жататыны белгілі. Ал оқу әрекетін ұйымдастыру оқытушының шеберлігін, студенттердің қызығушылығын тудыруын, олардың алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешуге жағдай жасауын, оны кәсіби тұрғыда шешетіндей міндет жүктеуін қажет етеді. Бұл өзіндік жұмысқа байланысты оқытушыға жүктелетін мәселе болса, енді тікелей студенттің әрекетіне байланысты мәселе-мақсатты әрекет ету, ойлану, ой қорыту, дұрыс шешім қабылдау, нақты нәтижеге қол жеткізу. Осындай құрылымнан тұратын өзіндік жұмыс нәтижесінде студент өздігінен білім алудың көзін ашады, кәсіби бағыттылығы қалыптасады.

Қазіргі таңдағы арнаулы орта оқу орындарында жүргізіліп отырған өзіндік жұмыс түрлері баршылық болғанмен: біріншіден, оның мазмұнын ашу, екіншіден, оның құрылымын нақтылау, үшіншіден, өзіндік жұмысты ұйымдастыру әдістерін жетілдіру, төртіншіден, оны бағыттай отырып, кәсіптік шеберлік деңгейіне көтеру жақтары жетіспей келеді.

Кәсіби бағыттылығы әлі қалыптаспаған студенттің мұндай қиындыққа кездесуі олардың өздігінен жұмыс атқаруға деген ынтасын төмендетеді, өзіндік жұмыстың үстірт орындалуына, оның мақсатын жете түсінбеуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар, өзіндік жұмысты студенттің мүмкіндігіне қарай даралап беру жолға қойылмай отырғандығы белгілі. Бүкіл аудиторияға ортақ жұмыс түрлерінің басым болуы осы кезге дейін негізгі орынды алуда. Мұндай

тапсырмаларды орындау үстінде студенттер оқулықтар мен қосымша әдебиеттердегі материалды қопарып көшіріп, семинарлық сабақта оны оқып берумен шектеледі.

Өзіндік жұмыс өз бетінше іс-әрекет арқылы іске асады. Өзіндік оқу іс-әрекеті дегеніміз – бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өз бетімен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық үдеріске қатынасушылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның кіріктірілген білімі.

Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалынған теориялық талдау «студенттің өзіндік жұмысы» ұғымының бірімәнді анықталмағанын, оны анықтауда әртүрлі тұрғыдан қарап, түрлі әдістер болғанын көрсетеді. Өзіндік жұмыстың анықтамасының негізіне әр автор әртүрлі белгілерді алады. Оларды тұтас қарастырғанда ғана маңызды, бірақ жекелей алғанда толыққанды анықтама бола алмайды [3].

Студенттердің өзіндік жұмысына берген түрлі анықтамаларды саралай келе, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – педагогикалық колледждің оқу үдерісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады.

Өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытты және нәтижесін айқындайтын критерилерін саралаудың да өзіндік ерекшелігі бар.

Педагогикалық колледждерде жеке өзіндік жұмыстың түрлері өте көп, олар: дәрістерге дайындық; семинар, лабораториялық жұмыстарға, сынақтарға, емтихандарға, рефераттарды орындауға, курстық жұмыстарға дайындық; қорытынды кезеңде – дипломдық жобаны орындау.

Педагогикалық әдебиеттерде өзіндік жұмыс түрлерін әр түрлі тұрғыдан қарастырып, төмендегідей жіктейді: 1)ұйымдастыру түрлеріне қарай: ұжымдық, топтық, жеке-дара жұмыс; 2)мақсатқа бағытталу сипатына байланысты: теориялық және практикалық; 3)логикалық бағыттылығына байланысты: фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау, құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтату; өз бетімен игерген оқу материалындағы ұғымдарды анықтату және игергендерді жинақтау; кейбір типтес құбылыстарды айрықшалау; фактілер арасындағы байланысты анықтату; 4)іс-әрекеттің сипаты бойынша: репродуктивті (қайталаушы), реконструктивті-вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) өзіндік жұмыс; 5)танымдық үдерістегі қолдану орнына байланысты: жаңа білімді қабылдау және игеру үшін арналған; алынған білімнің негізіндегі өзіндік жұмыстар; бекітуге бағытталған; білімі мен білігін жүйелеп, жалпылауға бағытталған; қайталау мен білім, білік және дағдыны тексеруге арналған өзіндік жұмыс түрлері; 6)оқытушы ұйымдастыратын СӨЖ-ді өткізілу уақыты мен орнына, оқытушы тарапынан жасалынатын

жетекшіліктің сипатына, нәтижелеріне бақылау жасау тәсілдеріне байланысты шартты түрде мынандай түрлерге бөлуге болады: негізгі аудиториялық сабақ (дәріс, семинар, зертханалық жұмыс) үстінде жүргізілетін өзіндік жұмыстар; жоспар бойынша жүргізілетін кеңестер, шығармашылық байланыстар, сынақтар мен емтихандар түрінде оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстар; оқу және шығармашылық сипаттағы үй тапсырмаларын орындаудағы аудиториядан тыс студенттің өзіндік жұмыстары; 7) студенттің өз бетімен жұмыс істеу (дербестілік) деңгейіне қарай: еліктеу, жаттықтыру, шығармашылық, зерттеу өзіндік жұмыстары; 8)білім көздері мен оқытушының тарапынан бақылаудың дәрежесіне байланысты: оқулықтармен, оқу әдебиеттерімен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс; есептер шығару, жаттығулар, шығарма және сипаттама беру, қадағалау, және басқа да жұмыстар; 9) ЖОО-дағы оқу үдерісінің құрылымына байланысты: міндетті (оқу сабағының үдерісіндегі және сабаққа дайындалудағы) және қосымша өзіндік жұмыстар (студенттің жеке қызығушылығы мен бейіміне қарай міндетті оқу жұмыстарынан тыс); 10) аудиториялық СӨЖ түрлері: конспектілеу, алдыңғы үлгі бойынша өзі жазу, дәлелдеу (мысалы, теореманы), дәрістің логикалық карта-сұлбесін жасау, оқытушы сауалына жауап беру, пікірталасқа қатысу, проблемалық сұрақтарға жауап даярлау.

Аудиториялық СӨЖ оқу жоспары мен оқу пәнінің бағдарламасы арқылы анықталып, оқу кестесімен реттеледі, оқытушының тікелей жетекшілігімен дәрісте, семинарда, зертханалық жұмыстарда, коллоквиумдарда және т.б. жүргізіледі.

Өзіндік жұмысқа оқытушының тікелей қатысуына байланысты: оқытушы қатысуынсыз және оның жетекшілігімен жүргізілетін студенттің, өзіндік жұмыстары (СӨЖ, ОСӨЖ);

Аудиториядан тыс орындалуы міндетті өзіндік жұмыс түрлері: дәріс материалын қарау, конспектілеу, әдебиеттерді рефераттау, рефератты оппоненттеу, баяндама әзірлеу, кітаптар мен мақалаларға аңдатпа жазу, глоссарий құрастыру, ізденіс-зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындау, ғылыми-әдістемелік әдебиетті терең талдау, тәжірибе жүргізу, коллоквиумға, практикалық және семинар сабақтарына дайындалу, ғылыми немесе проблемалық хабарламалар мен шолулар, жоба әдісі, телекоммуникациялық жоба, оқыту бағдарламалары (жеке бөлімді/тақырыпты игерудің кезеңмен орындалатын оқу жоспары), шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды, диплом, курс жұмыстарын орындау.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оны нәтижелі орындату оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасқа, яғни оқытушының студентке дұрыс бағыт беретін, сабақтың өне бойына оны өнімді іске жұмылдыратын, керекті жағдаятты кәсіби тұрғыдан шешуге талпындыратын басшылығы мен кеңесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда бүкіл пәнге бөлінетін уақыттың үштен бірі өзіндік жұмысқа арналған болса, студенттердің оқытушымен бірге орындайтын жұмысының да көпшілігі олардың ізденушілігін күшейту мақсатына бағытталады.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру педагогикалық пәндерді, оның ішінде біздің зерттеуімізде «Мектепке дейінгі педагогика» мен «Педагогикалық шеберлік» пәндерінің мазмұнын кіріктіре оқытуға негізделіп отыр. Өзіндік жұмыстардың кәсіптік бағдарлылығын жетілдіру үшін осы екі пәннің мазмұн сабақтастығының үлкен мәні барлығын зерттеу жұмысымызда аша көрсетуге тырыстық. Әрине өзіндік жұмысты ұйымдастыруда студенттің қарым-қатынастық құзырлылығының алатын орны өте жоғары. Себебі, өзіндік жұмыс нәтижесінің қандай түрі болса да, ол тек қарым-қатынастық әрекет барысында бағаланады және нәтижесі қорытылады. Олай болса, студенттің жұмыс жасауға деген ынтасы мен оның орындаушылық қарым-қатысы ерекше орын алады [4].

Өзіндік жұмысты орындау барысында жаңа технологияларды қолдана білуінде де көп мән бар. Әсіресе, студенттер жұмысты орындау барысында олардың педагогикалық көзқарастары, дүниетанымы, жұмыс атқарудағы дербестігі (мақсатын өзі анықтау, атқаратын әрекетті таңдау, уақытты дұрыс пайдалана білу, өзін-өзі тексеру т. б.) оларды шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Бұл тұста студенттің белсенділігі басым орын алуға тиісті. Шығармашылықтың дамуына олардың педагогтік мамандыққа қызығушылығы мен қажеттігі көп әсер етеді.

Студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне олардың бос уақытының болуы да әсер етеді. Сондықтан да, өзіндік жұмысты шамадан тыс көп беруден гөрі оларды елеп-екшеп, іріктеп, ең керекті және студентке қосымша ұғым беретін, кәсібіне қарай бағыттауын түрлерін беру арқылы олардың қызығушылығын төмендетпей, керісінше орындау белсенділіктерін көтеретін түрлеріне баса көңіл аударған жөн.

Өзіндік жұмысты іріктеу кезінде студенттердің оқу үдерісіндегі педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері ескерілді.

Зерттеу тақырыбымыздың болжамын экспериментке қоймас бұрын өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіптік бағыттылығын қалыптастырудың компоненттерін, өлшемдерін және көрсеткіштерін айқындауға тура келді.

Ізденіс барысында өзіндік жұмыстар арқылы кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың төмендегідей компоненттерін негізге алдық: мотивациялық-құндылылық, мазмұндық, нәтижелік-бағалау.

Мотивациялық-құндылылық – түрлі формада ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар негізінде студенттерде кәсібіне деген қызығушылықтың тууы;

Мазмұндық – жаңа технологиямен оқытудың жаңа мазмұнына сәйкес өзіндік жұмысты саналы орындау кезінде әдіс-тәсілдерді сараптап қолдана алатын, өз ісінің қорытындысын жасау мүмкіндігі бар, өзіне -өзі баға бере алатын бағытты маман тұлғасын қалыптастыру;

Нәтижелік-бағалау – орындалған өзіндік жұмыстар нәтижесіне сын көзбен қарайтын, бағалау өлшемдерін жақсы меңгерген, өзінің және өзгенің ісін бағалай алатын тұлға қалыптастыру.

Бұл компоненттер негізінде өзіндік жұмыстар арқылы студенттерге кәсіптік бағыт берудің өлшемдері айқындалды: өзіндік жұмыстың құндылығын түсініп, оны орындауда белсенділік көрсету; өзіндік жұмысты орындау барысында студенттердің эмоционалдық сезімінің көрінісі; өзіндік

жұмыстардың кәсіптік мазмұнын түсіну; өзіндік жұмысты шығармашылық деңгейде орындау; өзіндік жұмыстардың нәтижесі мен тиімділігін көре білуі.

Өзіндік жұмыстың құндылығын түсініп, оны орындауда белсенділік көрсету өлшемінің көрсеткіштері: өзіндік жұмыстардың түрлеріне, өзінің кәсібіне қызығушылық; өзіндік жұмысты орындау барысында студенттердің эмоционалдық сезімінің көрінісі; түрлі өзіндік жұмыстарда өзінің кәсіби бағыттылығын көрсетуге ниеттенуі.

Өзіндік жұмыстардың кәсіби мазмұнын түсіну өлшемінің көрсеткіштері: өзіндік жұмыстардың түрлері, формалары, әдіс-тәсілдері туралы білімі; өзіндік жұмыстарды орындауда қажетті қасиеттер (жауапкершілік, ізденімпаздық) туралы түсінігі; конспект, баяндама, іскерлік ойындар, шығарма, реферат жазудағы шығармашылық [5].

Өзіндік жұмыстардың нәтижесі мен тиімділігін көре білуі өлшемінің көрсеткіштері: өзіндік жұмыстарды орындауда әр түрлі тәсілдер қолдана білу біліктілігі; өзіндік жұмыстарды орындау арқылы жүргізілетін кәсіби практикалық іс-әрекет; педагогикалық шеберлікті бағалау біліктілігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Студенттердің өзіндік жұмыстары арқылы кәсіби бағытын қалыптастыру ерекшеліктері. //Халықаралық ғылыми – практикалық конференция. Алматы, 2007. Б. 433-437.
- 2 Студентермен жүргізілетін сабақ кәсіби біліктіліктің бастамасы. //Халықаралық ғылыми – практикалық конференция. - Алматы, 2007. Б. 223-226.
- 3 Организация самостоятельных работ студентов. //Материалы научной - практической конференции, Ташкент, 2008 С. 82-85.
- 4 Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыс түрлері //Қазақстан жоғары мектебі, № 3. 2008. - Б. 25-28.
- 5 Студенттердің кәсіби бағытын қалыптастыру //Ұлт тағылымы, №3. 2008. Б. 20-22.

ЖОО-НЫҢ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДҰРЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Құрманбаева Д.Қ.
«Биология» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекші: Аятов А. С.

Кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру туралы Елбасы жолдауында «Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз» деп атап өтті. Ол үшін үкіметке бизнес қауымдастығы мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып, кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құруды тапсырды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында әр аймақта кәсіптік білім берудің еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауға, қайта даярлауға, кадрлар біліктілігін арттыруға бағытталған үш бағдары белгіленді. Кәсіптік білім беру саласын жұмыс берушілердің сұранысы мен еңбек нарығын бағдарлай отырып әрекет етуге бейімделуде.

Адамгершілік-рухани, патриоттық, сыр мен сымбат, еңбек пен өнер, ақыл-ой тәрбиесі. Соның ішінде біз еңбек пен өнер тәрбиесіне тоқталайық.

Педагогикалық колледжде еңбекке тәрбиелеу–тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, жасөспірімдердің қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты–жасөспірімдерге еңбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту.

Еңбекке тәрбиелеудің міндеттері:

- Еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау;
- Оқушыларды халық шаруашылығы салаларындағы еңбектің түрлерімен таныстыру, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру;
- Мамандықты таңдауға дайындау.

К.Д. Ушинский талаптарының ең бастыларының бірі – еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді Ушинский жастардың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысушылыққа және кәсіпке баулу маңызды іс деп санады [1].

Қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин педагогикалық тақырыптағы өлеңдері мен әңгімелерінде, аудармаларында өнімді еңбек – еңбек тәрбиесінің құралы деп тұжырым жасады.

Абай нағыз пайдалы еңбек деп әр түрлі қолөнерді, егіншілікті және білім алуды, оқуды есептеді. Ақыл-білім алу күрделі еңбек арқылы келеді деп философиялық тұжырым жасады.

Ол жастарды ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді маңызды рөлін ерекше бағалады. Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған.

Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрт түлік малды бағып-қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған.

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз–педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір жасөспірімнің қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс.

Кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрамды бөліктеріне (компоненттерге), кәсіптік ақпарат, кәсіптік ағарту жұмысы, кәсіптік ақыл-кеңес және кәсіптік іріктеу (профотбор), кәсіптік бейімделу жатады.

Кәсіптік ақпарат–орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі. Кәсіптік ақпарат арқылы жасөспірімдер әр түрлі

мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады. Мамандық бойынша адамға қойылатын талаптармен таныстырылады. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер беріледі.

Кәсіптік ақпараттың мазмұны, ұйымдастыру мен әдістері әр жас кезеңінде әр түрлі болады. Сондықтан да колледж студенттерінің жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу керек. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік ақыл-кеңес ерекше орын алады. Негізгі мақсаты – балалардың денсаулық, анатомиялық-физиологиялық және әлеуметтік психологиялық жағдайын талдау негізінде колледж студенттерінің назарына кәсіптік топтар мен мамандықтарды ұсыну. Кәсіптік ақыл-кеңес жұмысына ата-аналар құрамынан, шефтік мекемелер мен өндіріс орындарынан қызметкер мамандар тартылады. Кей жағдайда кәсіптік ақыл-кеңес жұмысы өндіріс орындарында, кәсіптік техникалық училищелерде өндірістік оқу цехтарында, кәсіптік бағдар беру кабинеттерінде жүргізіледі.

Бүгінгі заманда жұмысты жалпы адамзаттың құндылыққа, өзара түсінушілікке, ынтымақтастыққа бағдарлау мен құра білу табысты еңбек етудің кепілі болып табылады.

Кәсіптік ақыл-кеңес жұмысына ата-аналар құрамынан, шефтік мекемелер мен өндіріс орындарынан қызметкер мамандар тартылады. Кей жағдайда кәсіптік ақыл-кеңес жұмысы өндіріс орындарында, кәсіптік техникалық училищелерде өндірістік оқу цехтарында, кәсіптік бағдар беру кабинеттерінде жүргізіледі.

Кәсіптік білім көкжиегін кеңейтуге бағытталған 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі қағидалары жақында қабылданған 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасында да көрініс тапты. Педагогикалық колледждердің еңбек нарығына қажетті мамандар дайындағанда ғана бәсекеге қабілетті болатынын дәлелдеудің қажеті шамалы. Мұның барлығы кәсіптік білім берудің мазмұнын толық жаңартуға негізделген Елбасы Жолдауындағы тапсырмамен үндесіп жатыр.

Мамандық туралы жеткіліксіз білу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады [2].

ЖОО-да кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- Жасөспірімдерді көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру.
- Кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында жасөспірімдердің дара ерекшеліктерін зерттеу.
- Мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.
- Жасөспірімдерді белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Студенттерге кәсіби бағыттылықты қалыптастыру жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

Өзіндік жұмыс мәселесі бойынша біршама алыс және таяу шетел ғалымдары өз зерттеу жұмыстарының нысанасы еткен. Мәселен, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, Л.В. Усова т. б. өзіндік жұмыс түрлері мен мазмұнын жан-жақты зерттеген [3].

Студенттерің өзіндік жұмысының ғылыми-теориялық, әдістемелік жақтарын жан-жақты талдап, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері зор.

Өзіндік жұмыс үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалып қана қоймай, соңғы кездегі тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан алғанда бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және кәсіптік бағыттылығын қалыптастыратындай деңгейге көтерілуі оның түрлерін, ұйымдастырылу жолдарын, қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін педагогикалық тұрғыда теориялық және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануды керек етеді.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесін зерделегенде кәсіби қарым-қатынас ұғымына тоқталмай кетуге болмайды.

Кәсіби–педагогикалық қарым-қатынасты қалыптастыру мәселесіне талдау жасағанда кері қатынас барысында рефлексивтік жағдай төмендеп және диагностика нақты болмай қалуы мүмкін, бірақ бұл көбінесе ескеріле бермейді. Сол себепті педагогикалық қарым–қатынастың технологиясын толық шешу үшін коммуникативтік міндеттердің орындалу сатысы төмендегідей болуы мүмкін: қарым–қатынас жағдайына бейімделу; сырттағы адамдарды өзіне қарату; нысанның жан дүниесін жаулап алу; сөзіндік қарым- қатынасты іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты іске асыру;

Кәсіби бағыттылық ең алдымен теориялық материалдарды меңгеруге негізделуге тиіс. Себебі, теориялық материалдар негізінде ғана практикалық іс-әрекетке оның нәтижесін қолдану жүзеге аспақ. Педагогикалық пәндерге байланысты теориялық материалдар ең алдымен педагогикалық мамандық- тың басты шарттарын, оған қойылатын талаптарды үйретсе, одан әрі сол пәннің даму тарихы және оның оқытушыға беретін сапаларын талдайды. Кез келген педагогикалық жағдаятты шешудің жолымен, әдіс–тәсілімен таныстырады. Сондықтан да студент осы арқылы нені шешетінін, оның неге керектігін, не үшін қажет екенін, оны орындаудың әдіс–тәсілін меңгеріп, педагогикалық мәнін түсінеді.

Кәсіби бағыттылығы әлі қалыптаспаған студенттің мұндай қиындыққа кездесуі олардың өздігінен жұмыс атқаруға деген ынтасын төмендетеді, өзіндік жұмыстың үстірт орындалуына, оның мақсатын жете түсінбеуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар, өзіндік жұмысты студенттің мүмкіндігіне қарай даралап беру жолға қойылмай отырғандығы белгілі. Бүкіл аудиторияға ортақ жұмыс түрлерінің басым болуы осы кезге дейін негізгі орынды алуда. Мұндай тапсырмаларды орындау үстінде студенттер оқулықтар мен қосымша әдебиеттердегі материалды қопарып көшіріп, семинарлық сабақта оны оқып берумен шектеледі.

Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалынған теориялық талдау «студенттің өзіндік жұмысы» ұғымының бірімәнді анықталмағанын, оны анықтауда әртүрлі тұрғыдан қарап, түрлі әдістер болғанын көрсетеді. Өзіндік жұмыстың анықтамасының негізіне әр автор

әртүрлі белгілерді алады. Оларды тұтас қарастырғанда ғана маңызды, бірақ жекелей алғанда толыққанды анықтама бола алмайды.

Студенттердің өзіндік жұмысына(СӨЖ) берген түрлі анықтамаларды саралай келе, студенттердің өзіндік жұмысы— жоғары мектептің оқу үдерісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады.

Өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытты және нәтижесін айқындайтын критерилерін саралаудың да өзіндік ерекшелігі бар.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оны нәтижелі орындату оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасқа, яғни оқытушының студентке дұрыс бағыт беретін, сабақтың өне бойына оны өнімді іске жұмылдыратын, керекті жағдаятты кәсіби тұрғыдан шешуге талпындыратын басшылығы мен кеңесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда бүкіл пәнге бөлінетін уақыттың үштен бірі өзіндік жұмысқа арналған болса, студенттердің оқытушымен бірге орындайтын жұмысының да көпшілігі олардың ізденушілігін күшейту мақсатына бағытталады. Жалпы кредиттік жүйе бойынша білім беруге көшудің мақсаты-студенттердің өздігінен білім іздеуіне, білімді молайтуына, оны тереңдетуге негіз салу болып отыр [4].

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыс студенттің оқу әрекетіне ене отырып, студенттің алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешудің жолын іздеуін, әрекет етуін, ойлауын, ой қорытуын, нақты нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз ететіндігі белгілі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру педагогикалық пәндерді, оның ішінде біздің зерттеуімізде «Мектепке дейінгі педагогика» мен «Педагогикалық шеберлік» пәндерінің мазмұнын кіріктіре оқытуға негізделіп отыр. Өзіндік жұмыстардың кәсіптік бағдарлылығын жетілдіру үшін осы екі пәннің мазмұн сабақтастығының үлкен мәні барлығын зерттеу жұмысымызда аша көрсетуге тырыстық. Әрине өзіндік жұмысты ұйымдастыруда студенттің қарым-қатынастық құзырлылығының алатын орны өте жоғары. Себебі, өзіндік жұмыс нәтижесінің қандай түрі болса да, ол тек қарым-қатынастық әрекет барысында бағаланады және нәтижесі қорытылады. Олай болса, студенттің жұмыс жасауға деген ынтасы мен оның орындаушылық қарым-қатысы ерекше орын алады [5].

Өзіндік жұмысты орындау барысында жаңа технологияларды қолдана білуінде де көп мән бар. Әсіресе, студенттер жұмысты орындау барысында олардың педагогикалық көзқарастары, дүниетанымы, жұмыс атқарудағы дербестігі (мақсатын өзі анықтау, атқаратын әрекетті таңдау, уақытты дұрыс пайдалана білу, өзін-өзі тексеру т. б.) оларды шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Бұл тұста студенттің белсенділігі басым орын алуға тиісті. Шығармашылықтың дамуына олардың педагогтік мамандыққа қызығушылығы мен қажеттігі көп әсер етеді.

Студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне олардың бос уақытының болуы да әсер етеді. Сондықтан да, өзіндік жұмысты шамадан тыс көп беруден гөрі оларды елеп-екшеп, іріктеп, ең керекті және студентке қосымша ұғым беретін, кәсібіне қарай бағыттайтын түрлерін беру арқылы олардың қызығушылығын төмендетпей, керісінше орындау белсенділіктерін көтеретін түрлеріне баса көңіл аударған жөн.

Кәсіптік бағыт беру саласы күрделі де алуан түрлі. Ол экономикалық, әлеуметтік, психолого-педагогикалық т. б. қатынастарды қамтиды. Кәсіптік бағыт беру ісін жүргізу кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты. Колледжде кәсіптік бағыт беру оқу-тәрбие үрдісінің құрамды бөлігі ретінде қаралады.

Кәсіптік бағдар беру проблемасы әдістері жөнінен-педагогикалық, мазмұны жөнінен-әлеуметтік, қорытындысы жөнінен-экономикалық, масштабы (көлемі) жөнінен-мемлекеттік болып табылады. Оның мынадай аспектілері бар: экономикалық, әлеуметтік, медицина-физиологиялық, педагогикалық [6].

Кәсіптік бағдар беру проблемасы көп аспектілі болғанымен, ол ең алдымен педагогикалық іс. Оның міндеттерін шешудің дәл ортасында педагог, мектеп және колледждер тұруға тиіс. Әрине, кәсіптік бағдар беру проблемасын талдау физиология, әлеуметтану, экономика т. б. ғылымдардың мәліметтеріне сүйеніп жасалады. Кәсіптік бағдар мәселелерін А.Е. Голомшюк, Ж.Р. Баширова, С.Н. Чистякова т. б. қалай қарастырғандарына тоқталайық. Кәсіптік бағдардың экономикалық аспектісі мына мәселелерді зерттейді:

- Қазіргі кез бен болашақ қоғамдық еңбек өрісіндегі (сферасындағы) еңбек ресурстарының демографиялық құрылымы;

- Мамандық өзгеруіне қарай кәсіптік бағдар берудің негізгі тенденциялары (жұмысшы күшіне мұқтаждықпен байланысты);

- Жергілікті ерекшелікпен, квалификациямен, мамандықпен байланысты қазіргі және келешектегі жұмысшы күшіне мұқтаждық;

- Кәсіптік бағдар берудің экономикалық тиімділігі.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді зерттеу кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мазмұны мен бағыттарын ғылыми негізде үшін қажетті.

Мамандық таңдаудың әлеуметтік аспектісі төмендегі мәселелерді зерттеп, анықтауды қамтиды:

- ✓ Жастардың мамандық бағытын қалыптастыру үрдісіндегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік үрдіс талабы;

- ✓ Әртүрлі мамандықтардың маңызын қалыптастырып, қоғамдық пікірлердің себебі болып отырған факторлар;

- ✓ Өндірістегі мамандықтардың орнығуына мүмкіндік жасайтын әлеуметтік және моральдық жағдайлар.

Жастар арасында кездесетін кейбір жағдайлардың себебі мен кәсіптік бағдар берудің әлеуметтік тамырын бізге әлеуметтік зерттеулер ашып береді (жұмысшы мамандығын төмен бағалау, өмір жолын таңдауда сән қуулық т. б.).

Кәсіптік бағдардың психологиялық аспектісі мына мәселелерді зерттеуді қажет деп біледі:

- ❖ Жеке бастың негізін және құрылымын, оның типологиясын, жеке бастың ерекше кәсіптік бағдарын бағалау мен оны анықтаудың әдістері;
- ❖ Мамандыққа жарамдылығының психологиялық мәнін және оны қалыптастырудың мүмкін жолдарын айқындау;
- ❖ Еңбек, кәсіптік мамандық түрлеріне баулу [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Павлютенков Е. М. Профориентация учащихся. Киев, 1983. – 153с.
- 2 Методические рекомендации. Составители: Кочеткова С. П ., Швецова В. В ., Красноярск . -1996. - с. 44.
- 3 Студенттердің өзіндік жұмыстары арқылы кәсіби бағытын қалыптастыру ерекшеліктері. // Халықаралық ғылыми – практикалық конференция. - Алматы, 2007. Б. 433-437.
- 4 Студенттермен жүргізілетін сабақ - кәсіби біліктіліктің бастамасы. //Халықаралық ғылыми – практикалық конференция. - Алматы, 2007. Б. 223-226.
- 5 Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыс түрлері //Қазақстан жоғары мектебі, № 3. 2008. - б. 25-28.
- 6 Студенттердің кәсіби бағытын қалыптастыру // Ұлт тағылымы , № 3. 2008. - б. 20-22.
- 7 Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістері. //Наука и новые технологии. №9. 2009, Бишкек. С. 137-139.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алидарова А.Н.

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Мүсірова Г.Б.

Баланың құштарлығы өзін қоршаған әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған. Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады. Бастауыш сынып жасы - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың кейбір ерекшеліктері жылдар сайын жойылып отырады, кейбір ерекшеліктерінің маңызы өзгереді. Мұндай жағдайдың балалардың бойында көрініс табуы олардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде болатынын атап көрсету қажет. Міне, балалардың танымдық мүмкіндіктеріне өзіміз қарастырған осы

ерекшеліктер зор ықпал етеді және ол баланың жалпы дамуының келешегінің алғы шарты болып табылады [1].

Оқу белсенділігінің әдіснамалық негізі – **таным теориясы** болып табылады. **Танымның мақсаты** – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі болып табылады. Жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл таным процесінің ең жалпы үлгісі. Алайда, белсенді танымның ерекшелігін түсіну үшін, ең алдымен таным процесінің ағымдық сипаты мен субъектінің бір-бірінен ерекшеленген толық бейнесін, таным субъектінің санасындағы шынайы дүниенің бейнеленуінің (репродуктивті және продуктивті) екі деңгейін белгілеу қажет. Таным объектісі (оқу материалы) репродуктивті деңгейде сырттай қалай берілсе, онда сол күйінде қабылданады. Кейбір зерттеушілер репродукцияны бір енжар нәрсе сияқты қарайды, әрине ол шындыққа ұласпайды. Оқушының білімді және әдістерді меңгерудегі мақсатты бағытталған еске түсіру іс-әрекеті оқушылар жағынан әр уақытта белсенді болып келеді, тек бұл белсенділіктің деңгейі әртүрлі болады (мысалы, оқушының шынайы оқу қабілеті жоғары болғанымен, оның төмен көрсеткіш көрсетуі). Сонымен бірге еске түсіру – жаңарту әрекетінің басқаэлементтерінің сипаты болуы мүмкін (Т.И. Шамова). Дидактикалық тұрғыдан еске түсіру әрекеті бұрынғы өтілген материалдың бірнеше рет қайталануынан, әртүрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы іске асады. Танымдықтың жоғары деңгейі – бұл нәтижелі белсенді танымдық. Бұған тән ең алдымен субъектінің (оқушының) таным объектісіне (оқу материалына) деген жаңаша қарым-қатынасы. Бұл әрекет барысында ықпал жасау объектісі ғана емес, сонымен бірге оқытудың мақсаты үшін оқушы – субъектінің ықпал жасауы өте маңызды. Белсендітанымдық кезінде оқушы оқып-үйреніп жатқан материалдың мазмұнына тың мәселелерді көтеріп, жаңа сұрақтар қояды, оны шешуде жаңа әдіс-амалдарды іздейді. Таным процесі оқушылардың құбылыстар туралы терең білуі ғана емес, меңгерілген білімнің және таным процесінің өзіне деген тұлғалық қатынасын қалыптастыру және оны ерекше ұғынуы. Сонымен қатар, белсенді танымдық әрекетте, білімді, дағдыны және іскерлікті меңгеріп қана қоймай, таным нәтижесінне және процеске деген әсерлі – бағалау қатынасын орнату.

Танымдық белсенділік танымдық әрекетпен үйлеспейді. Оны таным процесінің қатынасын білдіретін, субъектінің тұлғалық білімі, психикалық жағдайы ретінде қарастыру қажет. Танымдық белсенділік жеке тұлғаның қасиеті ретінде іс-әрекет барысында көрінеде және қалыптасады. Бұл ұғымдардың арасындағы қарым-қатынасты бірен-сараң сәйкес келу қарым-қатынасы ретінде анықтауға болады. Танымдық белсенділік оқытудың ағымдық сипатын және қарқындылығын қаматасыз етеді. Бұл танымдық іс-әрекетте көрінеді және қалыптасады, бірақ бұл құбылыстар (ұғымдар) ұқсастығын білдірмейді. Танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы төмендегідей компоненттермен ерекшеленеді: оқу тапсырмаларын орындауға дайындық; өзіндік іс-әрекетке ұмтылуы; тапсырма орындаудағы саналылық; оқытудың жүйелілігі, өзінің тұлғалық деңгейін көтеруге ұмтылысы және т. б. Белсенділікпен қатар оқушылардың оқуға деген қызығушылығының тағы бір маңызды қыры ашылады, яғни олардың мұғалімдер мен үлкендердің көмегінсіз

объектіні, құралды анықтауға байланысты іс-әрекетті жүзеге асырудағы дербестігі. Танымдық белсенділік пен оқушылардың дербестігі бір-бірінен ажыратқысыз: неғұрлым белсенді оқушылар, соғұрлым дербес; оқушылардың жеткіліксіз дербестігі басқаларға тәуелді етеді және дербестіктен айырады.

Г.А. Цукерманның айтуынша: – Егер мұғалім баланы, оқуға үйреткісі келсе, ол оларға тек ғана білім беріп қоймай, шеберлік пен дағды да қалыптастыру керек [2].

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш оқушыларының психикасын дамыту мәселесі. Бала психикасының дамуын зерттейтін констатациялық серияның міндеттері:

1. Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау.

2. Оқытуға дейінгі сақталу принципінің деңгейін анықтау.

3. Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

К.Д. Ушинский: «...ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», – деп жазған. Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Ол даму оқушының танымдық әрекеті арқылы жүреді, яғни, оқушы өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Педагогикалық – психологиялық әдебиеттерде білімнің рөлі, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі. Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф. Талызина, В.В. Давыдов, П.Я. Галперин, Ю.К. Бабанский, А.В. Усова, Д.Б. Эльконин, Л.Е. Шубина, Б.П. Есипов, М.А. Данилов, И.Я. Лернер, Л.В. Занков, М.И. Махмудов А.А. Люблинская, А.Н. Леонтьев еңбектерінде қарастырылған [3].

И.П. Подласый, 6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кез деп есептейді. Әр жастағы, оның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, керісінше, бұл ерекшеліктер баланың бұдан 18 бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге даярлап отырады. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімі бастауыш сынып оқушысының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепте дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарамайды және бұдан былайғы даму перспективаларын көрмей тұра алмайды. Дамудың өзі денелердің кеңестікпен уақытта жай өзгеруі ғана емес, ол өзінің үдемелілігімен, төменнен жоғарғыға, азырақ ұйымдасқаннан неғұрлым ұйымдасқанға, қарапайымнан күрделіге ауысымен көзге түсетін жаңадан кері айналмайтын үрдіс. Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалыптастырады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамсыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготский дамудың өзекті және іргелідеп екіге бөлді. Өзекті дамуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды.

Әр жастағы, оның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, керісінше, бұл ерекшеліктер баланың бұдан 18 бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге даярлап отырады, Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімі бастауыш сынып оқушысының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепте дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарамайды және бұдан былайғы даму перспективаларын көрмей тұра алмайды. Дамудың өзі денелердің кеңестікпен уақытта жай өзгеруі ғана емес, ол өзінің үдемелілігімен, төменнен жоғарғыға, азырақ ұйымдасқаннан неғұрлым ұйымдасқанға, қарапайымнан күрделіге ауысымен көзге түсетін жаңадан кері айналмайтын үрдіс. Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалыптастырады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамсыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготский дамудың өзекті және іргелідеп екіге бөлді. Өзекті дамуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды [4].

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Астана-2005ж.
2. Қоянбаев Ж. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. Алматы: Рауан, 2003 ж.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2010 ж.
4. Петровский А. В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Алматы, Мектеп, 2007ж.

**«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ
АЛАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Абилхайрова А. А.

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Какина Д.Ш.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың қатарына кіреді. Стратегияға сәйкес дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі өзекті болмақ. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» әлеуметтік жобасын ұсынған болатын. Бұл жоба «Серпін-2050» деп аталады.

«Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында [1] жаһандық деңгейдегі дағдарыс кезінде елімізді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың шешуші міндеттерін көрсетіп,

өткен ғасырдың 60-жылдарынан кеңінен тараған тұтынушылық қоғам тұжырымдамасы орнына балама ретінде Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ұсынды. Сонымен қатар, «Елімізде жұмыс орындарын құрудамыз, жана өндірістер салудамыз. Сондықтан, жұмыс бар жерге бару керек» -деп көрсетті.

Мемлекет басшысының осы идеяларын негізге ала отырып Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап арнайы бағдарлама қабылдады. Бүгінгі «Мәңгілік Ел Жастары – индустрияға» Мемлекеттік бағдарламасы осы бір бастамаға үндеу қосып, барынша жастарға қолдау көрсету болып табылады.

Бейімделу процесі аса динамикалы болып табылады. Оның жетістігі көбінде объективті, субъективті оқиғаға, функционалды жағдайға, әлеуметтік тәжірибеге, өмірлік бағдарға және т. б. байланысты. Әрбір адамға сол әсер еткен стимул әр түрлі адамдарда түрлі жауап реакциясынтудыруы мүмкін. Тұлғаның әлеуметтік - психологиялық бейімделу мәселесі психология ғылымындағы және психология ғылымының басқада аймағындағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады [2].

Адамның бейімделу ерекшелігі «әлеуметтік әлемге бірте-бірте енуі мен» мінез – құлық, жүріс – тұрыстың әлеуметтік ережелерін меңгеру процесі мен адамның әлеуметтенуімен байланысты болады. Негізінде әлеуметтік бейімделу әлеуметтенудің маңызды механизімі болып табылады.

Әлеуметтену және тұлғаның бейімделуі жақын түсініктер, қоғам мен тұлғаның өзара әрекеттесуінің бірыңғай процесін сипаттайды, сондай-ақ әлеуметтену түсінігі бейімделу түсінігінен аумақты болып табылады. Әлеуметтену - тек тұлға болуы мен жалпы дамуы мен ғана жиі байланысады, ал бейімделу - қалыптасып қойған тұлғаның икемделу процесі мен байланысады. «Бейімделу және әлеуметтену» түсінігінде мазмұнына байланысты мәнді айырмашылықтар бар. Бейімделу адамның жаңа заттық іс - әрекет жағдайына икемделуі, дағдылануы, әлеуметтенуі тұлғаның қалыптасу процесінен көрінеді [3].

Столяренко Л. Д. тұлғаның әлеуметтеу сатысын қарастырғанда, бірінші сатыны – біріншілік әлеуметтену немесе бейімделу сатысы деп көрсетеді. Адамның әлеуметтік бейімделуі жеке позицияны, әлеуметтік статусын түсінуін, сондай - ақ оны мен байланысты ролдік мінез - құлық түрі ретінде жалпы топтық міндеттерді шешу процесінде тұлғаның дара ерекшеліктерін жүзеге асыруды қарастырады [4].

Тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ережелерді қайта орнатуға, әлеуметтік пайдалы қарым - қатынас, мінез - құлық, іс-әрекеттің өзгеруіне бағытталған. Психологиялық бейімделу - әлеуметтік қажетті құндылық бағдар және мінез - құлықты меңгеру, әлеуметтік ортаның күтілімдері мен тұлғаның бағыттылығын, бағдарын жақындаттыру. Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір - бірі мен үздіксіз байланыста [5].

Қазіргітаңдағы ғылым мен тәжірибеде бейімделу түсінігі студенттердің дайындығының тиімділігін жоғарлатуәдісін өңдеумен айналысады. Студенттердің бейімделуі білім берудің фундаменталді сурақтарының қатарына жатады. Демек, бәсекеге қабілеттімамандарды даярлау жеке тұлғаның дамуы, мамандандыру, студенттердің әлеуметтенуі. Оқу орындарында «серпін»

бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің бейімделуінің сәтті болуынан студенттердің мамандануы жақсы қалыптасады және қоғамдық ортада дамуы жүзеге асады.

Бейімделудің біріншілік және екіншілік деген түрлері бар:

1. Біріншілік - бұл кәсіби іс-әрекетте тәжірибесі жоқ (ЖОО түлектері) жас мамандардың бейімделуі.

2. Екіншілік - кәсіби іс - әрекетте тәжірибесі бар (жұмысты мәжбүрлі ауыстыру жағдайында) мамандардың бейімделуі.

Әлеуметтік - психологиялық бейімделу дегеніміз - жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, кәсіби тұлғааралық байланыстар мен қатынастар жүйесіне қосылу, жаңа әлеуметтік ролдерді мінез - құлық нормаларын, топтың норма және құндылықтарын меңгеру, өзін кәсіби ортаға теңестіру.

ЖОО-да оқып жүргенде студенттердің бейімделуіне әсер ететін факторлар:

1. Студенттердің шамадан тыс күш жұмсауына әкелетін бейімделудің бір факторы - көптеген оқу пәндерінің оқу кезіндегі ғылыми деңгейі ұлғайып тұратын үлкен көлемдегі әр түрлі ақпарат және еңбектің қарқындылығы. Біздің еліміздегі жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің оқу жүктемесі академиялық нормаларға сәйкес жұмасына 36 сағаттан аспауы қажет. Бірақ шын мәнінде ол 40-42 сағатты құрайды. Сонымен қатар, оқу жүктемесінің біркелкі бөлінуі байқалады. Хронометриялық бақылауларға сүйенсек I және II курстарда студенттердің жұмыс күні 10 сағатты құрайды, олар күніне 7 сағаттан кем ұйықтайды, өздік жұмыстарға 3-4 сағат бөлінеді. Үйге берілген тапсырмалар көбінесе кешкілік уақытта және демалыс күндері орындалады.

2. Екінші фактор - стрессогенді. Студент әрқашан эмоционалды факторлардың әсерінде болады. Ол қиын сәттерді бастан өткізу мен алға қойған мақсатқа жетуімен байланысты. ЖОО-ғы оқу, әсіресе, емтихандар уақытында эмоционалды стресске алып келуі мүмкін. Емтихандар уақыты студенттің бейімделуіндегі қиын да күрделі кезең. Бұл уақыт жеткіліксіздігі мен емтиханды тапсыра ма жоқ па екенін анықтайтын жауапкершілігі өте жоғары болып табылатын стрессті жағдайлардың бірі.

3. Студенттердің бейімделуінің келесі факторы – қозғалыс белсенділігінің төмендеуі (гиподинамия). Бұл шектеулі қозғалысты талап ететін жұмыс жағдайы. «Гипокинезия» термині тек қана қозғалыстың аздығымен сипатталатын жұмысқа ғана емес, бұлшықет жұмысына энергияның аз жұмсалуына, бір қалыпта жұмыс істеуге, қозғалыстың біртектілігіне де байланысты. Осының бәрі студенттерге тән. Гипокинезияны әр түрлі гипертониялық аурулар мен патологиялық күйлердің пайда болуына әсер ететін фактор ретінде қарастыруға болады.

Қорыта келгенде, заман талабына сай, студенттердің оқу орындарында бейімделу процесінің дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни студенттің оқу үдерісі кезіндегі әр түрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болу, басқа студенттермен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивация мен білімін әрдайым заманың талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылатынын атап көрсетті.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Шайхова М. Жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелері /М. Шайхова //Ұлағат. - 2004. - № 1. - 49-51 б.
2. Чичулин А. А. Социальная психология / А. А. Чичулин. - Новосибирск: Наука, 2004.
3. Соляренко Л. Д. Основы психологии / Л. Д. Столяренко. - 2-е изд. - Ростов н/Д: Феникс, 1997.
4. Маклаков А. Г. Общая психология / А. Г. Маклаков. - СПб. : Питер, 2002.

ВИРТУАЛЬНОЕ ОБЩЕНИЕ ПОДРОСТКОВ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ, В ГРУППАХ СМЕРТИ

Абдурахманова Р.

Студент IV курса специальности «Педагогика және психология»

Научный руководитель: Бондарева Т. О.

Актуальность проблемы виртуального общения подростков в социальных сетях, а именно в группах смерти очевидна. Так как все чаще в последнее время стала появляться информация в СМИ, что социальные сети вредят здоровью молодежи и отупляют современное поколение. И нам, как активным пользователям, захотелось узнать: социальная сеть – лучший друг, тайный враг или помощник?

Интернет объединяет огромное количество людей, позволяет получить максимум информации. Если совсем недавно подростки и школьники в целом задавали вопросы родителям, то сейчас они понимают, что могут получить более развернутый ответ в сети. В интернете они слушают музыку, просматривают видео, ищут информацию для обучения и подготовки к проблемам в Интернете. Здесь они также ищут друзей по интересам, и им кажется это более удобным, чем заводить реальных друзей. Многие подростки пытаются спрятаться в Интернете от собственных комплексов, неуверенности. Все они подсознательно боятся осуждения со стороны общества, сверстников и авторитетных личностей. Сеть для них – это возможность проводить эксперименты. Например, перед тем как кардинально изменить имидж, можно выложить селфи и посмотреть на реакцию окружающих [1].

Таким образом, мы считаем что общение в интернете – это нормальное взаимодействие современного человека с обществом, и оно не несет негативных последствий в обычном проявлении, но есть другие ситуации. Мы считаем что, самое важное для подростков в соцсетях – это, с одной стороны, общение с друзьями и сверстниками, а с другой стороны – поиск себя.

Зависимыми от соцсетей могут быть также застенчивые подростки, у которых не сформированы навыки общения и разрешения конфликтных ситуаций. Бывает, что именно при общении в интернете робкий человек может раскрыться, но так или иначе, не нужно заменять реальное общение на виртуальные контакты. Точно так же, как и раньше, подростки задают множество вопросов, но теперь уже не родителям, а Гуглу и Википедии. Хорошо это или плохо? [2]

Влияние социальных сетей на подростков может быть как позитивным, так и негативным. Почти всегда отрицательных факторов становится больше. У подростков появляется зависимость от виртуального мира. Вечерние прогулки по городу, посещение культурных мест, кафе теперь с легкостью заменит вербальное общение в сети. Такой путь приводит к аутизму и полной деградации личности, как составляющей общества.

При злоупотреблении сетью у подростков на подсознательном уровне развивается фобия (страх) общения с реальными людьми. Подростки стесняются знакомиться в жизни с противоположным полом, возникают трудности с речевыми оборотами. Ведь гораздо проще зайти в Интернет и написать сообщение невидимому объекту. Становится сложно заводить новых друзей. Общение современных подростков мутирует в сторону подмены истинных чувств и ощущений на виртуальные переживания [3].

Добавляя себе в друзья незнакомцев, подростки становятся потенциальными жертвами обмана. Как обезопасить детей от вредных и опасных групп в социальных сетях? Этот вопрос волнует сейчас многих. Вступают в игру в основном дети из благополучных семей, у которых с виду всё хорошо: и в школе отличник, и дома прилежный сын. Бить тревогу и мучить ребёнка вопросами на эту тему не стоит. Многие подростки даже не подозревают о существовании так называемых «групп смерти», а те, кто знает, вряд ли признаются. Тогда сразу же возникает вопрос: «Как проконтролировать своего ребёнка в интернете и предупредить опасность?».

Но нынешние подростки не расстаются с телефонами даже ночью. Смартфон сторожит их сон возле подушки и всегда находится под рукой. Такая ситуация стала нормой, и родители вряд ли смогут с ней что-то поделать. Забрать гаджет и оставить ребёнка без интернета – значит сделать его изгоем среди друзей и обозлить на весь мир, потому что именно там сейчас проходит вся его жизнь и общение с ровесниками. Хотя этот факт не отменяет того, что всемирная паутина таит много опасностей, от которых нельзя застраховаться. Если раньше заботливые мама и папа переживали только о том, что их чадо может подраться на улице, то сейчас к списку опасностей добавилось вступление в «группы смерти». Это пугающее название появилось в интернете ещё в прошлом году. Тогда стало известно, что существуют некоторые сообщества, подстрекающие подростков к самоубийству через игру. Дети заявляют, что готовы принять в ней участие, а куратор присылает различные задания. Если выполнил первое, то после него приходит второе и так далее, пока не случится непоправимое. На первом этапе молодым людям предлагают нацарапать на руке синего кита. И чем дальше, тем страшнее становятся испытания [4].

Что же могут предпринять родители?

Все вышесказанное доказывает, что чрезмерное использование подростками сети Интернет служит причиной их отрыва от других социальных занятий. В числе самого обычного влияния этих технологий на подростков можно указать на резкое снижение успеваемости, отсутствие режима здорового питания, увеличение психических расстройств, снижение социальной активности, снижение уровня общения с людьми и старшими возрастными группами, нарушение закона, грубость, нервную головную боль и прочее.

Зачастую подростки без родительских нотаций осознают минусы сетей – например, они способны понять, что в чрезмерных дозах это вызывает привыкание. Они осознают также, что кроме вещей по-настоящему интересных интернет содержит массу спама и глупостей. Они в курсе, что некоторые сообщества способствует разжиганию межнациональных конфликтов, подстрекают к курению, алкоголю и употреблению наркотиков. Подростки признают, что в сетях много рекламы, а также тот факт, что они отвлекают от реальной жизни. Например, если ребенок предпочитает все чаще сидеть в «Контакте», а не гулять на улице, то порой сам об этом сожалеет!

Для начала необходимо запастись терпением и не злиться, а признать, что у ребенка могут быть потребности, превышающие интерес к родителям. Чтобы этот интерес возник, нужно заинтересовать подростка, не требуя от него постоянного внимания, а предлагая новые формы взаимодействия. Но сначала ответьте честно сами себе на такие вопросы: что вам нужно от ребенка? Чтобы он вас выслушал и проявил сочувствие? Предпочел общение с вами общению с друзьями? Если вам необходимо всё это сразу – это невозможно [4].

Если же подросток перестает следить за собой, за своей успеваемостью, не делится своими планами на будущее, меньше общается с друзьями, замыкается в себе – это признаки того, что пора бить тревогу. Нельзя уходить от проблемы и делать вид, что ничего не происходит. Необходимо окружить ребенка заботой и вниманием. Именно участие и забота являются мощнейшими ободряющими средствами. Очень важно сосредоточить внимание на том, что говорит ребенок или, что он чувствует. Когда беспокоящие скрытые мысли выходят на поверхность, то проблемы кажутся менее фатальными и более разрешимыми. Также необходимо вселить надежду, не дать остаткам оптимизма уйти и ввергнуть подростка в полное отчаяние. В подростковом возрасте проблемы часто кажутся неподъемными, если с ними приходится справляться в одиночку. Важно внушить своему ребенку, что не стоит принимать скоропалительных решений, потому что «все непосильные ноши со временем станут не больше, чем просто прошлым». А пути решения проблем найдутся всегда, особенно если он не один и в любое время может найти у своих близких поддержку и понимание.

А если вы хотите наладить прочный душевный контакт, понять его, узнать, чем он живет, нужно действовать иначе. Например, что либо рассказывая или сообщая ребенку, можно использовать тактильный контакт. Это задействует дополнительные рецепторы и позволит быть внимательным к себе и к вам [5].

При разговоре важно спрашивать: «Тебе интересно то, о чем я говорю?» И быть готовым закончить разговор, если ему скучно.

Нужно проявлять искренний интерес к увлечениям подростка, иметь приблизительное представление о популярных темах его разговоров с друзьями, – это позволит говорить с ним на одном языке. Следует честно заявлять о своем отношении к тому, о чем он рассказывает. Если вам это кажется глупым или не заслуживающим внимания – так ему об этом сказать. Не надо обманывать и изображать поддельную заинтересованность – дети тонко чувствуют ложь и вообще перестанут вам доверять.

Еще один важный момент – родителю хорошо иметь собственное увлечение, в которое не обязательно включен подросток. Это должно быть реальное хобби. Нужно иметь свою жизнь, небольшой кусочек, отдельный от ребенка. Родитель, увлеченный чем-то всерьез, вызывает больше любопытства и желания приблизиться, чем тот, который всецело поглощен жизнью своего чада [6].

Если хотите сблизиться с ребенком через его увлечения, то ищите в них то, что вам интересно самому. Говорите, спрашивайте, обсуждайте – поддерживайте контакт! В противном случае родитель будет восприниматься подростком как опасный враг, который лезет в его жизнь, пытаясь вывести его тайны.

Список использованной литературы:

1. Все останутся, а я уйду. Суицидальная мания подростков: кто виноват и что делать. URL: <http://wsmagazine.ru/post/675/relations-vse-ostanutsya-a-ya-ujdu>
2. Профилактика суицида в школе. Семинар для педагогов. URL: <http://psy.5igorsk.ru/obrazovanie/profilaktika-suicida-v-shkole.html>
3. Подростковый суицид. . . В чем причина и как предотвратить его. URL: <http://spanovka.ru/roditeljam/podrostkovyi-suicid-v-ch-m-prichina-i-kak-predotvratit-ego.html>
4. Подростки в социальных сетях. https://nsportal.ru/sites/default/files/2014/01/03/podrostki_v_sotsialnykh_setyakh.docx
5. «Психология, влияние социальных сетей на подростков» <https://studwood.ru/psihologiya/>

ПЕЙЗАЖ ЖИВОПИСІ

Бектұрсын А. Б.

«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының І курс студенті

Ғылыми жетекші: Жарасқанов Қ. С.

Эстетикалық сезім – адам өмірінде зор рөлатқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғарғы рухани ләззаттануға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты қалыптастыру – тәрбие барысында зейін салуды, күн санап өсіруді талап ететін мәселе. Адамға тек қана өнердің емес, еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың әсемдік жақтары ықпал етеді.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезден бастап әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар құрбысына, ересектерге еліктейді, балалардың өз еңбек іс-әрекеттері тиімді және саналы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді.

Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы зор. Эстетикалық таным, бұл – өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғарғы талап қою [1; 30]

Мектепте эстетикалық тәрбие беру мен оқытудың негізгі міндеті – қазақтың халықтық педагогикасы материалдарын пайдалану арқылы оқушылардың жан дүниесін байыту, ұлттық, мәдениетке, ұлттық өнерге, өз халқының әдет-ғұрпы мен дәстүрін сүйіспеншілікпен қарауға баулу, жеке адамның эстетикалық мәдениеті мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, оқушыларға қоғамдық құбылыстар мен өнерді бағалауға дұрыс бағдар беру. Бұл мектептегі эстетикалық тәрбие жұмысының өзегі барлық балалар үшін міндетті бейнелеу өнері, музыка, эстетика сабақтары болып табылады.

Бейнелеу өнері – эстетикалық тәрбиенің ең ықпалды және өзгермейтін басты құралы. Эстетикалық тәрбие барысында: баланың жас кезеңдеріндегі эстетикалық қабылдау қабілетін үздіксіз дамыту және талғамын қалыптастырып отыру; баланы өмірдің көңілді сәттерін сезе білуге, жағымды да сазды әуендерді тыңдай білуге және оларды сүйе білуге баулу міндеттерін орындау керек. Эстетикалық тәрбие баланың жас кезеңдеріне байланысты әр түрлі дамиды. Оның өзі баланың белгілі бір нәрсеге әсерлену сезімімен байланысты болады. Мектепке дейінгі жаста баланың байқампаздығы айқындала түседі, сурет салуға, музыкаға деген қызығушылық бояулардың түрлерін, әртүрлі формаларды, сызықтарды айыра білу, естіген әуенін еске түсіру қалыптасады. Заттың эстетикалық жағына бала тек әуестік, танып білу, қызығушылықтан ғана көңіл аударады. Сонымен бірге осы жаста балада белгілі бір форманы мазмұнымен бірге қабылдау қабілеті жетіледі. Музыканың, сөздің, бояудың әсерін түсінеді. Күнделікті музыкамен, сурет салумен, оқумен айналысуы оның эстетикалық тәрбиесінің негізін қалауына ықпалын тигізеді.

Кіші мектеп жасында баланың алғаш мектепке баруы, одан алған әсері, оның көркемдік әрекеттері дұрыс түсініп ұғынуына түрткі болады. Алайда бұл жаста баланың ықыластығы тұрақсыз болады. Сондықтан кең көлемді өнер шығармаларымен танысу, тіпті өнермен айналасу оны тез жалықтыруы мүмкін. Яғни оларды көркем творчествоның нәтижесінен гөрі сурет салу, желімдеу, музыка процессі қызықтырады, ал эстетикалық құбылыстарды бағалауы белгілі бір жағдайларда ғана байқалады.

Жоғары сыныптарда баланың өмірдегі эстетикалық саланы талғаммен қабылдауы жеткіншектерге қарағанда жоғары болады, дүниетанымдылығы мен пікірі жүйелене түседі. Өнерге, көркем творчествоға, өзінің тәртібіне ерекше мән береді. Мұғалімге баланың жас ерекшеліктерінің эстетикалық дамуын білу, олардың эстетикалық талғамын мақсатты түрде жетілдіруде және сезім тәжірибесін толықтыруда көмегін тигізеді.

Сурет – болмысты зерттеудің және бейнелеудің аса маңызды құралы, бүкіл реалистік бейнелеу өнерінің түп қазығы. Барлық мамандықтағы суретшілерге: графиктерге, кескіндемелершіге, мүсіншілерге, архитектураларға, безендірушілерге, қолданбалы өнер шеберлеріне сурет салуды игеру кажет. Өткен заманның аса ұлы суретшілерінің бірі

Микеланджело: «Сурет . . . живописінің де, скульптураның да, архитектураның да жоғары нүктесі, сурет – барлық ғылымның қайнар көзі мен тамыры» деген болатын. Сурет – бейнелеу өнерінің ең қарапайым, қолайлы да жедел техникасы. Ал бейнелеу өнері дарынды оқушылардың көркемдік тұрғыда ойлауын, творчестволық елесін, көркем нәрсені есте сақтауын, кеңістік ұғымын, бейнелеу қабілеттілігін жетілдіруді көздейді. Бұның өзі дарынды балаларға бейнелеу сауатының негізін үйретуді, оларға суретті кескіндеудің, желімдеудің, қолданбалы өнердің әсерлі әдістерін пайдалануды қалыптастыруды талап етеді. Ал жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде өнер үлкен рөл атқарады. «Өнерлі бала – өмірге ғашық болып өседі» демекші, жас ұрпақтың өнерге құштарлығын жас кезінен ұштап, талант көзін ашуымыз керек [1;123].

Қазіргі жағдайда біздің өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі - оқушылардың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Олар әдемілікті сезініп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде халықтық эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Өйткені студенттердің көпшілігі өзіміздің түркі тілдес халықтар, соның ішінде қазақ болғандықтан өз халқымыздың шығу тарихын, этнос туралы ұғымды, этностардың туып, дамып қалыптасуын, этномәдениеттің ерекшеліктері мен оның әсемдікке, өркениетке ұштасуын, кірігу жолдарын теориялық тұрғыдан қарастырудан басталады.

Басты мәселе күнделікті өмірдегі әсемдіктің ең алғаш адам мен табиғаттың бірлескен әрекетінің күшімен пайда болғандығын ұғындыру.

Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Қай уақытта болмасын дүниенің жаралуы, табиғаттың түрлі құбылыстары туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болды. Кейбір табиғат құбылыстары тылсым жұмбақ болып көрінеді де, адам санасына елеулі әсер етеді. Адам тосын бір жағдайға кездесе немесе өзіне беймәлім нәрсе көрсе, көпшілік жағдайда оны ойға салып қорытындыламай, сезім жетегіне еріп кетеді. Табиғат құбылысының терең тылсымына үңілуде адамзат баласы талай-талай жолдардан өтті.

Қоршаған орта мен табиғаттың оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі маңызы [2; 10].

Мектепте оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі бірден - бір құрал-табиғат. Табиғаттағы жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты қардың жаууы, күннің күркіреуі, ағаштардың бүршік жарып, гүлдердің түрлі түске еніп гүлдеуі, құстардың жылы жаққа ұшып кетуі, қайта ұшып келуі т. б. - мұның бәрі оқушының эстетикалық сезіміне әсер етіп, қоршаған ортаға қызығушылығын арттырады. Балалардың сезімін тәрбиелеуден табиғаттың рөлі жөнінде К.С. Станиславский: «Табиғаттың өзі теңдесі жоқ әсем дүние, сондықтан оған зер салып, үңіле қараңыз. Алдымен гүлді немесе жапырақтарды, өрмекші торын немесе терезе әйнегіндегі аяз өрнегін алыңыз. Мұның бәрі - ұлы суретші, » - дейді.

Мұғалім оқушыларды табиғи құбылыстармен таныстыра отырып, таңертеңгі әсемдікті байқауға, күннің шығуы мен сәулесінің жер бетіне шашқан нұрын көре білуге, сылдырлап аққан су дыбысын, орман шуылын құстардың сайраған үнін, жапырақтар мен шөптің сыбдырын естіп, түсіне білуге баулиды. Оқушыларды табиғатта жұмыс істейтін адамдар еңбегімен таныстыра отырып, олардың қимылы мен еңбек барысындағы әсемдікке көңіл аудартады. Соның нәтижесінде оқушылардың еңбекке, табиғат сұлулығына деген эстетикалық сезімдері оянып, сол әсемдікті аялай білу дағдылары қалыптасады.

Міне, осы мүмкіндіктерді ескере отырып, оқушылармен тиімді ұйымдастырылған мақсатты серуен мен бақылау жұмыстары эстетикалық тәрбие жүйесін қалыптастырып, фольклор жанрларымен таныстыруда өз нәтижесін береді. Мысалы, оқушыларды өзенге, саяхатқа апарған кезде мынандай мақсаттарды басты назарда ұстау керек.

Балаларды көктем кезіндегі өзен жалғауындағы өзгерістермен таныстыру, өзен жағалауындағы құстар және өзендегі балықтар жайындағы түсініктерін кеңейту, қоршаған ортадағы әсемдікке қызығушылығымен өз эмоциясын білдіру дағдысын тәрбиелеу, айтайын деген ойын толық сөйлем мен жеткізе білдіруге дағдыландыру, тілін дамыту.

Бастауыш сынып бағдарламасында берілген материалдар - тікелей табиғатқа қатысты тақырыптар. Мұның өзі оқушының айнала қоршаған бай, көркем табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін оятуға және табиғатта кездесетін сан алуан сұлулық пен көкемдікті көре, түсіне және бағалай білуге жәрдемдесетін шығармалар.

Табиғат – дүниедегі тіршілік атаулының анасы. Табиғатты аялау әр адамның парызы. Халқымыз ұрпақтарына табиғатты аялауды әрқашанда әдеппен аңғартып отырған.

Халқымыздың ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі, асыл мұраларының бірі - табиғаттың алуан түрлі құбылыстарын болжау. Ежелден ашық аспан астында көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз, оның бір бөлшегіміз деп, табиғат - барлық тіршіліктің нәрі, өзек тірегі деп білген.

Мынау жарық дүниедегі әсерлі әсемдіктер мен қыруар қызықтар, рухани рахаттар, таңғажайып тамашалар Жер-ананың жүзінде өтіп жатады.

Қазақта «ер туған жеріне» деген мақал бар. Әрбір адамның туған жері - бәрінен де қымбатты. Өйткені, ол сол жердің топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстайды, табиғатымен біте қайнасып, адам болып қалыптасады. Сондықтан да әрбір адам туған жерін қорғайды, аялайды, күтеді, қастерлейді.

Аяулы туған жеріміздегі жайнаған гүлдер, жайқалған шалғындар, ормандар, бұлақтар, керіліп жатқан кең дала, аспанмен тірескен ақ таулар, жарық ай, жарқыраған жұлдыздар, көк мөлдір аспан, күлімдеген Күн-ана - өміріміздің тірегі, қызығы, рахаты. Туған жердің әрбір тасына дейін қасиетті.

«Бұлақ көрсең көзін аш», «Жол үстінде тас жатса алып таста», «Гүлді жұлма», «Ағашты жастай қырықпа», «Құмырсқаның илеуін бұзба», «Судың да сұрауы бар, «От шығарып ойна, ма», «Аққуды атпа», «Құс ұясын бұзба», «Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен су артық» т. б. тыйымдар мен мәтелдер

табиғатқа байланысты әдет-ғұрыптармен салт-дәстүрлердің ертеден келе жатқандығын көрсетеді.

Табиғатты аялап, оның қызығын көре білген халқымыз табиғат заңдылықтары мен оның сиқырлы сырларын да жақсы білген.

«Ай құбылса, аяғыңды сайла, күн құбылса, күрегінді сайла». деп, көктемнің келуіне байланысты ауа райының құбылыстарын айыра біліп, күн райының құбылуын ай бетіне, күн жүзіне, жұлдыздарға қарап болжаған.

«Жатқанға дейін үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі қалды» деп, көктемнің келуіне байланысты ауа райының құбылыстарын айыра білген, күн райын күні бұрын болжап, жыл мезгілдерінің кезеңдерін кемеңгерлікпен айқындап, жақсылыққа жадырап, әсем табиғатты әдеппен қорғаған. Халық арасындағы туған жер туралы әндер мен күйлер өнер адамдарының, өнерпаз халқымыздың туған жерді аялай біліп, ардақтай сүйетінін дәлелдейді. Құрманғазы атамыздың «Сарыарқа», «Алатау», Тәттімбет атамыздың «Саржайлау» күйлері туған жеріміздің тамаша табиғатын көз алдымыздан өткізіп әдемі әсерлендіріп, жанымызды жадыратады.

Сыныпта гүл өсіру, табиғат мүйісін ұйымдастыру, мал, құс өсіріп, еңбектеніп, қызығын көру, әрбір жастың ықыласты іс-әрекеті болып қалыптасуға тиіс. Мектептегі табиғатты қорғаушылар клубтары мен үйірмелері Жер-ана жүзіндегі жеткілікті қызықтардың рақатын көруге әрбір оқушыны бейімдей білетіндей болуы қажет. Ата-бабамыздың аялап келген, кереметтерге толы туған жердің топырағын тыңайтып, суын тұнықтап, өсімдігін өркендету, жалпы табиғатын қорғау - әрбір адамның қастерлі борышы [3; 30].

Түйіндей айтқанда өнер адамның дүниеге, болмысқа деген наным сенімдерін дамытушы, саналылық пен білімділікке жетелеген қозғаушы күші және әсемдік пәк сезімдердің қайнар көзі болды. Сондықтан да өнер адамның әлеуметтік дамуындағы бірден-бір негізгі белгі болып табылады. Өнер нышандарын немесе өнерлілікке ұқсас әрекеттерді кейбір хайуанаттар, түрлі құстарда жасай алады. Бірақ адамдардың олардан айырмашылығы әр кез істеген ісінің бәрін саналылықпен, ойланып-толғанып байыппен істеді және мақсатты түрде өзінің материалдық, рухани қажеттерін өтеу үшін жасады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Мизамбаев Р. Живопись. А., 2005 г.
2. Маслов Н. Я. Пленэр. М., 1988 г.
3. Руднев В. В. Живопись., 1986 г.

САМООЦЕНКА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА СТАТУС ЛИЧНОСТИ В ГРУППЕ

Ермуханова А.

Студент IV курса специальности «Педагогика и психология»

Научный руководитель: Бондарева Т. О

Большую часть своей жизни личность проводит в группе. И велико значение, какое положение занимает в группе личность. Исходя из этого возникает вопрос: почему одни люди легко идут на контакт, хорошо принимаются в группе, другие – наоборот. Положение человека в системе личных взаимоотношений зависит от целого ряда факторов. И одним из факторов является самооценка личности. Ведь на первичное о человеке впечатление влияют такие мелочи, как речь, жесты, мимика, внешний вид и поэтому при низкой самооценке произвести действительно хорошее впечатление трудно, так как низкая самооценка в первую очередь не дает человеку раскрыться как личности и реализовать свой потенциал. Кроме того, общаясь с человеком с низкой самооценкой чувствуется отношение того к себе на подсознательном уровне – улавливая мимику, жесты, интонации. Тем более что люди с низкой самооценкой в основном и не стремятся к позиции лидера в группе. Если личность сможет адаптироваться в своей группе, если каждый найдет «ключи к успеху», в мире станет гораздо меньше депрессий, стрессов и разочарований.

Самооценка – это нравственная оценка своих собственных поступков, моральных качеств, убеждений, мотивов. Способность к самооценке формируется в человеке в процессе его социализации и выявления своего личного отношения к собственным поступкам на основе оценок, даваемых этим поступкам окружающими. Поэтому в процессе самооценки человек судит о моральном значении своей деятельности не просто от своего имени, а как бы со стороны, от лица других людей, от имени группы, к которой он принадлежит и субъективно относит себя. В морали самооценка и оценка со стороны других неразрывно связаны между собой. Можно сказать так: самооценка есть оценки других, принятые личностью в качестве масштаба собственного поведения, или, говоря по-другому, собственная оценка личности, которую она считает необходимой возвести во всеобщий масштаб. Благодаря способности к самооценке личность обретает возможность в значительной мере самостоятельно направлять и контролировать свои действия и даже воспитывать себя. Известный автор книг по психологии Т. А. Рытченко приводит такое определение самооценки: «На основе самопознания у человека вырабатывается определенное эмоционально-ценностное отношение к себе, которое выражается в самооценке. Самооценка предполагает оценку своих способностей, психологических качеств и поступков, своих жизненных целей и возможностей их достижения, а также своего места среди других людей». Жизнь доказывает, что правильная самооценка, основанная на чувстве согласия

с собой, имеет в основном неосознанный характер. Обстоятельства, сопровождающие нашу жизнь, на самом деле определяются фундаментальными убеждениями человека о себе. Самооценка может быть заниженной, завышенной и адекватной. В одинаковой ситуации люди с разной самооценкой будут вести себя совершенно по-разному, предпримут разные действия, тем самым по-разному будут воздействовать на развитие событий.

На основе завышенной самооценки у человека возникает идеализированное представление о своей личности, своей ценности для окружающих. Он не желает признавать собственных ошибок, лени, недостатка знаний, неправильного поведения, часто становится жестким, агрессивным, неуживчивым.

Явно заниженная самооценка ведет к неуверенности в себе, робости, застенчивости, невозможности реализовывать свои задатки и способности. Такие люди обычно ставят перед собой более низкие цели, чем те, которых могли бы достигнуть, преувеличивают значение неудач, остро нуждаются в поддержке окружающих, слишком критичны к себе. Человек с низкой самооценкой очень раним. Все это приводит к возникновению комплекса неполноценности, отражается на его внешнем виде - глаза отводит в сторону, хмур, не улыбка. Причины подобной самооценки могут скрываться в чрезмерно властном, заботливом или потакающем родительском воспитании, что будет с ранних лет запрограммировано в подсознании человека, рождать чувство неполноценности, а оно, в свою очередь, формирует основу для низкой самооценки. Низкая самооценка имеет много форм и проявлений. Это жалобы и обвинения, поиск виновного, потребность во внимании и одобрении, что как бы компенсирует в глазах такого человека чувство самоотрицания, чувство собственного достоинства. Депрессии, разводы - многие из них - результат низкой самооценки одного или обоих партнеров.

Адекватная же самооценка личностью своих способностей и возможностей обычно обеспечивает соответствующий уровень притязаний, трезвое отношение к успехам и неудачам, одобрению и неодобрению. Такой человек более энергичен, активен и оптимистичен [1].

Многие дети уже в раннем возрасте отмечают свои успехи или неудачи в деятельности соответствующими эмоциональными реакциями на них. Большинство детей этого возраста просто констатируют достигнутый результат, некоторые воспринимают успех или неудачу, соответственно, с положительными и отрицательными эмоциями. В этой же возрастной группе наблюдаются первые отдельные проявления самооценки, причем в основном лишь после успеха в деятельности. Ребенок не просто радуется успеху, но проявляет своеобразное чувство гордости, преднамеренно и выразительно демонстрируя свои достоинства. Однако даже такие элементарные самооценочные реакции в этом возрасте еще крайне редки.

Самооценка ребенка, осознание предъявляемых к нему требований появляются примерно к трем-четырем годам на основе сравнения себя с другими людьми. К среднему дошкольному возрасту у многих детей складывается умение и способность правильно оценивать себя, свои успехи,

неудачи, личностные качества, причем не, только в игровой, но также и в других видах деятельности: учении, труде и общении. Такое достижение следует рассматривать как еще один шаг на пути к обеспечению нормального обучения в школе в будущем, так как с началом школьного обучения ребенку постоянно приходится оценивать себя в различных видах деятельности, и если его самооценка оказывается неадекватной, то и самосовершенствование в данном виде деятельности обычно задерживается.

В старшем дошкольном возрасте дети придают большое значение оценкам, даваемым им взрослыми людьми. Ребенок не ждет такой оценки, а активно сам добивается ее, стремится получить похвалу, очень старается ее заслужить. Все это свидетельствует о том, что ребенок уже вступил в период развития, сенситивный для формирования и укрепления у него мотивации достижения успехов и ряда других жизненно полезных личностных свойств, которые в будущем должны будут обеспечить успешность его учебной, профессиональной и других видов деятельности.

Особенностью детей младшего школьного возраста, которая роднит их с дошкольниками, но еще больше усиливается с поступлением в школу, является безграничное доверие к взрослым, главным образом учителям, подчинение и подражание им. Дети этого возраста полностью признают авторитет взрослого человека, почти безоговорочно принимают его оценки. Даже характеризуя себя как личность, младший школьник в основном лишь повторяет то, что о нем говорит взрослый. Это напрямую касается такого важного личностного образования, закрепляющегося в данном возрасте, как самооценка. Она непосредственно зависит от характера оценок, даваемых взрослым ребенку и его успехам в различных видах деятельности. У младших школьников в отличие от дошкольников уже встречаются самооценки различных типов: адекватные, завышенные и заниженные [2]. В младшем школьном возрасте развитие самооценки поддается влиянию ведущего вида деятельности в этом периоде – учению, которое реализуется в школе. Именно под воздействием оценки учителя, его одобрения или же неприятия и начинает активно формироваться самооценка ребенка.

Однако интерес к себе и другим людям возникает только в подростковом возрасте. Думая об окружающих людях, подросток сравнивает себя с ними. Установка на сравнение себя с другими людьми выражена у подростка очень ярко. Особое внимание привлекают поступки - себя и других людей. Подросток оценивает собственные поступки, пытается понять, к чему они привели или приведут в будущем. Он желает осознать свои особенности («Почему я такой»), выяснить свои недостатки - эта потребность возникает из необходимости «правильно вести себя в обществе», верно, построить свои отношения со сверстниками и взрослыми, быть в состоянии отвечать требованиям других людей и на свои собственные. Знать себя - непременное условие для того, чтобы достичь целей, которые ценны и важны. Именно поэтому подросток, сначала особенно озабочен своими недостатками и хочет избавиться от них. Он нацелен на положительное в другом человеке, готов брать с него пример. Такое внимание к своим недостаткам и потребность преодолеть их сохраняются

на протяжении всего подросткового возраста [3]. И от того какая самооценка сформируется у будущей личности ребенка зависит и его положение в классе.

Да, самооценка в значительной мере влияет на наше восприятие окружающих. Человек, в глубине души не уважающий себя, считающий, что он не способен вызвать к себе положительное отношение других, едва ли сможет сам кого-то уважать. Тот, кто считает, что недостойн любви, никогда не научится любить. Человек, низко себя ставящий, едва ли будет когда-либо счастлив. Ведь низкая самооценка отличает не отдельные недостатки, она отрицает ценность личности в целом. Поэтому является скорее препятствием к борьбе с отдельными недостатками, и если человек считает себя плохим в целом, то он не видит смысла в искоренении отдельных недостатков. Эта позиция вредна и опасна не только для самого человека, но и для окружающих, ведь, кто не ценит собственной личности, тот и не посчитается с чужой [4]. Поэтому так важно повышать самооценку личности еще с раннего возраста, когда только еще она начинает формироваться у ребенка.

Полноценный же человек, деятельный и полезный для общества, реализующий свои творческие возможности, который всегда придет на помощь близким - это человек с несколько завышенной или адекватной самооценкой. К такому тянутся, с таким дружат, ему доверяют, им восхищаются и его любят окружающие. И, соответственно, статус его в группе будет высоким.

Таким образом, по мере формирования и укрепления самооценки возрастает способность к утверждению и отстаиванию своей жизненной позиции. Ведущим мотивом может выступать желание утвердиться в коллективе сверстников, завоевать авторитет, уважение и внимание товарищей. При этом те, кто ценит себя высоко, предъявляют высокие требования и в общении, стараясь им соответствовать, так как считают ниже своего достоинства быть на плохом счету в коллективе. Для личности типично стремление к сохранению такого статуса в группе, который поддерживает его повышенную самооценку.

Список использованной литературы:

1. https://studwood.ru/642211/psihologiya/ponyatie_samoootsenki_vidy
2. <http://all-referats.com/76/1-32207-samoocenka-i-ee-razvitie.html>
3. <http://works.doklad.ru/view/Uwg0EXrXGhA/all.html>
4. <https://www.kazedu.kz/referat/102967/1>

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ АҚПАРАТТЫ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Әбділда Ұ., Айдарбекова Д.

«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Байсеңгіров М. Қ.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

«Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы – деген Л. С. Выготский» [2; 3].

Ұстаз – мектеп жүрегі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде шәкіртін еркін жүздіру – мұғалімнің іс-әрекеті. Мұғалімнің бір-біріне ұқсамайтын ерекше сабақтары келер ұрпақты заман талабына сай инновациялық технологияны меңгеріп қана қоймай, оны күнделікті өз сабағында қолдана білуі – бүгінгі заман талабы. Яғни бүгінгі заман оқытудың технологияларын тиімді қолдануды қажет етеді. Орыс педагогы К. Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарындыдан гөрі жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Демек, бүгінгі таңда мектеп оқушыларын тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы – инновациялық технология. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп түйіндейміз.

Мектептегі білім сапасын арттыру және оның тиімділігі төмендегідей инновациялық әдістер және технологиялар арқылы жүзеге асады:

- ✓ Әр сабақта интерактивті әдістер қолдану;
- ✓ Жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс;
- ✓ Әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- ✓ Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, оқушылардың мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- ✓ Инновациялық технологияларды яғни, заманауи әдіс-тәсілдерді сынау арқылы сабақтың тиімділігін арттыру, оқушыларды мектеп жағдайына бейімдеу.

Мұғалімдер өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өзіндік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда оқушылардың өз ойларын еркін жеткізе алуларына баулулары қажет. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Ұтымды пайдаланылған инновациялық технологиялардың нәтижелері:

- Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- Оқушылардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.
- Оқушылардың барлығын бағалауға мүмкіндік аласың.
- Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Оқушылардың қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпы білім беру Мемлекеттік стандартының 4 бөлімінің 4, 6 тарауында: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім мекемелері стандарт бойынша берілген оқушылардың дайындық деңгейіне жету үшін тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың денсаулық сақтау ортасын қамтитын әр түрлі әдіс- тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолдануға болады, деп жазылған. Қазіргі кездегі кеңінен қолданылып жүрген деңгейлеп саралай оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы мен 7 модуль технологиясының сабақтың тиімділігін арттырудағы әсері мол екенін айтқым келеді [3; 5].

«Заманауи (инновациялық) әдіс-тәсілдерді меңгеру» ұғымы және оның оқу үрдісіндегі рөлі туралы айта кетсек ол білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдары кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылыстар үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Р. Масырова, Т. Линчевская – «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея .

Инновациялық үрдіске түскен ұжым даму барысының бірнеше кезеңін бастан кешіреді: 1) жалтақтап күдіктену; 2) даңғазашылдық; 3) тұрақтану; 4) ынтымақтастық қалыптасуы. Соңғы екі кезеңі – инновациялық үрдісті ұжымның шығармашылықпен сезінген, түсінген кезеңдері. Ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады.

Н.Нұрахметов «Инновация» білімінің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын)

«Инновация» сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз «Жаңа, өзгеру, жаңаша» деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да «Жаңа, жаңаша өзгерудің» мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады [3; 7].

Елбасы Н. Назарбаев білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде білім сапасын арттыру жөнінде тұжырымды ой айта келіп, білім нәрімен сусындататын біздің асыл да ардақты ұстаздарымызға да үлкен міндеттерді жүктегені барлығымызға мәлім. Ендеше, келешекте Қазақстанның ғарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ – ертеңгі азамат болғандықтан, оқу-тәрбие үрдісін жаңартып, білім сапасын арттыру оқытушылар құзырындағы өте үлкен жауапты іс.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасында бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды [1; 4].

Қорыта айтқанда жаңа технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімділігін арттыру жолында мұғалімдер дамыған елдердің озық игіліктерін көріп қана қоймай оны сабақ өткізуде пайдалана білуге ұмтылып, қажеттілерін үйренуге барынша күш салулары қажет. Әр ұстаз талмай еңбектенгенде ғана өз шәкіртіне білім беруінің жемісін көрері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 ж.
2. Ғаламтор материалдары. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. «Ұстаз» газеті. /№5-6/, //7-8/.
3. Білімдегі жаңалықтар. Ақпаратты-әдістемелік журнал № 2, 3, 4 2011 ж.
4. СармановЕ. С ., СапаровС. К. Сабақта жаңа технологияларды қолдану. Шымкент. 2006 ж.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әскербек Ә. Қ.
«География» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Калкашев С. Ғ.

Қазіргі таңдағы өндірістік қоғам дамуының аса маңызды сипатының бірі-ақпараттық технологияның халық шаруашылығының барлық саласына, соның ішінде білім беру саласына енуі білім беру ісінде елеулі өзтерістердің енуіне әсер етті. «Оқытудың ақпараттық ортасы» термині ақпараттық ортаны пайдаланудың сапалық өзгерісіне байланысты өзекті болып отыр. Ақпараттандыру ұғымы компьютерлік технология және компьютерлендірумен тығыз байланысты. Ақпараттық технологияның компьютерлік технологиясыз іске асуы мүмкін емес. Барлық дамыған елдерде оқытудың компьютерлік технологиясы пайдаланылады. Себебі, біріншіден, оқытуда бұл технологияны пайдаланбау оқыту процесінің қарқындылығын төмендеуіне әсер етсе, екіншіден, қазіргі уақыттағы ақпарат көлемінің ұлғаюына байланысты.

Осыдан бірнеше жыл бұрын оқушылар компьютерді қорқып ұстайтын болса, қазіргі уақытта олар информатиканы екінші сыныптан бастап оқуда. Сондай-ақ компьютерді информатика сабағында ғана пайдалану кезеңі артта қалды. Қазіргі уақытта компьютерлік технология барлық мектеп пәндерінде белсенді түрде пайдаланылады [1].

Ноосфералық даму кезеңінде географияпәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесінде оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, белсенді оқыту әдістері, оқытудың инновациялық технологиялары пайдаланылады. Біз өз тәжірибемізде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану арқылы білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып, алдымызға төмендегідей мақсат қоюымыз керек:

- Жаңа ақпараттық технология арқылы білім сапасын арттыру;
- Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін баланы ақпараттық қоғамға тәрбиелеу.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. География сабағында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім білім беруші ролін атқарып, оқыту құралы ретінде қызмет атқарады. Ал оқытудың компьютерлік ақпараттық ортасы білімді өздігінен меңгерудің объектісі бола отырып, төмендегідей парадигманы қалыптастырады: Оқушы- оқу ортасы – технология жүйесі. Осы жүйе негізінде оқушы өздігінен білім алады. Оқушының іс-әрекетін тым қатал басқару оның өзіндік ой-пікірі мен өз бетінше жұмыс істеу қабілетінен айырады. География пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияның тиімділігіне тоқталатын болсақ, оны төмендегідей атап өтуге болады:

- Мәтіндік редакторы- географиялық құжаттарды құру құралы (реферат, таблицалар)
- Графикалық редактор- шығармашылық сабақтардың жұмысын құру құралы (шартты белгілерді жасау, географиялық план жасау, табиғаттың көрінісі, температураның, жауын- шашынның, желдің графигін сызу)
- Мультимедиялық редактор-сабақта табиғи процестерді құру құралы(геологиялық, климаттық).
- Презентациялық- елдің, объектінің презентациясын жасау.
- Лазерлік дискідегі географиялық кітапхананы пайдалану (карта, анықтамалық, энциклопедия)
- Локальдық тестілеу.
- Интернет жүйесіне кіру. әлемнің кез- келген жеріне виртуалды саяхат жасау;
- География ғылымы бойынша өзінің интернет- қорын құру; тәжірибе алмасу; тікелей эфирде атақты мұғалімдердің сабақтары.
- Электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі. Географиялық ақпараттар жөнінде ой бөлісу, жаңалықтар алмасу.
- Білім мазмұнының заман талабына сай болуы.
- Қажетті білімді толығымен алу.
- Білімді өздігімен меңгеру.
- Өзін-өзі бағалау
- Жалған ақпарат алу қаупінен құтылу
- Жалған бағадан арылу

Жаңа ақпараттық технологияны пайдалануда оқытудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану барысында білім сапасын арттыруға көңіл бөлу керек. Пайдаланатын әдістерімді төмендегідей сызба түрінде көрсетуге болады.

Жай кәдімгі сабақ: жоғарыда көрсетіліп отырған барлық әдіс бойынша қай оқыту тәсілін пайдалансаңыз да өзіңіз білесіз. Мұндағы мұғалімнің қызметі: оқушылардың компьютерге деген қызығушылығын біле отырып, пән аралық қорытынды сабақ өтсе де компьютерге байланыстыру керек.

Өзін- өзі оқыту программасы. Бұл әдісте мұғалімнің қызметі оқушыларды қадағалап тұру және жаңа сабақты қысқаша түрде түсіндіру керек. Содан кейін оқушылар өздері компьютердегі алдын ала дайындап қойған программаны ашып, жұмыс жасай береді.

Биоинформация әдісі. Мұғалімнің міндеті- әдебиеттер беру және оқушыларды тыңдап, оның қате кеткен жерлерін айту. Бұл әдісте әр оқушының ізденімпаздығын, яғни шығармашылық жұмыс жасауын арттыру.

Электрондық оқулық. Оқушылар үшін электрондық оқулық мектеп қабырғасында жүрген жылдарында өздігінен білімін толықтырып отыруға және мақсатты түрде бітіру емтихандарына дайындалуға мүмкіндік беретін ақпарат көзі. Электрондық оқулықтар бойынша оқушы тапсырманы қызыға орындайды, сонымен қатар өз қатесін табады. Оқушының жас ерекшеліктеріне сай және әркімнің шамасына, мүмкіндігіне қарай тапсырма беруге қолайлы.

Қосымша программалар арқылы. Яғни, қолданбалы программаларды қолдана отырып, Microsoft Power Point программасынан презентация, Microsoft Excel арқылы диаграмма, Paint арқылы географиялық құбылыстардың суреттерін салдыра отырып, көптеген қызықты сабақтар өткізуге болады.

Мультимедиялық оқыту программасы. Оқушыға экран арқылы компьютер жаңа сабақты түсіндіріп, оқу процесін өзі атқарады. Әрине бұл программа информатика пәні мұғалімінің көмегімен жүзеге асады.

Қашықтықтан оқыту тәсілі. Қашықтықтан білім беру дегеніміз- белгілі бір қашықтықта отырып, компьютерлік телекоммуникация және де басқа байланысу орталары көмегімен оқып үйрену мақсатындағы ақпараттармен өзара алмасу тәсіліне негізделген [2-3].




№1 сызба. Ақпараттық технологияның артықшылықтары.

Жаңа ақпараттық коммуникативтік технологияда оқыту құралы ретінде электрондық оқулық және интернет жүйесі маңызды орын алады. Осыған сәйкес «оқушы- электронды оқулық» және «мектеп- интернет» жүйесін құруға болады. «Мектеп- интернет» жүйесі бойынша оқушы ағымдағы сабақ бойынша жаңа ақпаратты мектепте отырып, интернет жүйесіне ену арқылы іздеп табады, сондай-ақ «дүниежүзілік өрмекке» электронды саяхат жасауға мүмкіндік алады.

Ал, электрондық оқулықтың тиімділігіне тоқталатын болсақ, оны төмендегідей атап өтуге болады: (№ 2 сызба)

- Анықтамалық оқыту элементі арқылы ағымдағы сабақ бойынша анықтамалыққа мүмкіндік алу.
- Мультимедиялық ақпараттық технологияны пайдалану.
- Ағымдағы сабақ бойынша ішкі және сыртқы текеруді жүзеге асыру.
- Мемлекеттік білім беру стандартының география курсындағы жаңа ақпараттар енгізілген.
- Компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру.
- Сабаққа деген қызығушылығын ояну негізінде білім сапасын арттыру



№ 2 сызба. Электронды оқулықтың тиімділігі.

Жаңа ақпараттық технологияны география сабағында пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктерін қорытындылай келе, орта мектептерде география пәнін оқыту кезінде компьютерлік технологияны пайдаланудың әр жақты екендігіне көз жеткізуге болады. Сонымен, компьютерлік технологияны география сабағында пайдаланудың үш негізгі түрі бар:

Ақпараттық технологияны география сабағында үздіксіз пайдалану, әсіресе сарамандық сабақтарда.

Ақпараттық технологияны оқушылардың сабақтан тыс уақыттарда география пәнінен өзіндік жұмыстарды орындау барысында пайдалану.

Ақпараттық технологияны танымдық қабілетін дамытуға пайдалану. (дамытушылық ойындар, электрондық энциклопедия т. б).

Оқыту барысында ақпараттық технологияның бір ғана бағытымен жұмыс істеу барлық бағыттарды кешенді түрде пайдаланумен саластырғанда төменгі нәтиже береді. Компьютерді пайдалану оқушының географияны терең танып білуіне ғана емес сондай-ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру – уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. География сабағында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді [4-5].

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Кривошев А. О. «Програмное обеспечение учебного назначения и компьютерная технология обучения. <http://www.riis.ru/PS/publ>
2. Официальный каталог 3-го Международного Форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ». -А. 2004 г.
3. Таможняя Е. А. Компьютерные технологий: возможности использования. // География в школе. - 2002 г. № 3 - с. 46-51.
4. Мамырова Кулаш. Новая электронная мультимедийная обучающая программа. География және Табиғат 2004 жыл.
5. Кошкарев А. В., Тикунов В. С. Геоинформатика. - М. : 1993, 213 с.

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

Жабасова Б. Н.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс студенті

Ғылыми жетекші: Рахметова Б. А.

VI-VIII ғасырларда тасқа қашалып жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің әлемдік өркениет тарихынан алар орны өте зор.

Орхон жазуларында Түркі қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүниетаным, түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, ұлысаралық қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, Отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі, тәуелсіздік аңсары, осы жолда халқына қызмет еткен Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк тәрізді ұлы қаһармандардың бастан кешкен оқиғалары берілген. Сонымен қатар, бұл жазулар - түркі халықтарының бұдан бір жарым мың жылбұрынғы биік мәдениетінің, көркемдік дәстүрінің жарқын куәлігі.

Орхон-Енисей жырларында бір топ қағандар бейнелері бар. Олар: Бумын, Естемис, Білге қағандар. Алғашқы екеуінің түркі қауымына иелік етуін адамзаттың жаратылысынан бастайды да, оларды ақылды қаған, алып батыр дәрежесінде бейнелейді. Қырық жеті рет аттанып, жиырма шайқас жасаған Елтерістің де есімі ерекше аталады.

Ескерткіште дербес бейне дәрежесіне көтеріліп жырланғандардың бірі- Білге қаған. Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі. Ол халықты жинап, ұйымдастырушы ретінде бейнеленеді.

Жырда Білгенің іс-әрекеті ғана емес, көңіл- күйі де баяндалады. Ол табғаштар салған ылаң мен іріткіге ырық беріп, жалған сөздің жетегінде кетіп, қырылып- жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады. Шығармада оның бейнесі түркі халқының иелігін молайтқан, тұрмысын жақсартқан батырдың бірі ретінде суреттеледі. Жырдың соңында Білгенің түркі халқын біріктірудегі еткен еңбектері, азаптары баяндалады.

Жырда негізінен суреттелген кейіпкерлер текіден шыққан батырлар болса, сонымен бірге шығармаларда «ұлдары- құл, қыздары – күң болған»; ұшарын жел, қонарын сай білген; ілгері- кейін бұлттай жөңкілген; «Қаны судай аққан», «аш- жалаңаш, жаяу-жалпы босыған», титыққан қара халықтың, жалпы бұқараның жиынтық бейнесі жасалған.

Аз күн бейбіт өмірдің дәмін татып, рақатын сезген, сәл тыныстан ес жиып, көзін ашқан қарапайым халықтың басына табан астында-ақ қаралы күн, ақыр заман орнап жатады. Сол қорлыққа төзе алмай, шыдамы таусылған көпшіліктің енді бір сәт бектермен айқасқа шыққанын көрерміз. Әлбетте, бұл мақсаты айқын, бітіспес тап күресі емес, сол дәуірдің шындығынан өршіген қанаушы тап пен қаналушы таптың келіспес назарылығы ғана болатын. Ол туралы Орхон-Енисей ескерткіштерінде «Бек пен халқы жауласты» деп жазады.

Қоғамның негізгі құрамы, басты күші- осы кедей халықты соншалықты ауыр азапқа салып жүргендер- ел билеуші ақсүйектер. Мұның дәлелі ретінде ескерткіштерден мынадай жолдарды оқимыз:

Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен,
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болған екен.
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табағаш халқының алдауына сенгендігінен,
Арбауына көнгендігінен
Інілі- ағалының дауласқандығынан
Бекті- халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды.

Міне, ел ішіндегі бақталастық, ымырасыздық, билеген хандардың, олардың атқа мінер әміршілерінің ақылсыздығы салдарынан халық қатты күйзеліске ұшырайды, титықтайды, тозады.

Орхон шығармаларында эпостық бейне дәрежесіне жеткен басты әрі ең өзекті тұлға – Күлтегін.

Ат жалын тарта халқына қорған болған бала батыр жырда үнемі беку, өсу үстінде суреттеледі. Жеті жаста атадан жетім қалған Күлтегін он жасқа келгенде ер атанады. Он алты жаста қару-жарақ асынып, ел намысын, халық кегін қуып табағаштарға аттанады.

Жиырма бір жаста Тадықтың чурдың Боз атына мініп, чача Сеңүнмен айқасады. Шайқастың тепкісіне төтеп бере алмаған Боз ат та, одан соң мінген Торы ат та қан майданда жан тапсырады. Осы соғыста Күлтегін өзіне жау оғының бірінде дарытпай шығады.

Жиырма алты жасында қырғыздарға қарсы аттанып, найза бойлар қырдан өтіп, қырғыздарды ұйқыда басады.

Күлтегін – түркі халқының ерлік сипаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түркі тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар, жойқын соғыстардан жанышты, ерқашты болып, титықтаған халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Батыр мерт болғанда, қазасына досы ғана емес, дұшпандарының қосыла жылауы оның сол бұлжымас ерлік қасиеттерін танытады. Батыр дүние салған күндері әр рудан басшы алып, жылап келе жатқан халықта есеп болмаған. Күлтегіннің қазасымен байланысты түрік жерінде орнаған ауыр түнек пен есепсіз қара шеруді жырда жақсы бейнеленген.

Күлтегіннің дұшпаны дегенде кімді айтамыз? Жырда оның өзімен теңдес батырдың аты айтылмайды. Бірақ сүңгіге ілінбей берілмеген есімі аталмаған атсыз ерлер бастаған түркі халқымен шайқасқа түскен елдің ішінде осалы жоқ. Олар бірінен соң бірі қол қусырып, құлдық ұра бермеген, ақтық деміне дейін айқасқан.

Күлтегіннен басқа Орхон ескерткіштерінде жиі аталатын өзгеше кейіп, оқшау бейнеленетін образ – Тоныкөк. Ол – Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй, дем берушісі, талай жорықтарға бастап, жауды талқандаған қолбасшы, батыр. «Мен – кемеңгер Тоныкөкпін» деп басталып, соның өз атынан баяндалатын

ескерткіште Тонкөктің барлық айла- тәсілі толық қамтылған. Ол көбіне бірнеше ханға ақылгөй болған, телегей жыр тудырған Бұқар тәрізді ғұламажырауларымызды еске салады. Ол оғыз батырлары жайындағы мол жырларды шығарған Қорқытқа да ұқсайды. Өйткені, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Тонкөк жыр авторы ретінде де белгілі. Мұның өзі қырғыз халқының әйгілі эпосы «Манастың» тууы жайындағы академик М. Әуезовтың: « Алғашқы жырда аты шулы жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адам шығарған» дейтін өте құнды тұжырымын бекіте түседі.

Екіншіден, Тонкөк – ақылды қолбасшы. Оның есімімен білге эпитеті (Білге Тонкөк) үнемі егіз аталып отырады. Біздіңше, бұл Тонкөктің сондайлық ақылдығына сәйкес халықтың бертіндегі қосыпберген аты. «Ақыл иесі, сөз иесі болдым»- дейді бір сөзінде Тонкөк. Соған қарағанда, оның ірі ақылды, әрі сөзге шешен болғандығы аңғарылады.

Тонкөк – ұр да жық, асығыстың келте адамы емес, алдағы күні бұрын болжап білетін сергек ойшыл. Небір қиын-қыстау күндерде қай мәселенің тұсында да асықпай- аптықпай: «Осылай етсем ше?» деп, өзіне сауал қойып барып , шешімін содан соң іздейді.

Әлсіреп жойылып бара жатқан түркі халқын қайта біріктіріп, қайтадан ел ете алатын басшыны сайлаудан бұрын Тонкөк: « Арық бұқаның, семіз бұқараның барын білер ме екен?» деп толғанады. Бұл- оның ақсүйектермен бұқараны өштестірмей, жауықтырмай ұстай алар ма екен дегені еді.

Тонкөк – айлакер, әскери әдістің жетек білгірі. Көпті көрген, өмірден түйгені мол Тонкөктің ақыл-айласы, сөйтіп, түркі халқына жеңіс әпереді. Жауға ойламаған жерден, дәл осылай тұтқиылдан шабуыл жасау- бұл да қатал сындардан қапысыз өткен ең сүйікті әскери әдістердің бірі.

Тонкөк – саясаттың адамы. Осы қасиетіне байланысты академик Бартольд оны француз тарихындағы Талейранмен салыстырады. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнаттыруды да, мәтінде басынан аяғына дейін үнемі мен деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығынан еді.

Ол ел шетіне жау келгенде түркі халқы үшін түн төсегінен түңіліп, ұйқысын төрт бөледі.

«Түнде ұйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Қызыл қанымды ағыздым,

Қара терімді төктім»-деп жазады. Өздеріңе мәлім, Білге қаған таққа отырғанда, оған кеңесші болған қарт данышпан жетпіс жаста еді.

«Өзім қартайдым

Ұлық болдым»-

деген жолдардан біз оның сол ұлғайған шағын көреміз.

Орхон-Енисей ескерткіші суреттеген көне дәуірдің жырауы, батыры, білгірі Тонкөк, міне, осындай.

Әрбір елдің тарихы, оның мәдениет, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, осындай ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады.

Орхон-Енисей жазбаларын оқи отырып түркі халықтарының алғаш қалыптасу процесін, өлең жасаудың, ақындық тәсілдің әдепкі адымдарын бұл ескерткіштерді жасаған қауымның ой-дәрежесін анық байқауға болады. Тасқа басылып, еш өзгеріссіз жеткен Орхон-Енисей жазуларының осындай деректік мәні өте жақсы.

Әсіресе, жазба әдебиетінің өсіп-өркендеу процесін, халықтық эпостың табиғатын, сөз өнерінің түп тамырын зерттеп білуде руналық жазба-ескерткіштер ғылым үшін аса құнды материал болып табылады.

Қорыта айтқанда, жазба әдебиеті – ұзақ жылдар жемісі. Осы бір ғажап үлгіні жасауда халық талай жаттығу, машықтану, үйрену кезеңдерін өткерген.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон-Енисей ескерткіштерінде қаланған.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алматы, Атамұра, 2005 – 334 б.
2. Келімбетов Н. «Қазақ әдебиетінің бастаулары» Алматы: Атамұра, 1998 - 358 б.
3. Әуезов М. «Уақыт және әдебиет» Алматы: 1962, 429б.
4. Жолдасбеков М. «Асыл арналар» Алматы, «Жазушы» 1990. – 228б.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Жұматай Б. Ә.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Рахметова Б. А.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бой маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен дарып, біте кайнасқан. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол, халқыңа қызмет ет, еліңнің көсегесін көгерт» деген қағиданы санасына сіңірген жас ұрпақ алдына қойған мақсат -міндетін ең алдымен Абай мұрасынан іздеп, Абай даналығынан табады.

Абай – данышпан ақын. Сәбит Мұқанов Абай жөніндегі зерттеуінде: «Данышпанның бәрі ақын емес, ақынның бәрі данышпан емес. Ал Абайда осының екеуі де бар» [1] десе, зерттеуші Ж. Ысмағұлов: «біз соған қосымша айтар едік: Абай – жай ғана данышпан емес, түпсіз тереңнен толғайтын, талай замандардың ақыл-ойын бір басына сыйғызған ғұлама ғалым, кемеңгер данышпан. Ол даналықты өзінің туған табиғатынан үйренді, туған халқының сөз қазынасынан үйренді, дүние жүзінің ғылым-білімінен үйренді. Соның барлығын өз санасында, өз жүрегінде қорытып әкеліп, туған халқына ұсынды. Бұл да болса ақын шындығының бір парасы еді» деп тұжырымдайды [2].

Абайды публицист деп ең алғашқылардың бірі болып атап айтқан Х.Бекқожин де өз зерттеуіне қарасөздерді өзек етеді: «Стиль, идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың қара сөздері – нағыз публицистикалық шығарма» [3] дейді ол.

Ұлы ақынның ой түбіне терең шомудан, өз заманының шындығы тудырып отырған түйінді мәселелерін сарапқа салудан туған ғақлия сөздері – Абайдың дүниетанымы мен ішкі дүниесінің сырын танып білуде мәні бар құбылыс.

Абай адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезініп өткен. Ол өзінің жазып қалдырған ғақлиясында ойларын жалпылама айтпай, саралай бөліп, даралай жіктеп көрсетуге ерекше мән берген. . . Мәселен «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба»- дей келіп, адам мінездеріне жақсы да жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп түсіндіріп береді. Поэтикалық тұжырымдармен топтастыра жинақтап, «Бес нәрседен қашықбол», өсек-өтірік-мақтаншақ-еріншек-бекер мал шашпақ; «Бес нәрсеге асық бол»; талап-еңбек-терең-ой-қанағат-рақым-ойлап қой дейді.

Ақыл-парасат тұрғысынан келгенде Абай 19-шы сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы», сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» дей келіп, ол өзінің 31-ші сөзінде «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші-сол нәрсені естігенде ғибратлану (үлгі) керек, үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек: төртінші-ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, иә бір қайғыға салыну, иә бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» [4] деп тұжырымдайды.

Тәрбиелі адамдардың бойынан байқалатын: ұят пен ар, ізгілік пен мейірім, имандылық пен инабатты бір сөзбен айтқанда, Ұждан деген ұғымға сыйдырамыз. Ал адам табиғатындағы ұждан атты қасиетті сипаттың тербелетін бесігі, тек жүрек тәрбиесімен ғана үйлесіп жататыны белгілі. Мұны, орасан үлкен ақындық түйсікпен Абай да сезген. Соның айқын дәлеліндей, мынау бір жолдарға көңіл аударалық:

Ұйықтапжатқан жүректі ән оятар,

Үннің тәтті оралған мәні оятар, - дей келеді де,

Жүрек тербеп оятар баста миды, -деп Абай тұжырым жасайды.

Жалпы, өзінің тәрбие жүйесінде Абай жүрек қалыптастыратын ұждандық сипатқа ерекше мән берген. Инабат (этика) сипаттарының ішінде ерекше мәнге ие Қанағат атты қасиеттің қалыптасуына Жүректің де, Ақылдың да қатынасы бар. Адам бойындағы бұл сипат жүрек пен ақылдың үндесе жетілуінен ғана нәр алады.

Абай өзінің 43-ші сөзінде: «. . . Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса жарамайды. Өлшеуін білмек бір үлкен іс керек. Ойланбақ жақсы, бірақ іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып кететіні де болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ алданбастық бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса боқысы шығады». Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік осыларға ұқсаған. ., құмар қылып ақылдан шығарып жіберетін нәрселер болады. . . Адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрселерден

бойды ерте тиып алу керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуаты бірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат екі мықты қуат қосылып тоқтатады. . . » [4] деп мөлшерсіздік пен қанағатсыздықтың түбі қайғы қасірет екенін аңғартады. Оны тоқтату үшін бір ғана ақылдың күші жетпейтінін ақын ашып көрсетеді.

Ол өзінің осы 38-ші қара сөзінде: «Ей, жүрегімнің қуаты, презенттілерім! Сіздерге ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазып ядкар (ескерткіш) қалдырайын. Ықылас- бірлән оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың толады. Махаббат әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселер бірлән. Мұның табылмақтығына себепкер-әуелі Һауас сәлим (ішкі сезім, жақсы сипат) Һәм тән саулық, бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым- білімге махаббаттандырмақ жоғарыда айтылған үшеуінен болады. Ғылым - білімді әуел бастап бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша» [4]- деп түбегейлі нәрселерді түре айтып, күллі педагогикалық тәлім мен тәрбиенің негізгі әдістеріне жөн сілтейді. Бүкіл шығыс мәдениетінің терең сезімталдық (хауас) пен ойшылдыққа құрылған ілімдерімен ойын өрнектеп отырады. Оның «мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» дейтін мұңға толы сыршылдығының сипаты да осында жатса керек.

Абай ағартушылығының бір саласы білім-ғылымға үйренумен қоса, еріңбей еңбек етуге үндейді. Адамның тұрмыс жағдайын да, жан дүниесінің жақсылық сезімдерге бөленуін де жетілдіретін пайдалы еңбек дегенді өзінің барлық шығармасына арқау етеді. Жалпы адамдық жолын Абай білімнен де, жастықтан да, еңбектен де біртұтас қарастырғанды дұрыс бағыт деп біледі.

Ақын өзқара сөзінде поэзиялық шығармаларында айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады. Бұл жөнінде Абай өзінің көпшілік оқушы, тыңдаушысыменен әңгімелеседі. Кейде өзі көп алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдіс қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгіт-өсиет түрінде жеткізеді.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге деген көзқарастары қара сөздерінде айқын байқалады. Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Осы тұста Абай өзінің дінін түп наным жағынан да, моральдық қасиеттер турасынан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түспек болады. Сол баяндауында үнемі адамның жақсы сипаттар жағын айрықша өкшеп терумен болады. Ендеше, бұл сөздің де түп мазмұн-мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу. Барлық жаратылыстың молдық берекесін айтып келіп, Абай «Адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» - дейді. Осымен бар дүниенің жан-жануары, өлі-тірі табиғаты баршасы да тек адам баласы үшін жаралады. Өйткені, адам нәсіліне тәңір иесінің жасаған махаббаты солай деген ой таратады.

Ал әлеуметтік мәселеде Абай молдалардың қараңғы нанымдарымен елді улатып, шырмап келген үлкен дін басыларға да аяусыз соққы береді. Бұлардың сүйенгені надандар, сөйлегені жалған, дәлелдері таспиғы менен сәлделері, онан басқа ешнәрсе жоқ», - дейді. Осындай дінмен байланысты діншіл ойларды айтып келіп, Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олары үш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдық - деп атайды.

Адамзат баласының жер бетінде адам болып, бақытты ғұмыр кешуі үшін екі нәрсе керек. Ол - тән азығы мен жан азығы. Тән азығына материалдық қажеттіліктер, жан азығы- рухани құндылықтар.

Адам өмірінде рухани құндылықтардың маңызы зор. Ал рухани құндылықтар белгілі бір халықтың ұлттық дамуымен тікелей байланысты болса, екінші жағынан, оның кемелденуінің де көрсеткіші.

Рухани құндылықтарын сақтап, дамыта алған ұлттар ғана қалыпты өмір сүре алады. Әр ұлттың рухын көтеретін данасы мен дарасы, қол бастаған батыры сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі бар. Өсер ел, өркендер жұрт ондай алыптарының ісіне адал, оны ұрпақ сабақтастығына айналдырады.

Осы рухани құндылықтардың қайнар көзі -Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығарма. Жалпы саны қырық бестен тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсы біреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1980. -16-т.
2. Ысмағұлов Ж. Абай: даналық дәрістері – Алматы: Өнер, 2007. – 400б.
3. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994. -192 б.
4. Абай. Қара сөздері. – Семей: «МКА», 2007. -365 бет.
5. Абай. (Ибраһим Құнанбаев) Өлең сөздің патшасы – Алматы: Дәуір, 2006. - 566 б.

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қаби Н.

«Музыкалық білім» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Жармағанбетова Ж. Р.

Бүгінгі педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық, ұстанымдарды жүзеге асырады. Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын пайдалана алу әрбір мұғалімнің біліктілігін анықтайды.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз»– дейді [1; 20].

Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу», деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

«Инновация» деген сөз - латынның «*novis*» жаңалық және «*in*» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді [2; 32].

Қазақ педагогика және психология ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі Ж.Аймауытов «. . . Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп оқыту үнемі ізденіспен, «жаңадан жаңаны» жасайтын іс-әрекет екенін айтқан еді. Сондықтан қай пән барысында да тек оқулықпен шектелмей, оқушының да шығармашылықпен жұмыс жасауына көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Мұғалім үшін ең бастысы – сабаққа лайықты әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті мен бейімділігі басты назарда ұсталады. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің жаңашылдықпен ұйымдастырылған сабағына байланысты.

Музыка сабағында оқушылардың пәнге қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс-тәсілдердің бірі –» Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы.

Сынтұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану»деп сипатталған. Сынтұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін [3; 14].

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» кез-келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді. Атақты қытай ойшылы Конфуций «танымның үш жолы бар: ең оңайы – еліктеу, ең ащысы – тәжірибе, ең мәртебелісі – ойлау» деген екен. Демек, сол әдіс-тәсілдерді меңгертіп, ішінен қажеттісін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Музыка сабағында «Оқу мен жазуарқылы сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
- Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Бұл жүйенің бір ерекшелігі – кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы. Екінші бір ерекшелігі – білім көбіне жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні. Дамыта оқыту жүйесі сияқты «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының да негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамытып-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы оқушыларға мынандай мүмкіндіктер береді:

- Мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім игеру қызметін өздері басқаруға;

- Білім қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

- Жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

- Білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз, дербес атқаруға;

- Құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып өзара сұхбат жүргізуге;

- Ой өрісі ғана емес және әлеуметтік жағынан өздерін-өздері дамытып тәрбиелеуге жетелейді.

Музыка сабағында деңгейлеп саралап оқытуға негізделген технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен музыкалық есте сақтауын, ынтасын белсенділігін дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Музыкалық шығарманы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту. Оқытуды оқушының әр түрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау мақсаты жүзеге асырылады.

Деңгейлеп саралап оқытуға негізделген технология мүмкіншіліктері:

- Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.

- Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы мынадай ерекшеліктерімен – білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі, оқушыларға берілген тапсырманың саралануы, тапсырма

оқушының күші жететіндей және қолайлы болуы шарт, білімнің базалық деңгейі оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясының механизмі ретінде оқушының бірте-бірте өрістей дамуына мүмкіншілік жасау тиіс, оқушыға оқу деңгейін таңдауға ерік беру, оқушы өз мүмкіндігіне орай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігімен сипатталады.

Оқушының жеке интеллектуалдық және психикалық дамытуға негізделген Занковтың, Давыдов пен Элькониннің «Дамыта оқыту» идеясы.

«Дамыта оқыту» идеясы көрнекті ұлы педагогтар Песталоццидың, Ушинскийдің еңбектерінен бастау алады. Дамыта оқыту деп оқытудың дәстүрлі иллюстративті-түсіндірмелі түрін ауыстыратын, белсенді іс-әрекетке негізделген оқыту түрін айтамыз. Дамыта оқыту жеке тұлғаны деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделе отырып, дамудың заңдылықтарын ескереді және қолданады. Дамыта оқыту жүйесі тұлғаны барлық қасиеттерін тұтас дамытуға негізделген.

Дамыта оқыту – күрделі, құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрін де, оқу үдерісінің сипатында танып білу үдерісін ұйымдастыру және ондағы коммуникациялар түрлерінде. т. б.

Дамыта оқытудың мазмұны теориялық ойлаудың дидактикалық тұрғыдан түзілген. Музыка сабағында дамыта оқыту оқушының алдына саналы түрде белгілі бір мақсат қойып, оған жетуін ұйымдастыратын, мақсатты түрде бағытталған оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Дамыта оқудағы негізгі нәрсе – берілетін білімнің өзектілігі. Дамыта оқытуда оқушы іс-әрекетінің толыққанды субъектісіне айналады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үрдісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Әлемдік ең озық білім кеңістігінің деңгейіне көтерілудің тиімді жолы білім беру саласын толықтай ақпараттандыру болып отыр. Мультимедианы (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды), компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта), анықтамалық мәліметтерді (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры), электронды кітапханаларды (мәтіндік, графикалық, дыбыстық және бейне ақпараттар), интернет, т. б. көрнекі материалдарды музыка сабағында және әрбір сыныптан тыс іс-шараларға пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауына және алған мәліметтерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Бұл орайда, мысалы, 4 сыныптың «Әлем халықтарының музыкасы» – тақырыбындағы сабақта компьютерлік технологияның негізінде PowerPoint бағдарламасында жасалынған слайдтар арқылы түрлі халықтардың аспаптарын,

композиторларын көріп, компьютерден түрлі халықтардың (өзбек, татар, әзірбайжан, орыс, қазақ т. б.) музыкасын тыңдап, әуендеріне би қимылдарын жасай алады. Мұғалім оқушыларға алдын ала немесе үй тапсырмасы ретінде оқушылардың шығармашылығын дамытуда презентация жасауға, сабақтың мазмұнын ашуда түрлі суреттер салдырады.

Оқушылардың музыка өнерінің кез-келген жанрларымен өзбеттерінше танысып, жұмыстар жасауына болатын ноталық редакторлар бар (бағдарламалардың) көбі ағылшын тілінде. Мысалы: Geniesoft. Overture 4. 1. 0. 19, Finale 2008, ABC Music Notation, Audimus, Canorus, MusicTex, Philip's Music Writer (PMW), Rosegarden, MIDI, Midisoft Recording Session және Midisoft, Graphire Music Prees, Power Tab, Nted7.

Музыка пәнінің ұстаздарына «Finale 2000-2011» ноталық редакторын музыканы оқыту пәндерінде қолдануы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Себебі, бұл бағдарламаның мүмкіндіктері өте көп. Мысалы: оқушылар осы бағдарламалар арқылы компьютерде нотаны (шығарманы) теріп үйренеді және қалауы бойынша өзгерте алады. Терілген нотаны (шығарманы) қалауы бойынша қай аспаптың үніне қойып ойнатса, компьютер шебер орындаушының мүмкіндігі келмейтін музыкалық шығармаларды айна-қатесіз толықтай немесе әр бөлшектерін дыбыстайды. Бұдан оқушылардың музыкаға деген қызығушылығымен қатар шығармашылық қабілеттері де артады.

Ал енді одан басқа «Музыкалық қобдиша», «Музыка ғажайыптары», «Рок, Джаз және Поп музыкаларының энциклопедиясы», «Композиторлардың өмірі мен шығармашылығы» атты электронды оқулықтары балалардың ойлау және интеллектуалдық қабілеттерін шыңдай түседі. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақ нәтижелі бола түседі. Қосымша ақпараттарды балалар фонохрестоматиядан ала алады.

Заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қазақ халқының белгілі ағартушы-педагогі, қазақ топырағында тұңғыш «Педагогика» оқулығын жазған Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі» деп, қазақ мұғалімдерінің рөлін ерекше бағалады. Осы мәртебелі мамандық иесі мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі, педагогикалық қызметінің барлық жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы болуы, инновациялық жаңа технологияларды меңгеруі, кез-келген педагогикалық жағдайды өзінің білімділігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылуы білім сапасын көтеруге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Алматы, 2014. -20 б.
2. Өстеміров К, Айтбаева А Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы 2006. -32 б.
3. Темпл Ч., Стилл., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірлеген V құрал. – Алматы, 1998, – 14 б.

КӨРНЕКІЛІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

***Касенова Д.
«География» мамандығының IV курс студенті***

Ғылыми жетекші: Қуанышбаев С. Б.

Объекті мен құбылыстардың сыртқы көрінісін көрсететін, эмпирикалық білімдер әр түрлі сезім мүшелері арқылы пайда болады.

Географияны оқытуда көрнекілік құралдардың маңызы зор. Қазіргі ғылыми зерттеулер бойынша, көрнекілік бейне – бұл сезім және тиімді компоненттердің бірлестігі болып табылады.

Елестетудің қалыптасу әдісінің бірқатар ерекшеліктері бар. Олар оқытудың мазмұны мен жағдайына байланысты. География пәні мұғалімінің міндеті – жеке және жалпы географиялық елестетулерге сипаттама беру, болашақта оларды басқа білім мен біліктіліктің және қабілеттердің қалыптасуында пайдалануға үйрету.

Географиялық бейненің қалыптасуы – бұл белсенді, мұғалім басқаратын процесс. Ол түрлі әдістер және тәсілдер арқылы жүруі мүмкін. Оқушылар алдына бір мақсат қою керек - табиғи, шаруашылық және басқа объекті мен құбылыстарды қарастырып үйрену, олардың түрлі қасиеттері белгілі бір бейнемен салыстыра отырып анықтай білу, содан кейін құбылыс немесе объектіге қарамай оқу материалын түсінігі бойынша айтып беру.

Елестетудің маңызын жақсы түсіну үшін мектеп айналасындағы табиғатты пайдалануға болды. Бұл кезде табиғатта және халық шаруашылық әрекетіне бақылаулар ұйымдастыру керек. Елестетудің тағы да бір көзі – әр түрлі көрнекілік құралдар, себебі, көптеген объектілер қоршаған ортада жоқ. Әсіресе қабырғаға ілінетін суреттердің, жер бедерін жақсы көруге болатын кино, теледидардың маңыздары зор. Картографиялық елестету түрлі карталар көмегімен құралады, соның ішінде, кесте карталары бойынша оқушылар жұмыс істеген кезде, объектілердің орналасуы, олардың түрі, пішіні есте сақтап қалады [1].

Географиялық елестетудің тағы да бір негізгі көзі мұғалімнің айтқан сөзі. Мұғалімнің жақсы, ашық, бейнелі әңгімесі арқылы сонау Амазония табиғатын, Тибет қыратының суық климатын, карьерлердегі темір рудаларын ашық жолмен алатынын және т. б. жағдайларды елестетуге болады.

Сонымен, географиялық елестетудің қалыптасуында кеңінен жергілікті жерді мысал ретінде, түрлі көрнекілік құралдарды, мұғалім сөзін пайдалануға болады. Елестету процесі екі түрге бөлінеді. Біріншісі – объекті мен құбылыстарды қабылдау, олардың қасиеттерін көрсету, негізгісін таңдап алу. Бұл кезеңде олардың нақты және жалпы меңгеруі болады. Екінші кезең объекті мен құбылыстарды есінде сақтап қалған бейнесі бойынша көз алдына елестетумен байланысты [2].

Географияда пайдаланатын деректер де, өзінің маңызы бойынша әр түрлі болып келеді. Олар кейбір теориялық маңызы бойынша қандай да болса бір қорытындының базасы болуы мүмкін. Оларға сүйене отырып, мұғалім оқушыларға, мысалы, табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарды меңгеруін түсіндіреді.

Басқа жағдайларда деректер, түсініктердің немесе заңдылықтардың дедуктивті жолмен қалыптасуында теориялық нәтижелерді нақтылауға көмектеседі. Сондай-ақ, деректер, зерттеу объекті мен құбылыстардың мәліметін толықтыруға көмектеседі. Оларға, Қазақстанның жері туралы мәліметтері, халқы саны, ірі тауларының аты, т. с. с. жатады.

Жалпы нақты мәліметтермен жұмыс істеу географиялық білімдердің қалыптасуында мұғалім жұмысының негізгі бөлігі болып табылады.

Географиялық біліктіліктерді оқыту процесіне бірнеше жағдайлар әсер етеді – білімнің маңызы, география курсын оқыту реті, бағдарлама бойынша бөлінген оқыту уақыты, оқушылар жұмыс істейтін географиялық білім көздерінің ерекшеліктері [3, 4].

Біліктілікқабылданды деуге болады, егерде оқушы:

1) пайдалануын білсе, география білімінің көздерінің -карталардың, оқулық мәтіндердің т. б. - ерекшеліктерін түсінсе;

2) жұмыстың маңызын, орындау ретін және жоспарын;

3) әр түрлі оқу, әсіресе, жаңа жағдайларда сол әрекеттерді пайдалана алса.

Біліктілік біліммен бірге қалыптасады. Білім көздері географиялық ақпаратты әр түрлі жолмен береді де, сонымен біліктіліктің қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан, оқушыларды әр білім көзінің мүмкіншілігімен таныстыру керек. География курсында картаны оқуға – оның маңызына, математикалық негізіне, шартты белгілеріне және географиялық ақпаратты беретін басқа тәсілдерге көп назар аудару керек. Барлығына белгілі «Карта – географияның әліппесі» деген, осы қорытындыға сәйкес келеді. Картаны білу, оқи алудың әр түрлі жолдары бар, олар география курсын өткен сайын қалыптасады және сол курсқа сәйкес келеді. Бірақ, карта білімнің жалғыз көзі болып саналмайды. География оқулығымен, оның бөлімдерімен танысуға да, жұмыс істеп үйренуге де біраз уақыт керек. Әр бір оқулықтың негізгі бөлімі болып саналатын – мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдерін білу - мұғалім жұмысының негізгі мақсаты болып табылады [5].

Картадан және география оқулығынан басқа, мұғалім оқушыларды әр түрлі көрнекілік құралдармен, ілінетін суреттермен, графиктермен, диаграммалармен т. б. таныстырады.

Біліктілік пен дағдының қалыптасуы бірнеше кезеңге бөлінеді:

1) біліктіліктің маңызын көрсету және оған жету мақсатын анықтау (мысалы, қойылған мақсат - статистикалық кестені оқи білу);

2) біліктіліктің құрамымен танысу және ретімен тапсырмаларды орындай білу (мысалы, кестедегі керекті бағана мен жолды тауып, оларды сандық мәліметтермен салыстырып қорытынды жасау);

3) мұғалім жұмыстың орындау үлгісін көрсету;

4) біліктілік қалыптасу үшін сәйкесті тапсырмалар орындау;

5) білілікті өз еркімен жаңа жағдайда, тапсырмалар орындағанда пайдалана білу.

Біліктіліктің игеру жетістіктері курстан курсқа көше отырып дами келеді. Жалпы біліктіліктің қалыптасуы әрбір география пәнінің мұғалімі тәжірибесінде күрделі мәселесіне жатады. Бұның бір себебі – оқушыларға біліктіліктің игерілуі білімнің меңгерілуіне қарағанда қиынға түседі. Сондықтан бұл жағдайда, мұғалім жұмыс әдісін жақсы білу және қойылған мақсатқа жете білу керек [6].

Көрнекілік құралдар немесе оқыту құралдары (немесе білім беру көздері) табиғат пен қоғам туралы ғылыми білімнің қалыптасуына, оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсатын жетілдіруге керек. Көрнекілік құралдардың негізгі бір функциясы - білім меңгеруі барысында оларды көрсете алу. Бұлар әсіресе, оқушылар физикалық және экономикалық география курсын оқыған кезде, көптеген объекті мен құбылыстарды шын түрінде көре алмаған жағдайда, маңызды болып келеді. Сонымен қатар, табиғатта кездесетін заттарда кейде көзге көрінбейтін нақты көрсеткіштерді байқау қиынға түседі, сол кезде оларды сызбалар, схемалар, модельдер т. б. арқылы көрсетуге болады. Көрнекілік құралдар білімнің негізгі көзі болып келеді, олармен жұмыс істеу барысында оқушылардың білу қабілеттері, ойлары, тілдері дамиды және көрнекілік құралдар арқылы олар ғылыми зерттеулердің қарапайым түрлерін және т. б біліктіліктерін игереді.

Көрнекілік құралдар географияны оқыту мақсаты, маңызы және әдістемесіне қазіргі қойылатын талаптармен байланысты. Олар мұғалім мен оқушылардың жұмыс істеу ерекшеліктерімен сәйкес келу керек, сонымен қатар білім мен біліктіліктердің жақсы игерілуіне көмектесу керек.

Көрнекілік құралдарды дұрыс пайдалану үшін, оларды жүйелеген дұрыс. Жүйелеудің негізі болып географиялық объектілер мен құбылыстардың бейнелері алынады, себебі географияның оқу пәні болып нақты заттар мен құбылыстар саналады. Сонымен, барлық көрнекілік құралдарды төрт топқа бөлуге болады:

1) табиғи объектілер: а) оқу барысында танысатын табиғи және шаруашылық объектілер (коллекциялар, гербарийлер, т. б.); б) экскурсияда танысатын табиғи объектілер және табиғи ортадағы шаруашылық өндірістің өнімдері.

2) табиғи географиялық объекті мен құбылыстардың суреттелуі: а) көлемді модельдер, шаруашылық объектілер, т. б.); б) қабырғаға ілінетін иллюстративті құралдар (суреттер, фотосуреттер, портреттер, кинофильмдер т. б.);

3) заттар мен құбылыстардың шартты құралдар арқылы суреттелуі (сөздер, белгілер, сандар): а) вербальді (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, мәтінді кестелер, т. б.); б) картографиялық құралдар (ілінетін карталар, атластар, кесте карталары, карта-схемалар, т. б.); в) графикалық-статистикалық құралдар (графиктер, диаграммалар, кестелер).

4) табиғаттағы құбылыстарды елестетуге арналған заттар: а) аймақтағы өлшеу жұмыстарын жүргізу үшін арналған құралдар; б) табиғаттағы құбылыстардың көлемді және сапалы көрсеткіштерін анықтау үшін арналған құралдар; в) картометриялық жұмыстарға арналған құралдар; г) жердің жылдық және бір күндік қозғалысы анықтайтын құралдар [7].

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. География сабақтары, Алматы 2007 ж. <http://www.vestnik-kafu.info/journal>
2. Бахишева С. 12 жылдық білім беру және оқушы тұлғасы. // 12 жылдық мектеп мұғалімі// №11, 2006 ж.
3. Тұрғанбаева О. М. География сабақтарында есептер шығаруға жаттықтырудың тиімді әдіс-тәсілдері. // 12 жылдық мектеп мұғалімі// №7, 2005 ж.
4. Кушимова А. Г. Орта мектепте географияны оқыту әдістемесі. Алматы, 2003 ж.
5. Душина И. В. Методика обучения географии в общеобразовательных учреждениях: учебник для Вузов / И. В. Душина – М. : Дрофа, 2007.
6. География Қазақстанның мектептерінде және жоғары білім беру оқу орындарында, 2007.
7. Низовцев В. А., Марченко Н. А., Школьные олимпиады. География. Метод пособие--2е. Изд. М. : Айрис-Пресс, 2007.

АТА-АНАСЫ АЖЫРАСҚАН ОТБАСЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРМЕН ТУЫНДАЙТЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қаспақбай Ә. А.

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Тәуекелова А. Е

Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жеткіншек шағы (10-15 жас) ең қиын кез болып есептеледі. Балалардың тәртібі нашарлап, сабаққа үлгірімі төмендейді, қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас та қалыпты болмайды. Кейбір балаларда тіпті қоғамды жатсыну әдеті пайда болады. Жеткіншектердің мінезіндегі мұндай қылықтардың негізі осы жастағы соматикалық және психикалық дамуда жатыр. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл - ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба жас. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы -оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағытының белгіленуі. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» - деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осылай деп қарауын тілейді. Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады [1].

Жеткіншектік шақ - болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар үйелменде, мектепте еңбек процесіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңейді. Бұл жастағы бала намысқор келеді, үлкендер бақылауын әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендерді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайдан да туады.

Үлкендерге байланып олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілік туғызады [2]. Үлкендердің ойланбай асығыс шешім қабылдауы балаға зиян келтіруі мүмкін. Бұл жастағы балалар өнегелі адамдардың істерімен масаттанады. Осы тұрғыдан баланың мінезін тәрбиелеу, ықыласы мен қабілетін дамыту, мұқтаждары мен тілектерін қамтамасыз ету дұрыс педагогикалық ойларға негізделуі керек. Осы ерекшеліктерді есепке ала отырып, тәрбие жұмысын тиімді етіп ұйымдастыру керек. Отбасы жағдайы, ата-ананың кәсібі, материалдық жағдайы, білім деңгейі жеткіншектің өмірдегі жолын айқындайды. Ата-ананың саналы, мақсатты тәрбиесі бала өмірінде үлкен рөл атқарады. Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы – барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы, ең маңызды қоғамдық факторы. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қазтұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Отбасы – некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы формасы. Іргесі нық отбасында әркім өзара татулық пен қамқорлыққа, үй жұмысына жабыла кірісуге, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп, ұстай білуге, ақша құқын бағалап, еңбектің әрбір тиынын қадірлеуге үйренеді. Ошақ қасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекті жақсы көруіне, қоғамдық өз міндетін сезінуіне, адамды құрметтеу секілді жоғары дәрежелі адамгершілік қарым-қатынаста болуына мүмкіншілік туғызады. Отбасындағы ата-аналардың жүріс-тұрысының типтері баланың «Мен» бейнесінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Бала жақсы адам болып өсуі үшін, ол күн сайын дерлік отбасы мүшелері арасындағы ең жарасты, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек [3].

Ата-аналары ажырасқан отбасылар некеге тұруда, оларда ажырасу мәселесі туралы қандай да бір елес қалыптасқандықтан және отбасындағы міндеттерге қатысты жауапкершілік сезімі төмен болатындықтан, оларды отбасында өмір сүргендермен салыстырғанда, ажырасу ықтималдылығы жоғары болады. Екінші себепке олар ажырасқан ата-аналары бар балалар, толық отбасында өмір сүргендерге қарағанда, ерте отбасын құрады дегенді келтіреді. Мұның себебі ретінде отбасында қалыптасқан жағымсыз атмосферадан құтылып шығуға деген талпыныс болуы мүмкін. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, ерте құрылған отбасылар көбіне ажырасумен аяқталады. Зерттеулерде дәлелденгендей, ата-анасы ажырасқан жасөспірімдер өз отбасын құрғанда, толық отбасында өмір сүргендермен салыстырғанда, жиі ажырасады екен. Басқаша айтқанда, ажырасу, отбасындағы қақтығыстар ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ажырасу өте сирек кездескен. Себебі, әменгерлік институтының болуы, «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген дәстүрлі құқықтық сананың ырқы орынсыз неке бұзылуына, жетім-жесірлердің көбеюіне жол бермеген.

Атам қазақ «Жетім көрсең жебей жүр», «жетімнің қақысы құдайдың қақысы» деп ел ішіндегі әкесіз не шешесіз қалғандарды қамқорлыққа алуды қатаң тапсырған.

Толық емес отбасының әрқайсысы өз ерекшеліктері мен бала дамуына да әсері әр түрлі болады:

- ажырасқан отбасыларда жасөспірім көп жағдайда ата-анасының конфликтілі дисгармониялық қарым-қатынасына куә болады;
- жалғызбасты ана немесе әкелердің толық отбасы болған кездерін еске түсіру көбіне жағымды эмоциялар тудырады;
- анасымен ғана болатын балалар – нақты, реалды отбасылық қарым-қатынас, отбасылық қызметтерді сезінбейді [4].

Бала үшін отбасы – ол жылулық пен мейірімділіктің, махаббаттың көрінісі, баланы ол жерде әрдайым күтеді, кез-келген жағдайда балаға қамқорлық көрсетеді. Бұл – идеалды көріністегі отбасы. Толық отбасынан толық емес отбасына айналу – ата-анаға да, балаға да ауыр соққы. Алайда, ата-ана қалыптасқан тұлға ретінде өз істеріне жауап бере алады. Ал бала даму үстінде, оның жан дүниесіне, өмірге деген көзқарасына кез-келген нәрсе әсер етеді. Бала үшін ана – жарық күн болса, әке – асқар тау. Жанына жақын екі адамның бір-біріне деген ренішін көрген бала, екі оттың ортасында қалғандай болып өз-өзін кінәлі сезінеді. Қолынан ештеңе келмейтіндей сезініп, өз ойын ашық жеткізуге жүрексініп, жасық болып өседі.

Толық емес отбасындағы балалар толық отбасындағы балаға қарағанда, өзін кем санай бастайды. Сондықтан баланы ақыл-оймен, төзімділікпен, психологиялық тәрбиемен бағыттау қажет. Тәрбиелікке жету оңай емес. Балаға ең бірінші әділетті қоғам мен өмір сүрген ортасының имандылықтәлімі қажет. Екінші бір бала тәрбиесіндегі тәрбиелікке үйретудің пәрменді тәсілі – адамдардың балаға тәлім етер жеке бастарының үлгісі, олардың өзара сүйіспеншіліктері, айналасындағы жандармен сыйластықтары, тіпті олардың табиғатқа деген көзқарастары. Сондықтан да халық даналығы «Адамнан адам тәлімалады, ағаштан ағаш мәуе алады» деп бекер айтпаса керек.

Ажырасқан отбасылардағы бала психологиялық көмекке зәру болады. Қазіргі тұрмыс-тіршілігімізде эмоциялық дауылдар мен кездейсоқ кереғарлық тартым көбейіп отыр. Бүгінгі таңдағы ұрпақ тәрбиесін қиындатып отырған негізгі себептердің бірегейі деуімізге әбден болады. Баланың жанын жаралайтын ажырасудың нәтижесіндегі психологиялық жаман әсерлер үнемі жалғаса берсе, оның ішкі қарсылығын оятып, бірте-бірте тұрақтанған қарама-қайшылықты мінез-құлқын қалыптастырады. Бұдан кейін ол ешқандай психологиялық хабарларды қабылдамайтын күйге ауысады. Жалпы ішкі қарама-қайшылықтары мол адамдар ашуланса да, өкпелесе де, өзін-өзі тоқтата алмай ұзақ әуреленеді. Кейбір жағдайларда бала ата-анасының ажырасуында өзін кінәлі деп санап, әкесін (немесе анасын) ұстап қала алмағандығын қатты қайғырады.

Бір балада мұң басым болса, басқасында ол ашу-ызамен көмкеріледі, үшіншілері өздерін кінәлі сезініп, өз-өздерін ұяттымын деп ойласа, төртіншілері әкесімен қоса анасын да жоғалтыпаламын ба деген қорқыныш пен әкесінің кеткенінен ашуланарын, не мұңаярын білмей қиналады.

Бұлар тек жай ғана реакциялар емес, егер бала психикалық жағынан сау болса, онда осы эмоциялардың біреуіне ғана жауап қайтару керек, яғни реакциясы бір түрде ғана болуы қажет [5].

Ажырасудан кейінгі күйзелісті барынша жеңілдету үшін баланың үйден бөлек кеткен әкесімен (анасымен) ашықсөйлесіп, бос уақыттарынбірге өткізуі, материалдықжәне рухани жағынан қамтамасыз етіп, баланың өзіне керекекеніне, қандай жағдай болмасын әкесі (анасы) баласын жақсы көретінін сездіртуі маңызды.

Ажырасқан отбасындағы баланың жан дүниесі жарақаттанады. Үлкендер жағы өздерінің қателіктерін мойындау мен қоса, баланы тынышқалпында қалдырғаннан артық шара жоқ. Ендігі жерде әке де, шеше де бала мен достасуды ойлау керек. Осының бәрін табиғи қалыпта дамытуды ескерген жөн. Мұндай өзгерістер мен игерулердің жалпы жағдайы мөлшермен төмендегідей сипатта болуы мүмкін:

- баланы міндетті түрде тәрбиелеу қажет. Ал, қайыра жаңа көзқарас пен тәрбиелеу үшін, үлкендер жағы үзілді-кесілді өздерін тексеру қажет. Баланың келешегіне керек ендігі тәрбие, соншама үлкен тазалықты талап етеді.

- Ешқандай күш көрсету тәлімін жүргізуге болмайды. Бұл – баланың келешігін сындыру мен құрту дегенсөз;

- Үлкендердің қатаңдығы мен қатыгездігі арқылы баланы жасытып жөндейміндеу, барып тұрған надандық. Тек қана мейірімділік пен сүйіспеншілік екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін бірден ұққан жөн;

- Психологиялық түзету жүргізетін кезеңдердің бәрінде де, басынан бастап, тек қана төзімділік керек. Тәрбиелік іс-әрекет үстінде – сабырлы ілтипат, салқынқандылық, ұстамдылық қажет;

- Баланың саналы түсінгендігіне сенім көрсете отырып, өзара қарым-қатынастың жетістігі дәлелді де, мазмұнды болғаны жөн. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғанымен, тым асыра мадақтаудың да орыналмауын қадағалау естеболды. Артық айтқан мақтаусөз, ешқандай жақсылық әкелмейді [6].

Қорыта келе, ажырасудың бала психологиясына әсері ауыр болатыны сөзсіз. Ол болашақ тұлғаның қалыптасуына кедергі келтіріп, әрі болашақ та сол баланың отбасын құруға деген қорқынышына әкеп соғуы мүмкін. Егер баланың санасын таза кітап қатеңесек, оның авторы – ата-ана, редакторы – мұғалімдер мен психологтар, көркемдеуші редакторы – айналасындағыдостары мен қатарластары. Сондықтан толық емес отбасындағы балалардың санының азаюы мен сапасының жақсыруы үшін, тек психологтар емес қоғам болып бірге ат салысуымыз, біздің қазақ бабаларымыздың асыл мұрасын жалғастырушы ұрпақ ретіндегі парызымыз. Отбасылық өмірге аяқ басқан ерлі-зайыптылар, бір- бірі үшін және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілігі барын сезініп, балаларына үлгі-өнеге көрсете отырып, отбасын өмірінің бар байлығы, құндылығы ретінде қабылдаса, болашақ ұрпақ та, қоғам да жақсарады деп сенемін. Әлемді жақсы жағына өзгерткің келеме, онда өзіңненбаста!

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Игумнов С. А. Основы психотерапии детей и подростков. – М. : Владос, 2001. – 385 с.
2. Обухова Л. Ф. Возрастная психология. – М., 1999.

3. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 158-б.
4. Емельянов С. М. Практикум по конфликтологии. – СПб. –М. –Харьков–Минск, 2001. – 400 с.
5. Кон И. С. Психология старшеклассника. – М. : Просвещение, 1980. – С. 110–112.
6. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000.

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТІҢ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРМЕН ҰШТАСУЫ

Қошан Ә. С

«Қазақ тілі мен әдебиет» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Рахметова А. Б

Кез-келген жыраулар поэзиясына берілген анықтамаларға көз жіберер болсақ, олардың басты белгілерінің бірі – бейнелілігі екендігі аталып көрсетілген.

Жыраулар поэзиясы тек ұйқасқа құралып қоймайды, сонымен қатар әдеби көркемдеу тәсілдерін де барынша пайдаланады. Бұл жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде де көрініс тапқан. Осы тұрғыдан келгенде жыраулар поэзиясында ең мол қолданылатын ажарлау тәсілі – аллитерация мен ассонанс. Мәселен, Бұқар жыраудың төмендегі нақылдарына назар аударайық:

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп [1;101].

деген сөздерінде «а» дыбысы қайталанып келіп, ерекше үйлесімін тауып, үндестік құрған. Демек, дауысты дыбыстардың үндесуі ақын, жырауларға тән көтеріңкі пафосты дәл танытады.

Сондай – ақ, Шалкиіздің 45 жолдан тұратын «Мен көремін» толғауының 41 жолы «а»-дан, 4 жолы «о»-дан басталады.

Сол сияқты дауыссыз дыбыстар да жыраулар поэзиясындағы шешендік сөздерді айрықша ажарлылық сипатқа ие ете алады. Мысалы, Шалкиіз жыраудың бір туындысынан мысалкелтірейік:

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па?
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басым қалмас па?
Жат туғанды өзі еткен
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па? [1; 44].

Жалпы, бұл ұяң дауыссыз дыбыстардың үндесуі эмоционалдық бір көңіл-күйді білдіріп тұр.

Сонымен қатар, шешендік сөздерде ең көп қолданылатын көркемдеу тәсілі, ажарлаудың бір түрі – теңеу. Теңеуде «суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. [3; 12]. Мысалға, Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан арнауынан үзінді келтірейік:

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,

Қарағай менен қайындай [1; 53], - деп, теңеудің әдемі де сұлу үлгілерін алға тартқан. Өзінің ерлігі мен өрлігін, зорлығы мен беріктігін табиғаттың тамаша туындыларына теңеп, сол арқылы мықтылығын суреттейді.

Жыраулар поэзиясындағы шешендік үлгілерінде эпитет (айқындау) те өзіндік орын алған. Мысалы Асан қайғыда:

Таңдайға біткен қызыл тіл,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол.
Шалкиіз жырауда:
Қара сия, ақ қағаз,
Дестірге өнер төктірдің [2; 187] .

Осы мысалдардағы қара сия, ақ қағаз, қызыл тіл сияқты сөз тіркестері ауыз әдебиетінен, әрісі түркі тіл халықтар әдебиетінен етене таныс болуы мүмкін. Бұл екі жағдайды аңғартады. Біріншіден, Ежелгі поэзиямыздың күні бүгінге дейін әрқилы орайда қолданылып келе жатқан бұл тіркестер – дәстүрлі жалғастықтың куәсі. Екіншіден, сан ғасыр ұғымға орнығып қалыптасқан тұрақты айқындаулар.

Жырауларда бір сөз жол аяғында екі-үш рет қана емес, біренешерет, тіпті бүкіл шумақ бойында қайталаулар болады. Қайталаулардың бірнеше түрі қарастырылған.

1. Жырауларбасты назар аударған нәрсенің не болмыстың, яки оның басты қасиетінің өлең жолы аяғында бірнеше рет қайталанып келуі, мәселен Асан қайғыда:

Тақырлауға қонған қаз-тырна,
Таң маңынан ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар ол.
Қызыл изен, боз жусан,
Сарыарқаға бітер ол.
Таңдайға батқан қызыл тіл,
Жаққа біткен отыз тіс,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол [2; 218].

Өлеңнің алғашқы тармақтарынан, яғни тармақтағы сөз тіркестерінен жырау нысанға алған негізгі объекті айқын танылады. Бірақжырау басты әрекеті мен қимыл, қасиетін «ол» деген сілтеу есімдігін қайталау арқылы жинақтай көрсетеді.

2. Есімшенің «ар», «ер» жұрнақтары арқылы жасалған болжамды келер жақ түріндегі сөздердің қайталанып келуі, мысалы, Шалкиіз жыраудың толғауынан үзінді келтірейік:

Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар.
Ақ желкенді жел бастар,
Ғаділ төре ел бастар. . .
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жүмле ғаламға күлкі етер [2; 220].

3. Риторикалық сұраумен келетін қайталаулар. Мысалы Ақтамберді жыраудың шығармасынан мысал келтірейік:

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма?!
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма?! [2; 223].

Осылайша көптеген жыраулардың шығармаларында эпикалық қайталау сұрау түрінде келіп, жыраулардың замана халін, өмір сырын білдірер негізгі ойын айқын танытуға қызмет етеді.

4. Бұйрық рай түрінде келетін эпифоралық қайталаулар, мысалы Шалкиізде:

Алып, алып, ал сақын,
Аңдып жүрген дұспаныңнан мың сақын.
Күле кіре күңіреніп
Шыққан достан мың сақын [2; 223].

5. Істің, заттың, құбылыстың, оқиғаның себеп-салдарын, мақсаты мен шартын білдіретін эпифоралық қайталаулар, мәселен Асан қайғыда:

Әділдіктің белгісі-
Біле тұра бұрмаса,
Ақылдының белгісі-
Өткен істі қумаса [2; 224].

Жырау «белгісі» сөзін қайталап, өмірдегі жақсылық, жамандық түрін ашық түсіндіре суреттейді.

Шешендік сөздерде ауыстыру (метафора) мол қолданылады. Ауыстыру алынып отырған заттың не құбылыстың мағыналас, мәндес басқа ұғымдардың орнында пайдаланып, ойды ықшамды, суретті, айқын, қысқа жеткізуге негізделеді. Қажым Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде құбылысы жағынан алғанда Абайға дейінгі поэзиясында метафораның 5 түрін ажыратқан [3; 216].

Мысалы Ақтамберді жыраудан үзінді келтірейік:

Сыртым -құрыш, жүзім – болат,
Тасқа салсаң майырылман [2; 193].

Бұл мысалда бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынған метафораның жалғаусыз, жұрнақсыз жай түрі.

-мын, -бын, -пын, -сын жіктік жалғаулары, не -м, -н, -ы, (-сы) тәуелдік жалғауларының көмегімен жасалған метафоралар кездеседі. Мысалы, Бұқарда:

Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын [1; 194].

Бұқар жырау жырларындағы ауыстырулардың тағы бір түрі, «едің» көмекші етістігі арқылы жасалады. Мысалы:

Отыз бес жасқа келгенде,
Қара судың бетінде,
Сығылып аққан сен едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтынды тонның жеңі едің [2; 194].

«Едім» көмекші етістігі көмегімен жасалатын ауыстырулар жыраулардың өз аттарынан айтылатын толғау, теңеулерде, лирикалық герой атынан берілетін монологтерде, «едің» көмекші етістігі көмегімен жасалатын ауыстырулар, әсіресе, арнау өлеңдерде көп ұшырасады.

Жыраулар поэзиясында шендестіруде молынан қолданылады. Мысалы:

Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда

Бір аяқ асқа алғысыз [1; 44] , - деп жаман мен жақсыны шендестірген.

Толғауларда, арнауларда құбылтудың ауыстырудан өзге кездесетін түрлерінің бірі – шендестіру. Мысалы, Бұқар жыраудың:

Күлдір - күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес.
Күрек тісің қасқайтып,

Сұлуды құшқан жиырма бес [2; 202], бұл жырда күрең – сайгүлік, сұлу – ару, қыз деген мағынада қолданылып тұр.

Жыраулар суреттеген құбылыстарға ерекше рең, ажар беріп, айтпак ойларын аша түсуге мейлінше елеулі ықпал ететін көркемдік тәсілдердің бірі-меңзеу(синекдоха). Ақтамберді жыраудың шығармасынан мысал:

Білімдіге бағынсаң,

Халық жүдеп іші азбас [2; 204] , адамның бір ғана мүшесі – ішті меңзеу арқылы білімдіге бағынған елдің бірлік, берекесі нығайып, ортасы олқы түспес, «іші азбас» деген ойлы пікір толғайды.

Түйіндеп айтқанда, шешендік сөздерде қолданылатын бейнелеу тәсілдерінің барлығы да жыраулар шығармашылығында да болатындығына көз жеткіздік, ол өз кезегінде ақындық поэзияға да терең әсер еткен. Жоғарыда келтірілген мысалдардың өздерінен – ақ бейнелеу тәсілдерінің жыраулар поэзиясындағы шешендік сөздердің қуаттылығын арттыруда, әсемдік, әуезділік дарытуда қаншалықты маңызды екендігін аңғаруға болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / Құрас. :Мағауин М., Байділдаев М. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
2. Алдаспан. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы / Құрас. :Мағауин М, Алматы: Жазушы, 1971. -278 б.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. / Құрас. :З. Ахметов, Т. Шаңбаев/ Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. -398 б.

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Макашева М. Т.

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Бижанова Ғ. Қ.

Отбасы қызметінің ортақ топтамасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету деуге болады. Сондықтан, егер отбасын құруға екі жақ жоғары дайындықпен келсе, онда ерлі-зайыптылардың некедегі өмірге оңтайлы көзқарастары қалыптасады және некені бұзу салдары азайып, үйлесімділік орнайды.

Психологтардың отбасы психологиясы мен тұлғааралық өзара әрекеттестік саласында анықтаған көптеген бетбұрыстар, тұлғааралық қатынастардың тұжырымдамалы модельдерінің спектрының туындауына ықпал ететін әртүрлі теориялық болжамдар отбасылық қатынастар психологиясын ұғынудың өзектілігін айғақтайды. ХХІ ғасырдың болмысында өзге адаммен тұрақты, үйлесімді одаққа қалайша қол жеткізуге болатындығы және сол одақты бүкіл өмір бойына сақтауға жөніндегі мәселелер өзекті болуда [1].

Көптеген мамандардың пікірінше қазіргі заманғы қазақстандық отбасы шынайы дағдарысты кешіруде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, адамдардың материалды жайлылығы мен өмір сүру деңгейі неғұрлым жоғары болса, дағдарыс соғұрлым айқын көрініс береді. Қазіргі таңда мемлекеттің, ғалымдардың тарапынан қолдауға мұқтаж жас отбасы ерекше қиындықтарды кешіруде. Танымалық американдық психолог Нельсон-Джоунс, «... Жолға қойылған отбасылық қатынастар бұл – тіршілік ету, өмірлік маңызы бар бірінші дәрежелі мәселелердің санатынан. Жайсыз отбасы өзін-өзі төмен бағалайтын жайсыз адамдарды тәрбиелеп, оларды қылмысқа итермелейді, ақыры жан сырқатына, ішкілікке, нашақорлыққа, жоқшылыққа және өзге де әлеуметтік қиындықтарға ұласуы мүмкін», - деп есептейді. Егер біз отбасы адамның нағыз өзгелендіруші тәрбиеге қол жеткізе алатын орынға айналуына бар күшімізді салатын болсақ, біз айналамызда едәір қауіпсіз және адами ортаны қамтамасыз ете аламыз. Отбасы шынайы адал адамдарды қалыптастыру ортасына айналуы ықтимал» [2].

Көптеген зерттеулердің көрсеткіші бойынша некеге отыру және жас жұбайлық қарым-қатынасты қалыптастырудағы ең алашқы мотив сүйіспеншілік «махаббат» болып табылады. Өкінішке орай, «махаббат» сезіміне нақтылы анықтама бере алмаймыз, сол себепті оның субъективті интерпретациясына және нақтылы ғылыми теорияның жоқтығының салдарынан әр адам өз индивидуалдылығына сай «махаббат» өзндік мән енгізеді. Эмоционалды қарым-қатынасты психологиялық талдауға арналған, соның ішінде махаббат феноменіне қатысты анағұрлым қызығырақ жұмыс болып Л. Я. Гозман жұмысы табылады. Ол жұмыста автор көптеген бағыттар мен теорияларға талдау жасай отырып, эмоционалдық қарым-қатынасты, соның ішінде махаббат жөніндегі теорияларды шартты түрде екі негізгі модельге бөлуді ұсынды.

Бірінші модельге сай махаббат адамды анағұрлым тәуелді және мазасыз, тұлғалық өсуінен айырады. Ал, екіншісінде махаббат психологиялық комфортқа әрекеттендіреді, ішкі шиеленістерді және мазасыздықты шешеді, тұлғалық өсуді қамтамасыз етеді. Л.Я. Гозманның көзқарасы бойынша адам басқаның өзіне деген жағымды қарым-қатынасына сенімді болса немесе адамға өзіндік жоғары бағалау тән болса, онда жанұяға оптималды модель тән екендігіне барлық негізі бар. Сондай-ақ бірінші моделіне Л. Каслер теориясын жатқызуға болады. Ол бойынша бір адамның басқа адамды жақсы көруіне 3 себеп бар. Ол біріншіден, өз бағыт-бағдарын және әлем жөніндегі білімділігін көрсетуге қажеттілік. Екіншіден, тек махаббат пен ғана әрдайым өзінің сексуалдық қажеттіліктерін ұятты сезінбей қанағаттандыруға болады. Үшіншіден, Л. Каслер бойынша махаббат қоғамдық талаптарға конформды реакция болып табылады [3].

«Оптимистік» моделге мысал. А. Маслоу теориясы мысал бола алады. Психологиялық дені сау адамға махаббат Маслоу бойынша ең алдымен мазасыздықты шешеу, толқ қауіпсіздікт және психологиялық комфортты сезінумен сипатталады. А. Маслоу көзқарасы бойынша ерлі-зайыптылар жыл өткен сайын әдеттегідей азаймайды, керісінше арта түседі. Жалпы оның ойы бойынша серіктердің танысу мерзімінің ұлғайюы, өсуі қанағаттану деңгеймен байланысты болады.

Отбасы – педагогика, психология, философия ғылымдарындағы арнайы категория. Тарихқа көз жібертсек «отбасы» ұғымы көп ғасырлы халық мұрасымен байланысты. Біздің тәуелсіздік мәртебесіне ие болған қазақ мемлекетінің барлық жанұяларына жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттер, ең алдымен жалпы азаматтық құндылықтарға сенім, әлеуметтік белсенділік, еңбек қорлықпен санаға сіңген тәртіп, жеке тұлғаның еріктілігі, гумандық қарым-қатынас, ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпқа құрметпен қарау, ізгілікті парасаты мінез-құлық тән болуға тиіс. Бұл міндеттер адамгершілік тәрбиесінің негізіне алынады.

Отбасының ұйытқысы – адамгершілікке негізделген неке. Еркек пен әйел арасындағы шынайы сүйіспеншілікке негізделген некелік парызды шынайы сезімен, ішкі жансарай байлығымен бағалау бала тәрбиесінде зор орын алады. Сондықтан, отбасы некенің табиғи түрлі жалғасы ретінде ұрпақтар қатынастарында қалыптасады. Неке жұбайлар арасында да, ата-ана мен балалар арасында да, азаматтық құқықтық, адамдық қатынастармен байланысты. Қазіргі кезеңде некелесуге дейінгі проблема жайлы жастар арасында әр түрлі

көзқарастардың бар екендігін өмір көрсетіп отыр. Жастардың некелесуге дейінгі қатынастарын білу және олардың болашақ бақытты семьялық өмірі, неке, оның бұзылу себептері жайлы көз қарастарымен танысуымыз керек.

«Отбасылық бақыт – бұл жас жұбайлардың бір-бірін сыйлауы, олардағы махаббат, жұбайлық сезім, рухани байлық, өз өмірін жұбайы үшін қию, сонда ғана берік, бұзылмайтын одақ болады, ал бала туу, оны тәрбиелеп өсіру, жас семьяны одан әрі біріктіреді». Кейбір жастар неке жасына жетпей-ақ үйленуге шемім қабылдайды. Олар ата-аналарының, аға-жолдарының ақылын тыңдамайды, айтқандарға көнбейді. 18 жаста оқу мен отбасы өмірін ұштастыру өте қиын – бұл ұйқысыз ұзақ түн, жүйкенің тозуы, материалдық жағдайдың қиыншылығы. Жастардың отбасылық өмірге дейінгі өзара қарым-қатынастарының олардың болашақ некелесіп, отбасылық өмір құруға даярлауға бағыттайтын қажетті фактор. Отбасы үйлесімділігіне нұқсан келтіретін жағдайларды бұдан да көп толықтыра беруге болады. Сонымен қатар психикалық дайындықпен басқа, отбасында маңызды орын алатын, әйел мен ер адамның өмірге керекті, нақты білімдер жүйесі, дағдылар, іскерлік жүйелері болуы қажет. Отбасын құру стилінің ортақ өңдеуінен, жұбайлардың бір-біріне не қымбат, соның бәрін қабылдап, сүйуге, түсінуге тырысады. Бірігіп өмір сүрудің алдында одан әрі рухани жақындасуды, бір-бірінің қызығушылықтарымен өмір сүруге құштарланады. Өкінішке орай алғашқы жарқын да қызықты күндер, айлар өткенде адам әр түрлі жақтарынан ашыла бастайды, сөйтіп бірінші реніш, бірінші ұрыс пайда болады.

Махаббат жас жұбайлардың бейімделуіне тікелей байланысты. Сол себепт бірнеше көрнекі оқымыстылардың «махаббат» феноменінің табиғатына, құрылымына байланысты көзқарасын қарастырып кетуді жөн санадым (Э.Фромның, З.Рубиннің, А.Г. Харчевтың, Б.И. Додоновтың, М.Сеченовтың).

Көрнекі отандық социолог және философ А.Г. Харчевтің ойы бойынша махаббаты бір объектіні екінші объектінің физиологиялық жоғары бағалауы, артық көрумен шектеуге болады. Махаббат әлеуметтік сезім ретінде тек басқа жынысқа деген қарым-қатынас инстинкті және физиологиялық жақындықпен қоса, рухани ымырашылықтар болған жағдайда ғана айтуға болады. Отандық психолог Б.И. Додонов жазушы, ақын, моралистердің махаббат жөнінде айтқандарына талдау жасаған [4].

Адамды адам ететін орта және тәлім-тәрбие десек, сәбидің тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуында отбасының, құрбы-құрдас, яғни әлеуметтік орта ықпалының елеулі екенін естен шығармауымыз керек. Ұрпақты данада, тәрбиелі етіп тәрбиелеу үшін – оның тұлғалау ерекшеліктерін қалыптастыру қажет. Ал тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы негізгі фактор бұл отбасы. Отбасы мәселесі психологияның қай саласының болмысын ең орталық маңызды мәселелерін бірі болып табылады. «Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға яғни ері мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындасардың және бірге тұрып ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан-алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы. Отбасы өмірі әр түрлі материалдық (биологиялық, шаруашылық) және рухани (адамгершілік, құқықтық, психологиялық, эстетикалық) процестермен сипатталады. Отбасының

әлеуметтік рөлі адамның өзін өсіруге, адам тегін ұзартуға тікелей қатысымен анықталады. Отбасы – тарихи категория» деп философиялық тұрғыда анықтама берілген. Және де отбасының типтері мен формалары, функцияларына, қоғамдық қатынастардың сипатына, қоғамның мәдени дамуының отбасына ықпалына, отбасы тарихына қысқаша шолу жасай отырып, зерттеушілердің көзқарастық ойларына тоқталады да «... адамгершілік, эстетикалық және психологиялық қатынастар алдыңғы қатарға шығып, олар жеке адамның жарасымды дамуына сәйкес жетілдіріледі» деген оймен қорытындылайды.

Отбасылық қақтығыс себептері болып табылады: қанағаттандырылмаған қажеттілік: көзқарастардың және қызығушылықтардың, дүниетанымның, өзіндік ерекшелік пен мінездердінің сәйкессіздігі. Жұбайлар негізінен некелеседі: еркек пен әйелдің өзіндік жетілдіруі, «әке» және «ана» болу қажеттілігі, сексуалды қатынасқа түсу, жағымды эмоция алу үшін бірге «демалыс» ұйымдастыру және т. б. Осы негізі талаптар орындалмаса, жұбайлардың біреуі немесе екеуі де өз қажеттіліктерін қанағаттандырмаса – қақтығыс болуы ықтимал. Г. Навайтис отбасы мәселесін қарастыра отырып, отбасылық қажеттіліктердің төрт тобын бөліп көрсеткен.

1. Өмірлік қызметті қамтамасыз ететін материалдық жағдайды қамтамасыз ету қажеттіліктері;

2. Ана болумен байланысты махаббатқа деген қажеттіліктің болуы;

3. Психологиялық және физикалық жақындыққа деген қажеттілік;

4. Отбасылық қарым – қатынас жасау қажеттілігі

Отбасы өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, қоғамдық қызмет те атқарады, өткені отбасы қоғамның негізі және маңызды әлеуметтік институты болып табылады. Ең алдымен, ұрпақты жалғастыру қызметін атқарады. Бұнымен қатар отбасының әр мүшесінің жеке қажеттілігін және жалпы отбасылық (топтық) қажеттіліктерді қанағаттандырады. Отбасының өз қажеттіліктерін қанағаттануы отбасылық қызметтерді жүзеге асыруға негіз болады. Осы қызметтерге тоқталсақ, олар репродуктивті, экономикалық, тәрбиелеу (немесе әлеуметтендіруші), коммуникативті, демалысты ұйымдастыру, өскелең ұрпаққа құндылықтар мен салт-дәстүрлерді беру және т.б. Аталған қызметтер арасында өзара тығыз байланыс бар. Отбасы атқаратын қызметтерге психологиялық шолу жасасақ, отбасының ең негізгі қызметі бұл репродуктивті қызмет болып келеді. Отбасының репродуктивті қызметі адамзат тегін жалғастыру. Тәрбиелеу қызметінің негізі (немесе әлеуметтендіру қызметті) түсінікті. Өйткені бұл мәселе қай кездің болмасын өзекті мәселелердің бірі болып табылады [5].

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі отбасындағы әлеуметтік жағдайды дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - № 5., 36 -39 б.
2. Р. Нельсон-Джоунс. Теория и практика консультирования. Глава 1. – СПб:»Питер», 2000.
3. Л. Я. Гозман. Психология эмоциональных отношений. Москва 1987. – 26-27.
4. А. Г. Харчев. Нравственность и семья. Москва 1981. - 48.
5. Г. Навайтис. Тайны семейного несчастья. Воронеж 1998. -39.

ҚОҒАМДАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Маматқұлова Р. Е

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Тәуекелова А. Е.

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі»


«Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қолдау туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық көмек көрсету туралы» ҚР-ның Заңдарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі [1].

Ата Заңымыз Конституцияның «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4-тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. «Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болсада, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған [2].

Қазіргі кезде елімізде мүмкіндігі шектеулі ересек жандарды қоспағанның өзінде 150 мыңнан аса мүгедек бала өмір сүруде. Бұл әрине қынжылтарлық жағдай. Қазірде ел болғалы бұл жағдай толастаған емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі, жарымжан жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы көргенінде аяушылықпен қарап, бүгініне шүкіршілік етесің. Ал олардың хал-ахуалын, жүрек түкпіріндегі күйзелісін біз қанша ойланып, тебіренсек те жеткізе алмасымыз хақ. Олар іштей жан азабын тартып, күйзелгенімен өмірде мықты, қандай қиындыққа болсын мойымай, қайсарлық танытқанын көргенде еріксіз қайран қаласың. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу-белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы. Ал осы мүмкіндігі шектеулі балаларға тек қоғамдық қамқорлықпен ғана емес білім беру саласында да басты назарда. Мұндай жарымжан жандар оң солын танып, білім алып, толыққанды азамат болуы үшін білім беру саласы да өз мүмкіншілігіне орай біліммен қаруландыруда.

Көптеген ғасырлар бойы «адамзат» әр түрлі ғылым салаларының басты объектісі болып келеді, себебі ғылым мен адамзат бір бірімен тығыз байланыста келеді. Өз тарихын, мәдениетін, табиғи болмысын танып білуге деген адамзат құштарлығының шегі болған емес. Осы таным жолында психология ғылымының орны аса зор әрі ерекше. Адам болмысының табиғаты, оның саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуы, айналасындағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері психология ғылымының негізінде жатыр. Адамның даму заңдары мен болмысының мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның дамуы үшін өте қажет. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизмі, әрекет, әлеуметтік бағыт, тәртіп стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін, қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды. Яғни, әлеуметтік үдерістерді зерттеуде психологиялық факторларды ескеру-заңды қажеттілік.

Адам баласында өмірге келген сәттен бастап, белгілі ортаға бейімделу үдерісі жүреді. Психологияда бұл үдерісті адаптация деп атайды. Адаптация-жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонысымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады. «Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда да маңызды орын алады. Бұл терминді еңгізген Г. Селье бойынша бейімделу үш стадиядан тұрады [3]:



Кесте 1. Г. Селье бойынша бейімделу стадиясы

Бейімделудің негізгі түрлері –сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу–түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу –бейімделудің еңжоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процестің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы

индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері – адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы-тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады. Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге асады. Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу-жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді. Еңбек жолын бастаған жастарда, бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микро социумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т. б. жаңа жағдайлар туғызады.

Әлеуметтік бейімделу – тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы – психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету. Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады.

Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді. Көршілес мемлекет Ресейде түзету жұмысының теориясы мен тәжірбиесін дамытуда жетекші рөлді А. Н. Граборов (1885-1949) атқарды. Ол ақыл ойы кем балалармен жүргізілетін сабақтардың біртұтас жүйесін жасады [4].

Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай

жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осыдан кейін әлеуметтік психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік физкультура, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады. дамның ең маңызды игілігі –жеке басының бостандығы мен құқықтары.

Қазіргі таңда, еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өз-өзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөспірімдерге көрсетіледі. Осы орайда педагог-психологтың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарым-қатынастарын дамытып, дені сау баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі 16664 бала, жалпы мектептердегі арнайы сыныптардың саны 762 болса, сол сыныптарда – 7582 бала оқып жатыр, ал

жалпы мектептерде ешқандай әлеуметтік– психологиялық қолдаусыз оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 65 мыңнан асты. Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде балалалық мүгедектің алдын алу, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде кемтар балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып саналады. Отандық Ерсарина А. Қ, Жалмұхамедова А. Қ, Сүлейменова Р. А т. б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады [5].

Ойымды қорытындылай келе, қоғамда тек дені сау балалар дүниеге келуі керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру. «Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өз балдары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған бей-жай қарамайтынын түсінеді. Бала-адамның бауыр еті, бала десе еміренбейтін жүрек, сыздамайтын балтыр бар ма? Қай ата-ана өз баласының өзгелерден оқшау оқып, білім алғанын қалар дейсің.

Бар тәттісін аузына тосып, бар мүмкіндігін баласына сарп ететін ата-ана өз баласының денсаулығын, болашағын бәрінен жоғары қойып түн ұйқысын төрт бөліп, күйзелетіні, айналасына көрсетпей еріксіз көзіне жас атыл, бұлай неге болды деп сарқ ұратыны кімге болса да белгілі. Сондықтан даму мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан қалдырмай, олардың қоғамда бейімделуіне ат салысу қай азаматтың болса да, қай елдің болмасын басты парызы.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі туралы» заңы, 2001ж.
2. Қазақстан Республикасының «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заңы. – 2005 ж.
3. Кушваха П. «Снузлин- уникальный сказочный мир ощущений».
4. А.С. Шеримова, А.Н. Елюбаева // Молодой ученый. – 2015. – №8. 1. – С. 41-44.
5. Шеримова А.С. «Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы».

АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мәлік Г. Ө.

«Педагогика және психология» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Бижанова Г. Қ.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеніне байланысты Елбасының «2030 жылғы жолдауындағы» мақсаттар мен мұраттар мүлтіксіз жүзеге асырылса, ұрпақ тәрбиесіндегі істерде де үлкен бетбұрыстар болары сөзсіз [1]. Ұрпақ қамы ертеңгі ел қамы. 21 ғасырда өмір сүріп еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап уақыт талабынана өткен бай қазынасын отбасы тәрбиесінде қолдану – кезек күттірмейтін мәселе екені даусыз. Отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде 17-18 ғасырларда өмір сүрген батыстың, орыстың педагог – ғалымдары жақсы ой-пікірлер айтқан болатын. Я.А. Коменский «Ағайынды чехтарды» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берсе, ал Швецарияның кемеңгер педагогы И.Г. Песталоцци тәрбиені ана тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздей отырып жүргізуді мақұлдады.

Қазақ отбасындағы ата-ана мен баланың кісілік қарым – қатынасы, эмоционалды сезімдері – олардың жаны мен қанының табиғи бірлігі негізіндегі жақындық арқылы орындалған. Қазіргі уақытта баланы заман талабына сай жеке тұлға етіп қалыптастыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда. Бұрын бәрімізге белгілі халқымыздың аса күшті қасиеті балажандылығы деп саналған. Тіпті қазақ әйелі әулиеге түнеп перзент үшін өмір сүретін. Ал, қазір қазақ әйелдері арасында балаға деген сүйіспеншілік күрт бәсеңдеп кеткен сияқты. Себебі сәби өмірге мүлде дәрменсіз күйде келеді. Нәрестенің өмірге келіп, кіндігінің келісіп, жөргекке оралуынан бастап дені сау, ақылды да тәлімді бала етіп өсіру мақсатындағы ата-ананың өмірінде таусылып бітпейтін қарбаласы басталады. Соңғы жылдары адамның жан дүниесімен сырласып, оның мінез-құлқын, тәртібін зерттеуде психолог – педагог мамандар адамдар арасындағы қарым-қатынасқа айрықша назар салып отыр. Осы бағыттағы құнды зерттеудің негізін, әсіресе мектепке дейінгі кезеңде М.И. Лисина, Қ.Т. Шериязданова сынды ғалымдар салды. Олар психологиядан мектеп жасына дейінгі баланың ересектермен қарым-қатынасын зерттеуде жаңа жол ашты. М. И. Лисина зерттеулеріндегі негізгі әдістердің бірі – отбасында тәрбиеленуші және түрлі типтегі балалар мекемелеріндегі отбасынан тыс тәрбиеленіп жатқан балаларды салыстыра отырып зерттеу. Балалар үйінде тәрбиеленушілер өмір сүруге қажетті барлық қажеттіліктермен (қалыпты тамақтану, киім, ойыншық, дәрігерлік бақылау, білім т. б.) қаматамасыз етілгенімен, дара бағыттағы үлкендердің эмоционалды – жағымды қарым-қатынасының тапшылығы олардың жан-жақты дамуын баяулатады [2].

«Ата-ана – бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әр түрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтау және жазалау. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егерде жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану керек. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады.

Адамды қалыптастыратын қоршаған орта, қоғам екендігі белгілі шындық. Отбасындағы ата –ана мен бала арасындағы қарым – қатынас мәселесін В.С. Мухина мен Л.А. Венгер де ғылыми тұрғыдан зерттеді [3]. Олар отбасында дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас пен тәрбие үрдісі нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала өздігінен дербес түрлі әрекеттер (киім кию, жуыну, тамақтану т.б.) орындағандарымен, ата –ана тарапынан көрсетілген эмоционалды қарым-қатынасты әлі де болса ас қажет етеді. Деп тұжырымдайды. В.С. Мухинаның айтуынша адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында балада әр түрлі тәртіп формалары қалыптасады. Бұл жерде бала үшін ең бастысы - ата-ана тарапынан ұйымдастырылған жағымды қатынас. Ата-ана сенімі мен махаббаты балада оптимизм, жақсы, үлгілі болуға деген тілекті қалыптастырады. Бала әр уақытта өзіне жасалған эмоционалды қолдауды қажет етеді. Л.А. Венгер өз пайымдауын айтады. Баланың жан-жақты дамуына отбасының әсерін көрсете келіп, ол жердегі тәрбиелік ықпалдардың дұрыс ұйымдастырылмауы, қарым-қатынасқа қанағаттанбау, ұжымда өз орнын дұрыс сезінбеу, отбасындағы кикілжің жағдайлар, осылардың бәрі бала тәртібінде біраз қиындықтар тудырады деп қорытындыласа, ресейлік ғалым Б.Лихачев отбасы баланың жеке басына екі жақты: біріншіден, отбасының материалды жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, яғни отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажеттіліктері мен әлеуметтік құндылықтары арқылы; екіншіден әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет арқылы әсер етеді. Бұл көбінесе отбасындағы негізгі көзқараспен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеологиялық, адамгершілік және эстетикалық талаптарына қаншалықты сәйкес болуына байланысты жүзеге асырылады деп көрсетеді. Баланы дұрыс толыққанды азамат етіп тәрбиелеу үшін ынтымақтастық қарым-қатынастың керек екені белгілі. Осы қарым-қатынас түрін дамыту жолдарына баса көңіл бөлген жөн. Біздің бұл көзқарасымыз халықтық тәрбиенің басты қағидаларының ғылыми педагогикамен байланысын қарастырған С.Қалиевтің тұжырымдамасымен қабысып жатыр. Халық педагогикасында тәрбие ісі баланың жас ерекшелігін ескере жүргізуді талап ете отырып: «Ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындай бағала» - делінген. Осылайша баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп санаудың өзі ғылыми педагогиканың ынтымақтастық орындалған. Қазіргі уақытта баланы заман талабына сай жеке

тұлға етіп қалыптасыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда. Бұрын бәрімізге белгілі халқымыздың аса күшті қасиеті балажандылығы деп саналған. Тіпті қазақ әйелі әулиеге түнеп перзенті үшін өмір сүретін. Ал, қазір қазақ әйелдері арасында балаға деген сүйіспеншілік күрт бәсендеп кеткен сияқты. Отандық ғалым Қ.Жарықбаев өзінің «Ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес» - атты мақаласында Қазақстандағы тастанды балалардың 90% қазақ балалары екенін айтады (2000) [4]. Осылардың бірден-бір себебін қазіргі шаңырақ көтерген жастардың бала тәрбиесіне толық даяр еместігі немесе ата-ананың тәрбиедегі «қараңғылығы» салдарымен түсіндіруге болатын шығар. ық заңдылықтарымен байланысады.

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелерін Л.А. Венгер баланың ойын әрекетімен байланыстыра қарайды. Ойын барысында жүргізілген қарым-қатынас бұл кезде әлеуметтік қатынастар мектебі болып табылады. Себебі ойын әрекетінде қарым-қатынас жасау арқылы бала өзгенің көңіл күйіне ортақтасып, мінез көнгіштігін түсіне бастайды. Ал, А.В. Запорожец, Я.З. Неверовичтер тек отбасы жағдайында, жағымды қатынастар негізінде ғана мектеп жасына дейінгі бала тәртібінде айналасындағы үлкендер, құрбыларына деген көнгіштік, аяушылық, өзгелердің әрекетіне баға беру сияқты эмоционалды тәжірибе қалыптасады деп көрсетеді [5]. Кейде өмірде болашақ ата-ана бала тумай жатып, оның қандай болатыны, қалай өсетіні, немен шұғылданатыны туралы жоспар құрып қояды. Біраз уақыт өткен соң ата-анасы оның өзгеше екенін түсінеді. Ғалымдардың ойынша отбасындағы жағымды қарым-қатынас балада жауапкершілік, ынтымақтастық, бірлік сияқты сапаларға негіз болса, керісінше жағдайдағы қарым-қатынас (ұрыс-керіс, қақтығысушылық) баланың көңіл-күйіне, еңбекке қабілеттілігіне үлкен зиян келтіреді. Айналада болып жатқан құбылыстар балаларды сөзсіз қызықтырады. Қазіргі заман психологиясы балалық шақты – баланың өзіндік сана сезімі, «өзінің» және «өзге» этностарға деген рефлексивті қатынастарының жедел жүретін кезі екенін көрсетеді. Осы айтылған өзіндік сана-сезім балада ең алдымен отбасы деген әлеуметтік-этникалық ортада қалыптаса бастайды. Отбасындағы әлеуметтік нормаларды меңгеру барысында балада өзін-өзі қабылдауы және «мен» деген түсінігі пайда бола бастайды. Өздерінің бұрынғы армандарына ой жүгіртіп саралай келе, олар өз баласының ойдан жасаған бейнесі мен өмірдегі болмысының арасындағы сәйкессіздіктен қанағаттанбаушылық сезінетінін түсінеді. Шынайы «көрініс» қиялмен алмастырылады. Шынайы бала мен айналасындағы адамдар туралы түсінік көзқарастың, мақсаттың әсерінен бұрмаланады. Осы кезде бала өзін қалай сезінеді? Нені уайымдайды? Кез келген бала өзінің «жақсы» бейнесіне қолдау көрсеткенің қалайды. Бұл қолдау жақсы көретін ересектер тарапынан, көбінесе ата-анасы жағынан болуы керек. Бірақ жақсы көретін бұл ересек адамның өз баласынан көңілі қалғандықтан, қажет қолдауды көрсетуге қабілетсіз болады, көбінесе тек өзінің наразылығын ғана көрсетеді. Дәл осы жағдай қарым-қатынастың ушығуына әкеп соғады. Өкінішке орай ақыл ойының әлі толық жетілмеуіне байланысты бала өзінің қолдау мен махаббатқа зәру екенін сөзбен айтып жеткізе алмайды, сондықтан ол ересектермен клиникалық психологияда

белгілер деп аталатын түрлі аурушандықтың көрністері бар түсініксіз тілмен сөйлеседі. Бұл белгілер тілінің түсініксіздігі сонда, ол физиологиялық тегі жағынан ауру сияқты болып көрінеді, сондықтан да ата-аналар оны ушыққан қарым-қатынастан туындаған ішкі сезім қиналысының белгісі ретінде қабылдамайды. Кейін бала өскенде өзінің ата-анасымен қарым-қатынасын «Менің ата-анамның үнемі бірденеге көңілі толмайтын, меніңше олар мені жек көретін», немесе «олар мені өте жақсы көретін, бірақ менен ештеңе шықпады» деген сияқты сөздермен суреттейді.

Қорыта келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан – 2030». Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997, 176 б.
2. Общение, личность и психика ребенка / М. И. Лисина. – Воронеж : МОДЭК ; Москва : Институт практической психологии, 1997. – 384 с.
3. Мухина В. С. Детская психология. - М., 1985, 272 с.
4. Жарықбаев Қ. Б. «Ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес» - Қазақ әдебиеті, 1 – қыркүйек, 2000 ж.
5. Запорожец А. В. Развитие общения у дошкольников. - М. : Просвещение, 1974, 287 с.

ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ФУНКЦИОНАЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ

Турсинбекова Н. С.

Студент IV курса специальности «Педагогика и психология»

Научный руководитель: Батырова З. Н.

Целью данной работы является выявление основных закономерностей влияния познавательной деятельности на развитие интеллектуальных способностей личности.

Объектом исследования: личность и его интеллектуальные способности.

Предметом исследования являются влияние познавательной деятельности на развитие интеллектуальных способностей личности.

В основу исследования нашей статьи была положена следующая гипотеза: развитие интеллектуальных способностей личности осуществляется в процессе поисково-исследовательской познавательной деятельности. Эффективность и продуктивность познавательной деятельности личности можно определить именно формой ее организации и уровнем развития

мотивационного компонента. Познавательная деятельность является фактором повышения уровня интеллектуальных способностей, которые проявляются в приобретении или улучшении определенных умственных действий, интериоризованных в процессе познания.

Для того чтобы достичь цели исследования, определить его предмет и объект, и проверить нашу гипотезу мы поставили несколько задач для дальнейшей нашей работы:

- провести теоретический анализ подходов к проблеме интеллектуальных способностей
- рассмотреть структуру и условия развития интеллектуальных способностей;
- выработать рекомендации для развития интеллектуальных способностей личности с помощью познавательной деятельности.

Актуальность нашей выбранной темы исследования основывается на том, что изменения, происходящие в современном обществе, требуют от человека способности находить свое место в постоянно развивающейся социальной ситуации, направляя эти изменения в свою пользу. «В современных условиях интеллектуальный потенциал населения - наряду с демографическими, территориальными, сырьевыми, технологическими параметрами того или иного общества - является важнейшим основанием его прогрессивного развития». Исследование условий развития интеллектуальных способностей становится актуальной задачей педагогической и психологической науки, в частности, психологии способностей. Интеллектуальные способности во многом определяют успешность деятельности человека, также от него зависит разумность поведения и взаимоотношения личности с окружающими.

Исследование условий развития интеллектуальных способностей становится актуальной задачей в психолого-педагогической науки, которая решает успешность в деятельности человека и его взаимоотношения с окружающим. И это привело к изучению интеллекта и его способностей. Существует множество теорий дающих характеристику понятию «интеллект» и «интеллектуальные способности», но более полную характеристику дает Ж. Пиаже:

Интеллект человека («intellectus» отлат. понимание, познание)- это психическое качество, которое состоит из способности к приспособлению к новым обстоятельствам, обучению, основываясь на опыте, использованию теоретических концепций и применении этих знаний для управления различными условиями окружающей среды.

Интеллектуальные способности - это сложный образовательный процесс, которое включает в себя целый ряд индивидуально-своеобразных свойств личности, являющееся условием успешности какой-либо конкретной деятельности, и свойств, которые лишь в процессе определенным образом организованной деятельности вырабатываются.

В структуре интеллектуальных способностей личности выделяются вербальные и невербальные способности, которые классифицируются по степени выраженности комбинаторных и процессуальных свойств.

Комбинаторные свойства характеризуют способность комбинировать в различных сочетаниях элементы проблемной ситуации и собственных знаний (способность устанавливать связи, соотношения и закономерности).

Процессуальные свойства характеризуют способность распознавать, реконструировать или переструктурировать проблемную ситуацию, на основе выбора и применения выработанных операций, приемов и стратегий познавательной деятельности (способность к анализу, синтезу, обобщению, абстрагированию).

Познавательная деятельность как функциональное пространство развития интеллектуальных способностей может быть, детерминирована функциями указанного вида способностей, а также может иметь в свою специфическую функцию.

Интеллект имеет определенную структуру и виды.

Виды интеллекта:

вербальный;
логический;
пространственный;
физический;
музыкальный;
социальный;
эмоциональный;
духовный;
творческий.

И каждый вид имеет свои определённые функции и предназначения.

По мнению психологов, интеллект имеет два уровня раскрывающий его характер: абстрактный; конкретный.

Влияние познавательной деятельности на развитие интеллектуальных способностей личности можно рассматривать как определенную психологическую систему:

1) в процессе овладения умственным действием происходит формирование общей стратегии познавательной деятельности;

2) формирование происходит по определенной логической схеме - от выделения отдельного предмета к установлению его связей с другими предметами, в системе которых он существует;

3) осуществление анализа свойств этого предмета в системе его функциональных связей с другими предметами. В этом процессе знания выступают как средство организации и регуляции данной деятельности, что поднимает ее на более высокий уровень.

Зависимость интеллектуальных способностей от социальных факторов неоднократно можно встретить в работах зарубежных педагогов и психологов как: А. Бине, Д. Векслер, Д. Кеттелл, Т. Симон, Б. М. Теплов, А. Н. Леонтьев, Н. С. Лейтес, В. Н. Дружинин и др.

В 1911 году А. Бине впервые заговорил о возможности «умственной ортопедии», точнее определил серии обучающих процедур, использование которых позволит повысить качество интеллектуальной деятельности. С этого

времени вместе с положениями, так называемых факторных теорий интеллекта, утвердилась мысль, что интеллект не может быть сведен к простой совокупности знаний или накопленному социальному опыту индивида.

Н. С. Лейтес считал, что предпосылки развития умственных способностей человека не являются только природными особенностями, могут еще приобретаться. Общественная сущность умственных возможностей человека в особенности формируется из того, что формирование и развитие умственных качеств происходит каждый раз на основе усвоения общественного опыта путем овладения понятиями, практическими умениями и т. п .

В психологии проблема природных основ способностей, в особенности интеллектуальные способности, решалась в следующих направлениях:

- изучение психофизиологических задатков умственных способностей;
- эмоциональной и мотивационной регуляции интеллектуальной деятельности;
- когнитивных стилей как «способности действовать в уме»;

Для проявления познавательной деятельности должны быть созданы условия:

- создание атмосферы сотрудничества и доброжелательности в классе;
- создание «ситуации успеха» для каждого учащегося;
- включение ученика в активную деятельность, коллективные формы работы;
- использование элементов занимательности, нестандартности при изучении материала;
- использование проблемных ситуаций;
- практико-ориентированная направленность изучаемого материала.

Эти активные методы обучения позволяют использовать все уровни усвоения знаний: от воспроизводящей деятельности через преобразующую к главной цели – творческо-поисковой деятельности.

Творческо-поисковая деятельность оказывается более эффективной, если ей предшествует воспроизводящая и преобразующая деятельность, в ходе которой учащиеся усваивают приемы учения.

Важность активного обучения заключается в том, что с помощью его форм, методов можно достаточно эффективно решать целый ряд задач, которые трудно достигаются в традиционном обучении:

- формировать не только познавательные, но и профессиональные мотивы и интересы, воспитывать системное мышление;
- учить коллективной мыслительной и практической работе;
- формировать социальные умения и навыки взаимодействия и общения, индивидуального и совместного принятия решений;
- воспитывать ответственное отношение к делу, социальным ценностям и установкам, как коллектива, так и общества в целом.

В педагогической практике можно использовать различные пути активизации познавательной деятельности, основные среди них – разнообразие форм, методов, средств обучения, выбор таких их сочетаний, которые в возникших ситуациях стимулируют активность и самостоятельность учащихся.

Наибольший активизирующий эффект на занятиях дают ситуации, в которых учащиеся сами должны:

- отстаивать свое мнение и принимать участие в дискуссиях и обсуждениях;
- ставить вопросы своим товарищам и преподавателям, рецензировать ответы одноклассников;
- заниматься обучением отстающих и объяснять более слабым учащимся непонятные места;
- самостоятельно выбирать посильное задание и искать варианты решения познавательной задачи;
- создавать ситуации самопроверки, анализа личных познавательных и практических действий и др.

Новые технологии самостоятельного обучения имеют в виду, прежде всего, повышение активности учащихся: истина, добытая путем собственного напряжения усилий, имеет огромную познавательную ценность.

Методы обучения:

- самостоятельный поиск необходимой информации;
- метод проектов;
- тестирование;
- овладение разными учащимися разного материала;
- творческая деятельность в процессе обучения (дискуссия, самостоятельное создание продуктов труда, воображения, работа над учебно-исследовательскими проектами и др).
- эвристическая деятельность: «мозговой штурм», «мозговая атака», ТРИЗ и др. ;
- метод инверсии: решение творческой задачи с помощью анализа и синтеза, конкретного и абстрактного;
- метод эмпатии (метод личной аналогии);
- проблемное обучение.

Формы и методы урока:

- деловая игра;
- пресс-конференция;
- семинар и диспут;
- урок-аукцион;
- игра;
- путешествие;
- смотр знаний и др. ;
- лабораторная работа;
- практическая работа;
- самостоятельная работа;

Применение продуктов информационных технологий в процессе обучения (презентация, интерактивная доска, видеоматериалы, учебный фильм и др.) вызывает особый интерес, что ученики начинают значительно ярче и глубже осознавать важность, значимость изучаемых вопросов и оттого относятся к ним с большим интересом.

Результативность:

- активизируется познавательная деятельность;
- возникают новые мотивы познавательной деятельности и, как следствие, растет интерес к предмету;
- формируется творческое мышление;
- развиваются коммуникативные способности;
- выполняются задания исследовательского характера;
- применяются полученные знания в жизни.

Учитывая что интеллект – это совокупность качеств индивида, которая обеспечивает его мыслительную деятельность, а интеллектуальные способности – это способности, которые необходимы для выполнения не какой-то одной, а многих видов деятельности, то все эти теории связывает одна общая мысль о том, что интеллект развивается в процессе учебно-познавательной деятельности.

Список использованной литературы:

1. Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. - М: Педагогика, 1971;
2. Махмутова М. И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. 1975г.
3. Махмутова М. И Современный урок: Вопросы теории. 1981г.
4. Щуркова Н. Е. Новые технологии воспитательного процесса. М., 1994.
5. Григорьева О. Ф. Интеллектуальные способности как фактор интенсификации познавательной деятельности. 2001 г.
6. Григорьева, О. Ф. Азбука здоровья: Программа / О. Ф. Григорьева. -Кемерово: Кузбассвуиздат, 2002 г.
7. Григорьева О. Ф. К вопросу о развитии интеллектуальных способностей личности, 2002. -С. 77-79 (0, 19 ц. л.).
8. Пиаже Ж. Психология интеллекта - М. : Международная педагогическая академия, 1994. г.
9. Дружинин, В. Н. Экспериментальная психология - Питер, 2000 г.
10. <https://sc42/jdroo/by/uchitelskaya/metodcheskij-kabinet/metodicheskaya-kopilka/pedsovet>

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сапарғали А. М

5В011600 – География, 4-курс

«География» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Балықбаева Г. Ш.

Қазіргі таңда жалпы орта білім беру мақсаты өзгерді. Жаңа үрдістік іс-әрекеттерге негізделген мазмұнымен қатар оқыту нәтижелеріне де талап қойылған білім берудің жаңа концепциялары, стандарттары жасалуда.

Барлық педагогикалық жүйе құрамы бөліктерінде «инновациялық», «жаңалық тану» үрдісі іске асуы үшін төмендегідей жұмыстар істелуі тиіс.

Біріншіден, өсіп келе жатқан ұрпақтың білім алуын жаңа бағытқа салу үшін оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс – тәсілдерден қолдану. Екіншіден, жалпы білім беретін мектептегі оқу жүйесінің мазмұнына өзгерістер енгізу. Үшіншіден, оқушылардың ойлау қабілеті жаңалықтарды тез қабылдауды қалыптастыру және ол жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету. Бірақ оқыту технологиясын енгізу оқытудың дәстүрлі әдістерін алмастыру емес, қатарластырып қолдану, себебі ол да пәннің әдістемелік құрамдас бөлігі болып табылады [1].

«Технология» термині шетел әдістемесінен алынған. «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі». Педагогикалық технология – практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы [2]. Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі.

Педагогикалық технология ұғымы 3 деңгейде қолданылады: **жалпы педагогикалық** – педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдарымен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді; **салалық (пәндік)** - бір пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұны жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы; **локольдік (модульдік)** – жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды қалыптастыру; дара қасиеттері қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы; жаңа материалды меңгерту технологиясы; қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы; жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы. Технология әдістемеден оқыту әрекеттерінің өңдеуге болатындығымен ерекшеленеді [3].

Оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту процесіне қолданылатын әдістер, тәсілдермен қағидалар. Ол оқыту процесінде нақты жүйе қызметін атқарады.

Технологияның екі түсінігі бар: а) тиімді оқыту әдістемесін жасауды білдіретін оқыту технологиясы; б) оқыту барысында технологияны пайдалану. Соңғы оқыту технологиясы технологиялық құралдарды оқыту үрдісінде пайдалану деп түсіну керек. (ЭВМ, компьютер бағдарламалары, оның ішінде географиялық жаңа мультимедиялық оқулықтары және т. б.). Бірақ екі жағдайда технологияны қолдану – дидактикалық есептерді шығару кезінде оқушыларға әсер ету тәсілдерін жетілдіруге бағытталған.

Оқыту технологиясының негізгі белгілері:

- оқушылар алдында оқудың мақсатты мен міндеттерін айқындап беру, олардың әрқайсысы үшін оқытылатын материалдың маңыздылығын түсіндіру, оқушылардың белсенділігін арттыру;

- оқытудың белгілі бір құралдары арқылы, оқушылардың әрекетін ұйымдастырудың формалары мен қарқынды әдістері көмегімен қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізетін процедураны құру;

- үлгілер бойынша оқыту (оқу дәптерлері, практикумдар, оқулықтар бойынша, мұғалімнің нұсқауларын орындау);
- оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқыту нәтижелерін тексеру үшін тест тапсырмаларының әртүрлі формаларын кеңінен қолдану;

Географияны оқыту әдістемесінде оқыту технологиясын қолданудың едеуір тәжірибесі жинақталған. Оның ішінде ең танымалы оқыту технологияларының бірі – оқу жұмысы әрекеттерін қалыптастыру технологиясы. Оқу жұмысы әрекеттерін қалыптастыру технологиясында ережелер, үлгілер, алгоритмдер және географиялық объектілердің жазбалары мен сипаттамаларының жоспары келтіріледі. Бұл технология бірқатар география оқулықтарында, әдістемелік нұсқауларда жеткілікті түрде орын алған және көптеген география мұғалімдері жұмысында жақсы игерілген[4].

Географияны оқыту процесінде бұрыннан бері Шаталовтың тірек – сигналдары технологиясы (логикалық тірек конспектілері – ЛОК) жеткілікті түрде қолданылып келе жатыр. Географияны оқытудағы логикалық байланыстар схемасының ролі туралы Н. Н. Баранский былай деп жазған: «схемалар басты және негізгіні айыруға үйретеді, логикалық байланыстарды іздеуге, анықтауға және сабақты игеруге оқушыларға едеуір көмек береді». Байланыс схемаларын мұғалімдер үнемі пайдалануда. Жасалынған тірек конспектілер, оқушылардың танымдық әрекетін басқаруда мұғалімдерге көмек береді, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады, және де оқу жұмысы нәтижелерін өз бетімен бақылауды іске асыруда тіреу болады. Практикум мұғалімдер бұл технология жақсы меңгерген. Бұл технологияға байланысты бір қатар мақалалар және кітаптар жарық көрді.

Көптеген география оқулықтарына енгізілген, журнал беттерінде жарық көрген оқытушылардың жұмыс тәжірибесінен және мақалаларда жарияланған технологияларының бірі – оқушылардың оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы. Бұл технологияда оқу әрекеті оқушылардың дәрістегі белсенділігінің ерекше бір түрі ретінде қарастырылады. Олар оқу тапсырмаларын шешу көмегімен білім алуға бағытталған. Егер қалыптасқан әдістеме мұғалімге не істеу керек екенін жазса, оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы оқушы оқу тапсырмасын қалай шешу керек екеніндігін түсіндіреді. Сабақ алдында сыныпқа оқу тапсырмалары таратылады, ол сабақ барысында шешіледі де сабақ соңында нәтижесіне тесттің көмегімен диагностикалық тексеру жүргізіледі. Оқу әрекетін қалыптастыру технологиясы, оқу тапсырмаларының жүйесін мұғалім қандайда бір курс, тарау немесе тақырып бойынша құрастырады. Өз қызметінің және соған байланысты оқушылар әрекетінің өзара байланысын ұйымдастыру жобаларын жасайды және де тест тапсырмаларын дайындайды. Оқу тапсырмалары мен тесттер жүйесін әдістемелік құралдардан (практикум, мектеп түлектерін дайындау сапасын бағалау жинақтары және т. б.) алуға болады. Бұл технологияны қолдану В. П. Сухов, В. Я. Ромм және В. П. Дроновтың оқулықтарында және журналдардың бірқатар мақалаларында жақсы ашылып көрсетілген[5].

Дифференциалдық оқыту технологиясы да география әдістемесінде жақсы белгілі. Оны қолдану кезінде сынып оқушыларының типологиялық ерекшеліктері ескіріліп, шартты топтарға бөлінеді. Топтарды жинақтау кезінде, оқушылардың оқуға деген жеке көзқарасы, білімділік деңгейі, пәнді оқуға қызығушылық деңгейі ескеріледі. Тапсырманы орында уақыты, көлемі, күрделілігі, әдісі мен тәсілдер ібойынша және де оқыту нәтижелерін диагностикалау үшін әртүрлі деңгейлестірілген бағдарламалар жасалады.

География мұғалімдері жұмысы практикасында ойын сабақ әрекеті технологиясы кеңінен тараған. Бірақ оны іске асыру бір сәтті ғана (эпизод), боладында танымдық әрекетті ұйымдастыру жүйесі жоқ. Ойынмен оқыту ұзақ дайындық жүргізгенде ғана оң нәтиже береді. Оқу тапсырмаларында ойынның әрбір позициясы айқын белгіленген, күрделі жағдайдан шығудың мүмкін болатын әдістемелік тәсілдерді анықталған және нәтижелерді бағалау тәсілдері жоспарланған ойын сценарийі ерекше орын алады.

Коммуникативтік оқыту технологиясы мұғалімнен оқу процесін ұйымдастыруға творчестволық дайындықты, эвристикалық сұхбаттың тәсілдерін игеруге, оқушылар арасында пікірталас тудыру үшін жағдай жасауды талап етеді. Мектепте оқытылатын географияның коммуникативтік оқыту технологиясын қолдануға үлкен мүмкіндіктері бар. Курстың әрбір тақырыптарында оқу тартысын ұйымдастыру үшін проблемалар тудыруға болады. Мысалы: «Жел – адамның жауы ма, досы ма?», «Атом энергетикасының дамытудың болашағы бар ма?» және т. б. Мұғалімге технологияның осы түрін қолдануға көптеген география оқулықтарының бай әдістемелік аппараты көмек береді.

Модульдік технология географияны оқытуда да кеңінен қолданылады. Модуль деп – оқыту материалының мазмұны мен оны оқушылардың игеру технологиясын біріктіретін ерекше функциялық түйінді атайды. Мұғалім берілген оқу материалын игеру мақсаты айқын көрсетеді, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі үшін арнайы нұсқаулар жасайды, ақпарат көздерін пайдалануға дәл нұсқалар береді және оны ақпаратты игеру тәсілдерін түсіндіреді. Осы нұсқаларды тексеру тапсырмаларының үлгілері келтіріледі (тестің әртүрлі формаларын жасау) [6].

Соңғы жылдары практикада оқытудың ұмытылған әдістеріне көңіл бөлінуде. География мұғалімдері оқушылардың жобалық іс-әрекетінің технологиясы деп аталатын жобалар әдісіне жирек көңіл бөле бастады. Бұл технологияның мағынасы, өлкетану жұмысы негізінде зерттеу қызметін ұйымдастырудан тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Баранский Н. Н. Методика преподавания экономической географии. - М., 1990.
2. Беспалько В. П. Слабые педагогические технологии. – М.: Педагогика. - 1989.
3. Бенькович Т. М., Бенькович Д. Л. Опорные конспекты в обучении географии. 7 класс. - М., 1995.
4. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз: ТарМУ. 2003.
5. Выготский Л. С. Педагогическая технология. - М., 1991.
6. Монахов В. М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. Волгоград: Перемена. –1995.

ДОМБЫРА АСПАБЫН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Ыбырай Н

«Музыкалық білім» мамандығының IV курс студенті

Ғылыми жетекші: Жармағанбетова Ж. Р.

Жас ұрпаққа азаматтық-эстетикалық тәрбие беру тұжырымдамасының жобасында қазақ мектептерінде жас жеткіншектерге көркемдік-азаматтық тәрбие берудегі, ұлттық өнердің маңызына ерекше мән берілген.

Мектеп алдында тұрған осы мақсатты іске асыруда, оқушылардың бойындағы көркемдік талғам мен творчестволық ізденіс дағдыларын дамытуда, талант пен дарын көзін дер кезінде ашуда ән-күй сабағында пайдаланылатын ұлттық аспабымыз домбыраның орны ерекше. Домбыра дыбысы өзіне тән дыбыстық бояуымен, сан түрлі желіс-қағыстарымен қатар, өте бай көркем бейнелік әлемімен де айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымымен тығыз байланысып жатады. «Қолына домбыра ұстаған балаға имандылық пен дарындылықтың жылуы дарып, қатыгездіктен аулақ болады», – деген нақыл сөзде үлкен шындық жатыр. Өйткені домбыра – үлкен рухани, адамгершілік мектебі, баға жетпес эстетикалық өмір оқулығы.

Халқымыз ертеден домбыраны құймақұлақтық тәсілмен ұрпағына үйретіп өнерге, орындаушылық дәстүрге баулып отырған. Бұл жөнінде А.Эйхгорн: «Шағын күйлерді, ән-әуендерін қырғыздардың, қазақтардың – үлкені де жасы да ойнай береді. Қырғыз қыздарының арасында да домбырада жақсы ойнаушылар бар. Жалпы қырғыздар – жақсы музыканттар», – деп жазады.

Домбыра аспабын үйрету жолдары жөнінде Л.Хамиди пен Б.Ғизатов бірлесіп «Домбыра үйрену мектебі», А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақовтардың осы аттас оқулығы, М.Әубәкіровтың «Домбыра үйрету әдістемелігі» және А.Жайымовтың «Домбыра ойнау өнері», К.Сахарбаеваның «Домбыра үйрету әдістері» оқулықтары жарық көрген. Домбыра аспабы мен домбыра күйлерін зерттеуге Б.Сарыбаев, Ө.Жәнібеков, Қ.Жүзбасов, Т.Қоңыратбаев, т. б. үлес қосты.

Оқушылардың домбыра аспабында ойнау шеберлігін дамыту орта мектептерде сабақтан тыс үйірме жұмыстарында, өнер мектептерінде ұстаздардың жетекшілігімен жүзеге асырылады. Домбыра-тенор сыныбы бойынша жеке сабақты ұйымдастыру оқытушы шеберлігін айқындайды. Домбырадан сабақ беретін оқытушы өз шәкіртінің тек орындаушы музыкант болып шығуына ғана емес, оның идеялық тұрғыдан өсіп жетілуіне үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Әрине, бұл оқытушының үлкен тәжірибелігіне байланысты. Домбырадан сабақ беретін оқытушының тәрбие жұмысы түрліше: оқушымен жиі әңгімелесу, оқушылармен бірігіп жиналыс өткізу, бірігіп музыка тыңдау және оны талдау. Өнер қайраткерлері туралы және өнер туралы кітаптарды оқып, талдау, т. б.

Домбырашының отырысы, қағыс пен перне басуда екі қолдың үйлесімін келтіру сияқты алғашқы ойнау тәсілдері домбыра ойнау шеберлігінің негізі

болып табылады. Мұны әрдайым есте сақтап сабақ барысында қадағалап отыру маңызды. Осы алғашқы домбыра ойнау тәсілдерін нәтижелі меңгеру болашақта шығармашылықпен жұмыс жасауға жол ашады.

Оқудың алғашқы кезеңінде арнаулы жаттығулармен міндетті түрде дайындалу керек, себебі, бұл жаттығуларсыз оқушы дұрыс дыбыс шығара білуді, қолдың буындарының дұрыс қозғалысын қалыптастыруды жақсы меңгере алмайды. Жаттығулардың негізгі мақсаты: оң қол мен сол қолдың қойылымына, үйлесімді қимылына, қағыстардың жинақы болуына, пернелерді басқанда саусақтарды шашыратпауға, буындардың еркін әрі бос болуына, яғни шеберлікті өсіруге қатысты әдіс-амалдарды меңгеруге дағдыландыру болып табылады. Оқушының сол қол буындарының бір қалыпты жылжып, ретпен қозғалысын қадағалау үшін гамма, арпеджиомен жаттығу жасаған тиімді, әрі бұл техникалық өсудің бірден-бір жолы. Гамма және арпеджиомен жұмыс жасағанда дыбыстың тазалығына, құндылығына, ырғақтық дәлділігіне үлкен көңіл бөлу керек. Әр домбырашы үшін қол жүргізу, жаттығу күнделікті әдетке айналған дағды болуы керек.

Домбырадан сабақ беру әдістемесі үш кезеңнен тұрады: 1. Үйге берген тапсырманы тексеру. 2. Оқушының өзі қарап келген шығармамен жұмыс жасау жолдары. 3. Оқушының жаңадан үйреніп жатқан шығармасымен жұмыс жасау жолдары.

Үйге берген тапсырманы алғашқыда оқушының өзі тартып береді. Ал екінші рет тартқанда оқытушы оқушының жіберген қатесін түгелімен атап, айтып көрсетуі керек. Сонымен бірге, оқытушы оқушыға өз бетімен даярлануға берген шығармасын тексеріп болғаннан кейін, оған деген ұсыныстарын жасауы керек. Тапсырманы тыңдап отырғанда, қателерді тауып, оны тез жөндеуге үйрету – мұғалімнің ерекшелігі болып табылады. Жаңа сабақты өткізудің екі түрлі жолы болады. Бірі – оқытушы оқушының домбыра тартуы барысында ауызша түсіндірме айтуы. Екіншісі – шығарманың мазмұнын еске салып, айтып беру, сондай-ақ кейбір шығарманың ерекшелігін тартып, көрсетіп жіберу. Жалпы алғанда сабақ әдістемесі оқытушының оқушыға қойған талап-мақсатына байланысты. Әсіресе оқытушының әр оқушының қабілетіне ерекше ықыласпен қарауының маңызы зор.

Оқушылардың ойнау шеберлігін дамытудың бір жолы басқа оқушылармен бірігіп күйлер тарту, тыңдаған музыка туралы пікір алысу жұмысын ұйымдастыру. Осылардың барлығы оқушылардың өнерін, музыкаға деген ықыласын өсіре түседі. Жалпы, мұғалімнің оқушыға тигізер әсері мол. Атақты кеңес педагогы В.А. Сухомлинский «Оқытушының сөзі – ешқандай аспапты керек етпей, оқушының жанына әсер қалдырады. Тәрбие өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен тығыз байланысты. Ол адамның жүрегіне үңілу деген сөз» [3]. Оқытушы әр оқушының жанынан тіл таба білуі керек. Ол үшін оқытушының әр уақыттағы ашықтығы, білімділігі, адамгершілігі өзінің оқушысына әсер ететіндей болуы керек. Әсіресе оның ұстамдылығы, көңілінің кеңдігі, кішіпейілділігі, көзқарасының молдығы ешқашан да майдаланбауы осының бәрі оқушыға үлгі.

Домбыраның алғашқы және негізгі педагогтық репертуары күйлерден құрастырылып жасалды. XIX-XX ғасырларда күй тарту, күй шығару өнері халық арасында үлкен беделге ие болды. Күйге деген рухани сұраныс өте жоғары деңгейге жетті. Күй тарту шеберлігіне қатаң талап қойылды. XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап күй жанрын үйрету музыкалық білім беру жүйесімен қатар жүргізіле бастады. Осыған орай, домбыра үйретуде III бағыт-бағдар қалыптасты: I бағыт – күй жанрының сан ғасырлық тәжірибесін сақтап, оны ел арасынан жинап, теріп, табиғи қалпын бұзбай үйрету; II бағыт – күй үйретумен қатар классикалық шығармалардың домбыра аспабына арнап өңделген үлгілерін орындату;

III бағыт – күйді дамыта, яғни сазгерлердің күй әуенін тақырып етіп алып, классикалық музыка үлгілерінің негізінде жазған пьесаларын үйрету. Айта кету керек, пьеса үйрету жүйесі Еуропа музыка мәдениетінің аспаптық өнерін меңгеруге арналған тәсілдерді басшылыққа алып дамыды.

Бүгінде күй тартып үйрену жүйесінде жылдар бойы қалыптасқан тұрақты әдіс-тәсілдерді қолдану барысында күй тарту шеберлігі мына сипаттарға ие болып отыр: күй жанрының негізін көрсете орындау шеберлігі; дәстүрлік сипатын айқындай түсе орындау шеберлігі; күйшілік мектептердің ерекшелігін көрсете орындау шеберлігі; ұлттық өнер ретінде дәріптей орындау шеберлігі.

Күйдің ерекшелігі оның мағынасы мен орындалуында, өн бойында шырығу, сыршылдықпен, шабытпен ұштасқан виртуоздық алапат күш-қуат, серпін мен жігер жымдасып, жеке басында психологиялық негіздер, қызу қандылық, өткір мінез, жігерлілік пен шапшаңдық, алғырлық пен ептілік тәрізді қасиеттер арқылы өрілген жалынды күйлердің әдіс-тәсілдерін меңгеру оңайлықпен келмейді. Осы мақсатта домбырада әсіресе, күйге ұқсас этюдтерді кеңінен пайдалану керек. Себебі, үйренуші үшін бірден күй ойнау қиынға соғады. Жалпы этюдтер позициялық қозғалысты меңгеруге, сол қол қозғалысының әрі жеңіл әрі үнемді болуына көмегін тигізеді. Соңғы кезде домбыра аспабына арнайы жазылған этюдтер көптеп шығуда. Олардың ішінде оң қол қозғалыстарының түрлеріне арналғандарды, қазақ күйі өнеріндегі саусақ басу әдістеріне сүйене отырып жазылғандарды үйрену өте пайдалы. Домбыра сабағында этюдтерді кеңінен пайдаланып, олардың жеке шығарма ретінде үйретілуі де қазіргі талап деңгейінен көрінуі керек. Ол үшін берілген этюдтердің қағыстары, аппликатурасы мен түрлі орындау әдістері нақтылы көрсетіліп тұрғаны дұрыс.

Оқытудың негізі – көркем шығармамен жұмыс жасау. Мұнда оқушы өзінің кәсіби білімін толықтырып, тәжірибе жинақтайды. Ең бастысы – шығарманы өз бетінше үйреніп, орындауға дағдыланады. Сонымен көркем шығармамен жұмыс жасау төмендегідей кезеңдерге бөлінеді:

1. Шығармамен танысу.
2. Шығармада кездесетін әдіс амалдарды меңгеру.
3. Шығарманың көркемдік мәнін ашудағы атқарылатын жалпы жұмыстың жобасын белгілеу.

Шығармамен танысу барысында оның авторы өмір сүрген дәуірі, музыкалық тілінің стилистикалық және орындалу ерекшеліктері жөнінде, туындының мазмұны-сипаты, негізгі екпіндері, құрылысы мен позициясы әңгімеленеді.

Екінші кезеңде – автордың нұсқауларын ескере отырып шығарманың екпініне, мазмұнына, сипатына, динамикалық және агогикалық иірімдеріне байланысты әдіс-амалдарды меңгеру көзделеді. Мұнда шығарманың құрылысына сай бөліп-бөліп жұмыс жасаған тиімді. Күйде әуелі бас буын, ортаңғы буын, содан соң кіші, үлкен сағаларды, ал пьесада фразаларды, сөйлемдерді жеке-жеке ойнатып жаттықтырған тиімді. Техникалық қиын тұстарды арнайы жаттығулар арқылы меңгерген тиімді. Мұндай жаттығуларды шығарманы орындатар алдында белгілеп, үйретсе орынды.

Үшінші кезең жоғарыда аталған жұмыс жүйесінің қорытындысы. Мұнда шығарманың барлық бөлімдерін қосып, шарықтау шегін анықтап, толық ойнауға көшу қажет. Бұл шығарманың негізгі желісін тауып, оның көркемдік мәнін ашуға көмектеседі. Музыкалық шығарманы талдау, сазгердің ойын, тілін түсіндіру оқытушы үшін үлкен міндет. Оқытушы ең алғаш шығарманы талдағанда сазгер жөнінде, не халық ән-күйлерін жеке аспаптарға лайықтап өңдегендер жөнінде оқушыға түсіндіріп беріп, оны өзі ойнап көрсетіп берсе – ол үлкен ұстаздық жетістік болып саналады.

Домбырашының шеберлігін саналы түрде өсіретін нәрсе – бұрынғы ойнап кеткен шығармаларды, әсіресе күйлерді қайталап тұру. Мұндай қайталау оқушының барған сайын ой-өрісінің, орындаушылық шеберлігінің өсуіне, шыңдалуына ықпал етеді. Және де оқушының шығарманы қаншалықты түсініп сезінгені, барған сайын жақсы орындай түскендігінен байқалады. Әр оқушы әр түрлі өседі. Сондықтан, домбыра тарту өнеріне баулуда оқушының зеректілігі өте қажет құбылыс. Сабак үстінде оқушының көрсеткен жақсы жақтарын, өзі іздеп тапқан әрекетін талдап, мақтап қойған да жөн. Және оқушының өзі байқамай жүрген кемшілігін көрсетіп, сол бойда жөндеуге ықпал ету керек. Оқытушының тағы бір ерекшелігі - оқушының қабілетіне, мінезіне, тәрбиелілігіне қарай жоспар жасай білуінде. Тұйықтау оқушыға жігерлі, шапшаң шығарма беріп, мінезі ұшқалақ, ұстамсыздау балаға салмақты, әндете орындалатын шығарманы берген жөн.

Оқушысын аспапты дұрыс меңгерумен қатар өз бетімен дайындалуға үйретіп, музыкалық қабілетін үнемі арттырып, орындаушылық өнерге ынталандыру - оқытушы еңбегінің нәтижелі болуының көзі. Оқушыға өзіндік дайындалу кезінде ең алдымен шығарманың нота үлгісін дұрыс игеру жүктелуі керек. Ол үшін оқушыға жәй екпінде, ырғағы жағынан дәл ұстап, шығарманың қиын жерлерін бөліп алып дайындау т. с. с. тапсырмалар беріледі. Оқушының үлгерімі оның дайындық жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Егер оқушы сабаққа күнделікті әрі жүйелі түрде дайындалмай жүрсе, онда мұғалімнің сәтті деген педагогтік әдістері де жақсы нәтиже бермейді.

Жоспарда әр уақытта нотаны тез оқып кетуге берілетін жаттығуларды да белгілеп отыру керек. Оқытушы жеке жоспарға әр шығарманы әбден зерттеп танысып, оқушының орындаушылық шеберлігін өсіреді ме, оның ішінде оң немесе сол қолды шынықтыруға бағытталған ба, әлде түрлі ырғақтық әдістерді меңгеруге беріле ме, міне осы мәселелерді шеше отырып шығарма таңдауы қажет. Сондықтан, репертуар мазмұны неғұрлым сапалы және сан қилы болса ғана оқушы үшін домбыра тарту өнері қызығарлық, әрі үйрену барысы нәтижелі болады. Қорыта келгенде домбыра аспабында оқушылардың ойнау

шеберлігін дамыту өте күрделі, ауқымды жұмыс. Осы жолда жетістікке жету үшін оқушының өзіндік ынтасы, қызығушылығы, жүйелі дайындығымен қатар, ұстаздың шығармашылық ізденімпаздылығы, жан-жақтылығы қажет. Ойнау шеберлігін дамытуда жоғарыда айтылған әдіс-амалдарды жүйелі түрде сабақ барысында қолданудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Спанов Ө. Домбыра үйренейік. Алматы-1992.
2. Сахарбаева К. Домбыра үйрету әдістері. Алматы-2009.
3. Сухомлинский В. А. Коллективтің құдіретті күшті. -А., 1979.
4. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі Алматы- 1992.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Сейіткерей А. М

«Құқық және экономика негіздері» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Бошыбаев Т. Б.

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі көңілбөліп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау-ұзақуақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі – мскүнөмдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Бізде отбасы әр қилы: маскүнөмдікпен күн өткізетін, ұрыс-керістен көз ашпайтын, мемлекеттің есе-бінен күн көретін, балаларын арам жолға салатын отбасылары бар. Осындай отбасында өскен баланың оқуға, еңбекке қалай қарайтыны өз-өзінен түсінікті емес пе? Мұндай отбасында тәрбиеленген бала қылмыс жасауға бір табан жақын тұрады. Арамтамақтық өмірді жақсы көреді, өзімшіл болады. Оқушы-лар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын-алу үшін жүргізілетін шаралар:

-тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;

-оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;

-оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

-отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспасөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Педагогика мен тәрбиенің халықтық ұстанымын ғылыми тұжырымдаған орыс педагогы К. Д. Ушинскийдің: «өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әртүрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие жүйесін енгізу мүмкін емес, себебі халықтардың өмір сүру моделі де, тәлім-тәрбие моделі де әр басқа» дегенін қайда қоймақпыз [1; 9].

Құқықтың тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтың тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады.

Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардық жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды.

Оқушылардың мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Құқықтың тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озат тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет.

Мектептерде жоғары сыныптар оқушылары үшін дәрістер ұйымдастыруға болады. Дәріс берудің мақсаты -жеткіншектер мен жасөспірімдерді еліміздің заңдарына және халқына құрмет сезімін тәрбиелеу, құқықтық біліммен қаруландыру, оны насихаттау. Дәріс берушілердің жоспары бір жылға жасалып, он-да дәріс тақырыптары көрсетіледі. Бейнедәрістер - әр түрлі жастағы балалар үшін ұйымдастырылады. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі көркемдік, хроникалық-құжаттық, ғылыми фильмдер, өзге де фильмдер көрсетуге болады.

Жасөспірімдерге арналған заңтану мектептері. Мұндай мектептерді жастар сарайы, жалпы білім беретін орта мектептердің жанынан ұйымдастыруға болады. Негізгі мақсат - жас тұлғаларды құқық және еңбек, азаматтық және заң-дары жайлы біліммен қаруландыру. Мектептердегі құқықтық тәрбиенің басқа формалары: құқықтық білім факультативтері, дәріс, баяндама, әңгіме, пікірталас, олимпиада, кештер, сайыстар, т. б.

Тәрбиенің жалпы әдістері негізінде құқықтың тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

1. Сөздік ақпараттық әдістері: дәріс, әңгіме, әңгімелесу, өнеге, түсіндіру, дәлел-деу, насихаттау, бекерге шығару. Бұл әдістің тиімділігі нақты материалды оқу-шыларға түсінікті тілде мазмұндай білуге байланысты.

2. Ұқтыру, машықтандыру әдістері: үйрету, тапсырма, жаттықтыру, талап. Бұл әдістер оқушылардың іс-әрекеттері мотивтерінің қалыптасуына мүмкіндік ту-ғызады.

3. Ынталандыру және тежелу әдістері тобы: ынталандыру әдістепрі, тежелу әдіс-тері (жазалаудық түрлері).

Сонымен топтарда көрсетілген әдістердің бірлігі жалпы тәрбие жүйесінде болымды нәтиже береді. Елбасымыз Н. Назарбаев айтқандай «Егерде өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кездеменің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды?» депойлау керек.

Құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізгі ықпалы етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасады, дамиды. Құқықты ұғыну мен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбие-леу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім-тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Құқықтық мәдениет-тің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: қоғамдық тәртіпті; заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т. б. Құқытық мәдениеті дамыған тұлға-құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады.

Құқықтық тәрбие беру арқылы жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйретуге болады. А.С. Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн [2; 163].

Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларды құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қылқ қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады.

Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай?

- әрине бұл заңдарды білу. Бала мен ата-ананың құқықтары мен міндеттері белгіленген заңдар – бұл:

1. Бала құқығының Декларациясы ;
2. ҚР бала құқықтары туралы Заңы;
3. ҚР Конституциясы;
4. Білім туралы Заңы;
5. Неке және отбасы туралы Заңы;
6. Балалар құқығының Конвенциясы;
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі [3; 198].

Адамның құқықтық мәдениеті күрделі. Әңгіме адам, оның санасы, мінез – құлық, жүріс – тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Дегенмен қоғам болашағын құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарап отырған шағымызда аға ұрпақ тәжірибесі мен қарым – қатынасынан негізге ала

отырып, жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мәселесін педагогикалық ғылымы мазмұнда қарастырғанымыз жөн. Жастарға құқықтық тәрбие беру жөніндегі билер өнегесінің маңызы зор. Әсіресе бүгінгі таңда жастар арасында өріс алған қылмыс пен бұзақылыққа тұсау болар құқықтық тәрбиені күшейту үшін, сан ғасырлық тарихы бар билер тәлім тәрбиесін оқу – тәрбие ісіне қолданудың нәтижесі зор болары сөзсіз.

Қоғамда өмір сүрген әрбір жастар сол қоғамның іс – әрекеті, межелері, мәдени дәстүрлерінің құрсауында болады. Заңдарды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Әрине, қоғам өмірінде қабылданаған заңдардан хабардар болу құқықтық ұғынудың жоғары деңгейі. Адамның құқықтық мәдениеті мектеп жасынан бастап қалыптасатынына көз жеткізу қиын емес. Осыған қарамай оқушылардың біраз бөлігі қылмысқа тартылудың шектелуі жас кездері бар екенін біле бермейді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар – ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтық тәрбиенің бұзылуына әкеп соғады.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана сезімін бірінші кезекте қалыптсаудың маңызы зор дедік. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілікке сезімін көтеру, ұйымшылдықпен тәртіптілікті нығайту – мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты.

Мектеп құқықтық тәрбие жұмысын 1-сыныптан бастап, белгілі бір жүйелікпен ұйымдастырылған түрде оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізуі қажет. Ол үшін, Қазақстан Республикасының Ата Заңының «Адам және азамат» деп аталатын II бөліміне енгізілген тәуелсіз еліміздің азаматтарының құқытары мен міндеттері жайында баяндалған I – бапта «Менің Отаным Қазақстан Республикасы. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқытары мен бостандығы» деген жолдардан бастап, 1995 жылы 30 та-мызда Бүкіл халықтық референдумда қабылданып, 1995 жылы 5 қыркүйектен күшіне енген Ата Заңның – Конституциясының мазмұныменәрі ондағы құқық-тық ұғымдарды таныстырудан, түсіндіруден бастаған жөн. Себебі, құқық әрбір адамның туғаннан, өлгенге дейін қоғамдағы жүріс – тұрысын, мінез – құлқын, адамдармен, жалпы тіршілік ету ортасымен қарым – қатынасын реттейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында – Қазақстан Республикасы өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны аталған. Бұл еліміз үшін мәртебелі мақсат. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының I – бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп баян етілген [4].

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе оның құрамды бөлігі – адам құқығының мәдениеті. Адам құқықтары туралы ақпаратпен жүйелі қамтамасыз етудің қажеттілігі маңызды екенін ескерсек, онда бұл салада адам құқығы мәдениетін

қалыптастыруда маңызды құралдың бірі – білім беру ұжымдары десек қателеспейміз.

Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез – құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну-жауапкершілікті, түсінікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі – оқу орындары болып табылады. Оқу орында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т. б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді.

Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде – өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсаты – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беру жан-жақты тәрбиелеудің маңызды бір саласы. «Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларды құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу», - деп анықталған.

Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдеседі.

Оқу орны мен отбасында балалар әлеуметтік іс-әрекеттің алғашқы дағдыларын қалыптастырып адамгершілік, әдеп, заңды, мінез-құлық, орынды әрекет-қылық, құқықтық нормаларды меңгере бастайды. Әлеуметтік нормалардың негізгі маңызды түрі болып табылатын әдептік нормалардың құқықтық сипаты болмағанымен, оның ережелеріне сусындар өскен бала әрине қоғамға зиян келтірмейді, керісінше, өмірдегі өзінің орнын тауып, елжанды, саналы азамат болып қалыптасады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға негіз, арқау болып, белгілі бір дәрежеде адамның ар-ұятын, намысын қалыптастыруға, қоғамдық тәртіпті сақтауға ұйытқы болады. «Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары болады».

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Искакова Г., Газизова Н., Сембаева С., Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008ж. - 9 бет.
2. Бабаев С., Оңалбек Ж. «Жалпы педагогика», Алматы, 2005ж. - 163-бет.
3. Сапарғаллиев, Ғ. Ибраева. А «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж. - 198 бет.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 2008 жыл.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА МУЛТФИЛЬМДЕРДІҢ ӘСЕРІ

Сардарбек Ә.З.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Темирханова Қ. Ш

*«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»
Мұхтар Әуезов*

Бүгінде көгілдір экранның, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат баласы үшін маңызы зор. Алайда аталмыш дүние адам психологиясына, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жататыны да жасырын емес. Американдық зерттеушілер теледидар көрермендерінің басым бөлігі балалар мен жасөспірімдер екенін дәлелдеген. Олардың пікіріне назар аударсақ, әр бала шамамен өз уақытының 30 пайызын экран алдында өткізеді екен. Осыған орай зерттеушілер баланың мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенге дейін 19 мың сағат теледидар алдында отыратынын да дәлелдеген. Бүлдіршіндердің теледидардан көріп тамашалайтын туындылардың басым бөлігін мультфильмдер құрап отыр. . .

Мультфильм – мультипликация, анимация мультипликациондық кино – суреттелген (графикалық немесе суреті салынған мультипликация) немесе көлемді (қуыршақ мультипликациясы) объект қимылымен түсіру арқылы жасалатын кино өнерінің түрі.

Мультфильм – жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Балалар теледидардан не көрсе соған еліктейді, жақсы мен жаманды да содан үйренеді. Сондықтан қазіргі кезде заманауи мультфильмдердің мектеп жасына дейінгі балалардың психикасына тигізетін әсері өзекті мәселеге айналып отыр.

Жаһандану үрдісі белең алған шақта Батыстан келіп жатқан анимациялық фильмдер жас ұрпақтың санасын улауда. Қайсыбір шетелдік мультфильмді қарасаңыз да балаларды қызықтыру үшін барлық жағдайды ойластырған. Тіпті балалар түгілі ересектердің өзін еріксіз баурап алады. Осыдан барып санасезімі, өзіндік ұстанымы қалыптасып үлгермеген балалардың мінез-құлқында өзгерістер пайда болады. Күндіз-түні жағымсыз әсердегі фильмдер мен ағылтегіл ағылған қанды көріп, содан тәрбие алып өскен ұрпақ не болмақ?

Өзіміз білетін мультфильмдердің кемшіліктерін санап көрейік. . .

Біріншіден, ондағы жағымды кейіпкерлердің өзі басқа кейіпкерлерді өлтіріп, қылмыс жасайды. Зұлымдыққа барады. Қан суша ағады. Баланың осыдан барып сол кейіпкерге ұқсағысы келіп, қатыгездікке бармасына кім кепіл? Мамандардың айтуынша мұндай мультфильмдер баланың психологиясына кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, қаншама зұлымдық, қатыгездік жасап жатса да ондағы кейіпкерлер жазаланбайды. Ондағы кейіпкерлер ата-анаға деген құрметті де білмейді. Жақсы мен жаманның ара-жігін ажыратып бермейді. Бұдан бала санасында «дәл сондай жасасам мені де ешкім жазаламайды» деген ой қалыптасары анық.

Үшіншіден, мультфильмдердегі қуыршақтардың сыртқы көрінісі де балалар үшін аса маңызды. Бірақ шетелдік туындыларда жағымды кейіпкерлерге тән жылылық, мейірімділік кездесе бермейді. Ал жағымсыз кейіпкерлер іс-әрекетіне қарай түр-әлпеті де сүйкімсіз болуы тиіс. Бірақ ол шығармалардан ондайды ажыратудың өзі қиын. Өйткені ондағылардың бәрі дерлік - құбыжықтар.

Төртіншіден, телеарналардан көрсетіліп жатқан мультфильмдерде ері қайсы, әйелі қайсы ажыратып болмайсың. Ол туындыдағылардағы ер адамдар бойынан жігітке тән намысшылдықты, қайсарлықты көру қиын. Ал қыздары нәзіктіктен жұрдай. Бұл мәселе де балаға оң әсер ете қоймасы анық.

Бесіншіден, ондағы сөздердің өзінде мәдениеттілік көрінбейді. Кейбір анимациялық фильмдерде кейіпкерлер аузынан небір былапыт сөздердің шығатындығы да шындық. Бұл әлі қалыптасып үлгермеген бала үшін қандай тәрбие болмақ?

Мультфильмнің басты кейіпкерлері басқа кейіпкерлерді аяусыз қаніпезерлікпен ұрып-соғып, тіпті өлтіріп жатады, оның осы ашу-ызаға толы қатыгез әрекеттерін егжей-тегжейлі көрсетеді. Мұндай әрекеттерін бірнеше рет қайталап жатады. Мұны көріп өскен балада қаттылық, аясыздық, мейірімсіздік қалыптасады. А.Бандур әріптестерімен бірге зерттеу барысында теледидар арқылы көрсетілген зорлық-зомбылықты көрген баланың агрессиясын арттырып, жаман мінез қалыптастыратынын XX ғасырдың 60 жылдарының өзінде-ақ дәлелдеген, сонымен қатар мұндай агрессиялы теле бағдарламаларды ұдайы көру баланың 30 жасқа келгенде ауыр қылмыстарға баруына себеп болады екен.

Мысалы, жоғарыда айтылған телеарналардағы мультфильмдерді көретін сана-сезімі толық қалыптасып үлгермеген балаларда бірнеше жағымсыз мінез-құлықтың белгілерін байқауға болады. Біріншіден, олар сол мультфильмдердегі кейіпкерлердің терминдерімен сөйлеуге ұмтылады. Және өздеріне қызық көрінгендіктен сол әрекеттерін дұрыс деп ойлайды. Екіншіден, бала ағзасына пайдалы болып табылатын таза ауада серуендеу, спортпен айналысу сияқты қажетті шараларды кері ысырып қойып, бос уақытының барлығын теледидардың алдында өткізеді. Демек, қазіргі балалар таза ауадағы ойын мен спортты теледидардағы түрі ұсқынсыз мультфильм кейіпкерлеріне ауыстырды деп есептеуге болады. Үшіншіден, тапжылмай көру баланың денсаулығына міндетті түрде кері әсер етеді. Төртіншіден, отандық телеарналар әзірлеген бағдарламалардағы ерекшеліктерді байқамайды, себебі ол арналарды мүлде қарамайды, тіпті елімізде қандай арналар бар екенін білмейтін балалар да аз кездеспейді.

Мультфильм – өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесінде аса қажет құралдардың бірі. Қазақ халқы өзінің бет бейнесі мен болмысын, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттығын, өзінің ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіздігін болашақ ұрпағы арқылы ғана қорғай алады. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі қашанда алдыңғы орында болуы шарт. Сол себепті Қазақстан да мультфильм саласына мән бергені жөн. Өкінішке қарай, біздегі анимация жанры – қазіргі таңда өз шешімін таппай, кенжелеп қалған салаларымыздың бірі. Бірақ оны жандандыру кезек күттірмейтін мәселе. Өзіміздің Тазша балаларымыз бен алып Алпамысты, қайсар Қобыландыны көрсетіп, ұлдарымызды ұлтжандылыққа, қыздарымызды қылықты болуға үндеу қажет. Өзіміздің ертегілеріміздегі Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ сынды кейіпкерлерді мультфильмдік образға

айналдырудың уақыты келген жоқ па? Ендеше Нарутоның қан шашқанын, Халктың қаһарланғанын, Шректің шатпағын, Спанч бобтың сандырағын көріп, таңсық қылғанша төл туындыларымызды жандандырып, солар арқылы тәрбие берген артық екені белгілі.

Қорыта келгенде айтарым. . . Қазақтың баласы тамырынан қол үзіп қалмасын , ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерді қызықтыра білетін, бір көргенде елітіп әкететін мультфильмдер түсіру крек. Өскелең ұрпақтың қоғамның толыққанды, парасатты тұлға болып қалыптасуына көгілдір экранның тигізетін әсері мол. Сондықтан да, ЕЛ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ЭКРАНЫМЫЗДЫ ТҮЗЕУІМІЗ КЕРЕК. Әрине, баланы мультфильмнен біржолата тыйып тастай алмайсың, себебі мультфильмнің де тәрбиелі тұстары бар. Сондықтан да қоғам болып мультфильм арқылы бүлдіршіндеріміздің мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына, ұлтжандылыққа тәрбиелеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Бала мен балабақша» журналы. №6, 7. - 2012ж.
2. «Бала тәрбиесі» журналы. №12, 2009ж.
3. «Мектепке дейінгі білім». №1(7) қаңтар/ақпан 2007ж.
4. МеңжановаӘ. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, «Рауан». 1992. 179-190б.
5. Айғабылова Н. «Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу».
6. «Мектепке дейінгі білім» №5(17) қыркүйек/қазан2008ж.
7. «Бала тәрбиесі» журналы № 2 2006 ж , № 4 2008 ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сайран С. Б.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Темирханова Қ. Ш.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі концепциясының жағдайлары қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған дәуірдің талаптарымен үндескеледі деп айтуымызға болады. Бұл жағдайлар бөбектердің ана тіліне қаршадайынан қанығып, оны уыздай меңгерулеріне, бар байлығын бойларына ана сүтіне сіңіріп, дамыта түсулеріне, сөйтіп рухани дүниесінің кеңіе түсуіне жолашады.

Соңғы жылдары қоғамда бала тәрбиесіне көзқарас өзгерді, бұл мектепке дейінгі мекемелердің бала өміріне қатынасына байланысты болды. Қазіргі уақытта барлық қоғам мүшесі балаларына өзара іс-әрекет формасы мен әдіс тәсілдерін өздері таңдайды. Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайы жанұяның барлық мүшелерінің эмоциялық күйіне, жанұяның маңызды мәселелеріне байланысты. Қазіргі уақытта көпшілік ата-ананы «Бала үшін балабақша қажет пе?» – деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды» – деген

түсінік қалыптасқан. Сондықтан құрдастарымен қатынастарда қиындыққа ұшыраған балалары бар ата-аналар балабақшаға барса, бұл қиындықтан шығады деп үміттенеді. Балабақшаның мүмкіндігін жоғары бағалау да қателік.

Әрбір бала балабақшаға алғаш келгенде бейімделу кезеңінен өтеді. Жалпы, «адаптация» ұғымы латын тілінен аударғанда икемделу, бейімделу деген мағынаны білдіреді. Балабақшаға келгеннен кейін баланың күнделікті өмірлік жағдайы күрт өзгереді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бейімделу мүмкіндігі шектелгендіктен, балалардың жаңа әлеуметтік жағдайға жылдам ауысуы және күйзелісте күні бойы балабақшада өткізу баланың көңіл-күйінің бұзылуы мен психофизикалық дамуының төмендеуіне алып келеді. Баланың өмірінде бейімделу өте күрделі құбылыс болып табылады. Бейімделу кезеңі қиын және ұзаққа созылуы мүмкін. Қиындықтан шығу үшін және бейімделуді жеңілдету үшін баланы жанұядан балабақшаға біртіндеп үйрету керек [1].

Балабақшаға бейімделген бала саны көп емес. Көпшілігі түрлі қиындықтарға тап келеді. Оның ішінде балабақшаға бару кей балада қорқыныш, үрей тудыруы да мүмкін.

Балабақшаға психологиялық бейімделуі баланың жеке, жас ерекшеліктеріне және тағы да басқа факторларға байланысты. Оның алғашқысы және маңыздысы баланың анасынан және жанұясынан ажырауға психологиялық дайындығы, өйткені үйренген байланыстан ажырау және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады [2; 3].

Ересектердің назары өзінде болғанына үйренген баланың «көп ішіндегі бір бала» екендігіне көнуі және өз қажеттіліктері үшін, өз күшін жұмсап күресуі қажет болады. Бұл өзінің қажеттілігі бірінші орында тұратын және ата-ана айтқан бойда, автоматты түрде қанағаттандыратын жанұядағы жағдай емес. Тіпті кейбір ата-аналар ойлағандай балабақша – бұл ұялшақтықтан құтқаратын «дәрі» емес, бұл бала үшін өз бетінше өмір сүру тәжірибесіне дайындық – қиындықтарды жеңу, өзге балалармен қарым-қатынас орнату, жалпы психологиялық «жетілуге» сынақ боп табылады [4].

Балаға балабақша керек пе?- деген сұраққа жауап беру үшін негізгі оң жақтарын айтайық. Жанұядағы тәрбиемен салыстырғанда балабақша балаға не береді?

Негізінен балабақша өзге балалармен қарым-қатынасқа үйрену тәжірибесі және мектепке психологиялық дайындық болып табылады. Бірақ осы өз бетінше үйрену тәжірибесі бала үшін де, оны уайымдап жүрген ата-ана үшін де жағымды жағдай емес. Сонымен өзге балалармен қарым-қатынас үйренуде балабақша жалғыз мекеме боп табылмайды. Қазіргі уақытта мектеп жанынан шағын орталықтар ашылуда, бұл жерде бала тез бейімделуі мүмкін [5].

Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай баланы балабақшаға беруде ата-ана баланың жеке жас ерекшеліктеріне емес, өз қажеттіліктеріне сүйенеді (жұмыс, өзге де жанұялық жағдайлар т. б). Соның салдарынан ата-ана басты қателігін жасайды: бала бұл жағдайда психологиялық тұрғыдан қалыптаспай тұрып, ерте жастан, тез, жанұядан, үйден ажыратады. Бұл жағдайда балабақшаға бейімделу өте қиын жағдайда өтеді. Кейде балабақшадан бас тартуға тура келеді [4].

Баланы балабақшаға психологиялық дайын екендігінің белгілері:

- баланың өзге балалармен ойнауға, қызығушылығының болуы;
- анасынан ажырауға баланың жағымсыз әсерінің болмауы;
- баланың өз жақындарынан басқа ересек адамдармен қарым-қатынасқа

дайындығы;

- жаңа жағдайларда балада қорқыныш, үрейдің болмауы;
- сұраса, балабақшаға барғым келеді, - деп жауап беру [2].

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері: басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен; дәретке өзі отырып үйренбегендіктен; кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан); балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады [2].

Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертенгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

-Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.

-Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.

-Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.

-Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі. Сондықтан кеңес береміз.

-Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға тырысыңыз.

-Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.

-Үйдегі жағдайда баланы өзіне – өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну өз бетімен тамақтану тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гаршокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт, шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

-Жоспарлаңыз: балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада үш төрт сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

-Балабақшаға тек ауырмай келуі қажет.

Балабақшаға келген баланың өмірінде мынадай өзгерістер болады: қатан күн тәртібі, күні бойы ата-анасынсыз қалуы, тәртібінде жаңа дағдылардың талап етілуі, бейтаныс жер, бөгде адамдар. Осы өзгерістің барлығы балада бір мезетте болғандықтан, бала күйзеліске түседі, тамақтан бас тарту, жиі науқастану, мінез-құлқының жиі өзгеруі байқалады.

Бейімделу кезеңін психологтар мен дәрігерлердің зерттеулері бойынша 3 кезеңге бөліп қарастырамыз:

1. Жеңіл бейімделу – 1-2 апта ішінде бала мінезі қалыпқа келіп түзеледі. Тәбеті жақсарып, балада тұрақты әрі қалыпты эмоциялық жағдай қалыптасады. Үлкендермен араласып, жаңа жағдайға тез үйренеді. Ауру, сырқауы асқынбайды.

2. Орташа бейімделу – баланың мінез-құлқы 1 ай көлемінде қалыпқа келеді. Көңіл-күйі тұрақсыз болғанымен жылауы бәсеңдейді. Аурушандығы 10 күннен аспайды. Балада үлкендердің қолдауы арқасында танымдық және мінез-құлық белсенділігі байқалады.

3. Ауыр бейімделу – 1 айдан 2 айға созылуы мүмкін. Бұл кезең баланың жиі науқастануымен көрінеді. Бала агрессивті, жылау, айқайлау сияқты көріністер береді [2; 3].

Психологтар баланың балабақшаға бейімделуін уақытында бақылауға алады. Балабақшада баланың өзін еркін сезінуіне қажетті машықтарынан басқа, оның ұжымға араласуға психологиялық дайындығы да аса маңызды. Баланың көңілін ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы: сабын көпіршіктері, шарлар. Тәрбиешілер баланың назарын топтағы ойыншықтарға аудару қажет. Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу, доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген балаларды шақыру керек. Эмоция балалардың өмірінде маңызды роль атқарады. Олар шындықты ұғындыруға және дұрыс қарым-қатынас құруға көмектеседі. Сезім бет-әлпетімізде, іс-әрекетте, ым-ишарадан көрініп тұрады. Тәрбиешілер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты – баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аудартып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі-ниет, ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады. Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор [2].

Баланың балабақшаға бейімделуі оның жағдайы мен көңіл-күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір-бірімен сыйластыққа үйренеді. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықыласы бар екенін түсінуі тиіс. Балабақшаға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (сәби дүниеге келгенде, анасы іс-сапарға кеткенде және т. б жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Балабақшада қалу уақытын азайтып, апта арасында үзіліс ұйымдастырумен шешуге болады. Балабақша туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен достасуға болатындығын айту қажет. Ата-ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасынан ажырап, ол балабақшадан қажеттігін тауып, тәрбиешілермен балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ әр ата-анада одан шығу жолдары әртүрлі.

Психологтардың кеңесі:

– Баланы балабақшаға апармас бұрын, оның өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекте ұшуға үйретіңіз;

– Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Баланың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз;

– Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;

– Баланың үйдегі жағдайда өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, дәретке сұрану т. б.;

– Баланы ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын.

– Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет. Балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп, балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.

– Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс: тәрбиешімен танысып, жаңа достар табу үшін.

– Бейімделу кезінде үйде демалыс күндері баламен көп шұғылдану керек.

– Балабақшаға бала тек ауырмай келуі қажет [2; 3].

Егер де балаңыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса, онда ол балабақшаға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы балабақшаға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз, оның жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ.

Біз жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркениетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз. «Балаға білім беру үшін ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеп соқтырады» – деген, данышпан ойшыл ғалым Әбу Насыр әл – Фараби.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Айғабылова Н. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу
2. Эльконин Д. Р. Психическое развитие в детских возрастах. – М., Воронеж, 1997. – 416 с.
3. Исмаилов Д.А., Абишева Ж.А. Развитие личности ребенка в процессе дошкольной подготовки. А., Рауан, 1998 -155с.
4. Бала тәрбиесі №2, 2006 ж., №4, 2008 ж.
5. Ә.Меңжанова «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы «Рауан» 1992. – 179-190 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНҚАЛЫПТАСТЫРУ

Құбайдуллина Р. Ж

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Темирханова Қ. Ш

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Ұлы Абай: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады, деген екен.

Қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты кітабында: «Жалпы педагогика екі нәрсе жайынан сөйлейді: 1/ дене тәрбиесі, 2/ жан тәрбиесі жайына»-деген. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігі, ол – баланың алдағы уақытта үлкен әріппен жазылатын Адам болып шығуы үшін «Жан тәрбиесінің» өте қажеттілігі туралы. «Жан тәрбиесінің» бір көрінісі – адамгершілік тәрбиесі туралы болмақ [2].

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды.

Адамның моралдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады. Оны ұйымдастыру мен жүзеге асырудаөзінің мақсатының жүйесі бойынша, мазмұны, ұйымдастыру түрі, технологиясы, нақты білім беру жүйесімен басқарылуы, ішкі және сыртқы байланыстары арқылы әрбір адамның және жалпы қоғамның идеясын дамытуы қажет [2;3].

Мектепке дейінгі жас – әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі. Дәл осы кезде әлеуметтену үдерісі басталады.

Бала адамдардың қарым-қатынасы туралы алғашқы түсінікті үлкендердің арасындағы өзара қарым-қатынасын бақылау арқылы қабылдайды. Олардың тәртібі, өзіне деген, оның қылығынақарым-қатынасы бала тәртібінің бағдарламасын құрайды. Үлкендердің осы үлгісі бойынша ол адамдармен қарым-қатынас жасайды.

Нақты осы кезде баланың адамдар әлемімен, табиғатпен, заттармен байланысы басталады. Адами құндылықтарға, мәдениетке тартылуы байқала бастайды. Денсаулығының іргетасы қаланады. Сезімінің дамуы өзінің өмір сүріп жатқан жағдайына байланысты тәрбиелеу әдісі мен құралдарына тәуелді болады. Бұл – отбасы мен балабақшадағы, өзі сезінетін айналадағы қызығушылығы мен істеріне қатысты жағдайлар. Дәл осы мектепке дейінгі

жаста балалық қарым-қатынасты дамытуға маңызды мән беретін адамгершілік сезімі қалыптаса бастайды. Осы кезде баланы рухани-адамгершілік аясында дамыту міндетінің жетістікті шешілуі үлкендердің бала тәрбиесіндегі мейірімділігіне, әділдігіне және адамилығына байланысты. Осылар арқылы олар балаға үлгі көрсетеді [1].

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. / Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды [4;5].

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып тәрбиеші балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады [7].

Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», деп атап көрсеткен.

Рухани- адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – олбаланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген [1].

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда

«Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы эксперимент ретінде жүргізіліп келеді.

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні – баланы балабақшадан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету [7].

Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын бұл оқу – әдістемелік кешен «Өзін-өзі тану» курсының негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Сабақтардың негізгі құрылымдары «Амандасу рәсімі», «Шаттық шеңбері», «Көңіл күйді көтеру» сабақтың негізгі мазмұны «Сергіту сәті», «Тыныштық сәті», «Ойын», «Дәйексөз», «Шығармашылық тапсырма» ұжымдық жұмыс, дәптермен жұмыс, жүректен-жүрекке шеңберінен тұрады.

Тәрбиешінің басты міндеті- бойында ұлттық санасы қалыптасқан, дені сау, жан дүниесі бай жан- жақты азамат тәрбиелеп өсіру. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деп дана халқымыз айтқандай тәрбиелі, білімді ұрпақ әрқашан ұлт мақтанышы, беделі болатыны анық. Түйіп айтқанда, президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде»- дейтін еңбегінде орын алған мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық адамгершіліктің, патриотизмнің анықтамасы осындай ойдан туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В.С. «Мектепке дейінгі балалардың психологиясы». - 1975.
2. «Бала мен балабақша» журналы №6, 7. 2012 ж.
3. «Бала тәрбиесі» журналы №12, 2009 ж.
4. «Мектепке дейінгі білім» №1(7) қаңтар/ақпан 2007 ж.
5. «Мектепке дейінгі білім» №5(17) қыркүйек/қазан 2008 ж.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы 1995 ж.
7. Өзін- өзі тану журналы 2005 ж.

ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ОРТА СЫНЫПТАРДАҒЫ ОЙЫН ӘДІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУЫ

Курманалы Н. М

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының III курс студенті

Ғылыми жетекші: Жүсіпбек И. Б

Кез-келген ұстаздың басты мақсат-міндеті – оқушыларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын дегеніміз не? Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдардың бірі. Мектепте тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі – ойын әрекеті. Баланың саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор [1].

Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А. С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекте адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын – балалар үшін айналаны танып, білу тәсілі. Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты [2].

Бастауыш мектепте оқыту процесінде дидактикалық ойындар әрі оқу, әрі ойын қызметін қатар атқарумен ерекше орын алады. Ойын – балалар әрекетінің бір түрі. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным процесіне әсерін тигізеді. Н. К. Крупская «Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді»-дейді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады дегенді айтуда ғалымдар. Ойын үстінде оқушылар өзі үшін жаттығулар орындап, оқумен жаттығады және ойын үстінде салыстыру арқасында тапсырмаларды орындауға тырысады, ойын оқушыларды ізденуге, жеңіске жетуге ынталандырып бұдан олар тез қимылдауға, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға және тапсырманы нақты орындауға әкеледі. Әрине, бұл жерде ойын ережесі сақталуы керек. Ойынды таңдау кезінде оқушылардың техникалық деңгейін, сапасына қарай белгілі бір жүйеде жүргізілуін есте ұстаған жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде халық ойындарының дидактикалық мақсатта қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері С.А. Ұзақбаева, Е.Сағындықов, С.Елубаев, С.Елубаева, Г.Р. Бахтиярова еңбектерінде ашып көрсетілді. Бұл еңбектерде халық ойындарының білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мәні айқындалып, оларды пайдаланудың жолдары мен әдіс-тәсілдері беріледі.

Халық ойындары педагогиканың дәстүрлі құралдары болып саналады. Ол бала өмірінің табиғи серігі, көңіл-күйінің бұлағы. Онда ежелден адам өмірінің бейнесі, салт-дәстүрі, тұрмысы, еңбегі халықтық намысы, ерлік, батылдық туралы көзқарастары, жылдамдық, тездік, шеберлік пен әдемі де әсем қимылдарды меңгеру тілектері, шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеті, ұстамдылыққа, ептілікке, тапқырлыққа, жеңіске жету талпынысы айқын қамтылған. Ұлт ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып байыта түседі. Сол байлықты пайдаланып, балаларды дене тәрбиесіне үйрету барысында басқа ойындар мен бірге қолданудың ерекше маңызы зор.

1. Спорттық ойындардан төменгі сыныптарда баскетбол, бадминтон, футбол, хоккей, пионербол ойындарының қарапайым қимылдарын үйретіп, қысқартылған ережелермен өткізіледі.

2. Шаңғымен жүруге балаларды қызықтыру үшін, сабақтың үстінде бірнеше ойындар жүргізіледі.

3. Суда тұрып ойнайтын ойындар. Бұл ойындар осы мектепке жақын арада су қоймасы не өзен болған жағдайда, серуен кезінде ұйымдасқан түрде жүргізіледі. Спорт жаттығуларының бұл түрлері сабақ кезінде үйретіп, балаларды серуенге апарғанда ұйымдастырып, жаттығу сағаттарында жүргізіледі.

Үзіліс кездерінде, бос уақыттарында өзара келісіп, өз беттерімен ойын ұйымдастырып ойнай алатын болуы керек. Мектепте төменгі сыныптарда қазақша күресудің қарапайым жаттығулары өтеді. Бұл жаттығу жас балалардың спорттың не екенін біліп, олармен шұғылдануға қызықтырады. Шамасына қарай жетілдіруге ынталарын арттырып, алдыңғы қатардағы мақтаныш ететін спортшыларымызбен таныстырып, оған еңбек сүйгіш батыр да батыл балалардың жететінін түсіндіреді. Қазақша күресудің қарапайым жаттығулары ұл балалардың сүйіп жасайтын жаттығулардың бірі

Ойынның ойналатын жері де, шыққан тегі де халықтың той-думаны, сонда дүниеге келіп, халық өз игілігіне жаратты. Ойын халықтың алғашқы мәдениеті, ой еңбегінің жемісі, дүние танымының айнасы деп тұжырымдауға болады.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.О. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуанытып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», -деп тегіннен айтпаса керек [1]. Ұлт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындары мен таныса отырып көзіміз

әбден жетеді. Өйткені қазақ халқының ұлттық ойындары өте ерте туып, оның көші-қоны тұрмыс жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз осы ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігіне ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында екендігіне көзіміз жетеді.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ.

Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын-қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан бос кезде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф. Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін демалу теориясын, Г.Спенсер ойын арқылы денедегі артық энергияны шығару, К.Крус тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теорияларын жасады. Ойын туралы қазіргі көзқарастар оның көптеген қызметін анықтап отыр. Ол баланың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қанағаттандырып, оның өмірге бейімделуін жеңілдетеді, болмысты тануға көмектеседі. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Оқушылар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды. Симулятивті ойындар кезінде оқушылар өз бетімен күрделі мәселелерді шешеді. Бұл ойындар алғаш рет әскери училищелерде кескілескен шайқастарды бейнелеу үшін қолданылған. XX ғасырдың 60 жылдарының басында көптеген елдердің білім беру ұйымдарында іскерлік ойындар қолданыла бастады. Іскерлік ойындар арқылы бала түрлі оқиғаларға қатысып, еңбек, отбасылық, қоғамдық қатынастарға енуге әзірленеді. Енді отбасында өмірді түсінуге көмектесетін іскерлік ойыннан үзінділер келтірейік. Бірінші кезең «Жас отбасының бюджеті» деген жағдаят. Жоғарғы сынып оқушылары «отбасыларына» бөлінеді, әр отбасында жас жұбайлар мен олардың туысқандары тұрады. Эксперттер құрамына мұғалімдер, ата-аналар, жоғарғы сынып оқушылары енеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететінін дәлелдеп отыр. Іскерлік ойындар оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болады.

Мұғалімдер көптеген танымдық ойындар өткізеді. Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер арқылы білім береді және оқушыларды ынталандырады.

Ойынның өсіп келе жатқан организм үшін қажет екенін айта отырып, ойын баланың қызығарлық, тапқырлық, сезімталдық, ұстамдылық, бағдарлағыштық, аңғарымпаздық қасиеттерін дамытады. Сондықтан да ойын сабақтарын өткізгенде бала организмінің белсенді іс-әрекетке деген қажетін қанағаттандыру, әр түрлі бұлшықеттерін жетілдіру, қиялдай, елестете білушілік, тапқырлық қабілетін дамыту, ережелерді бұлжытпай орындап, өз әрекетін өзгелердің әрекетімен үйлестіре білу шеберліктерін, ептілік, батылдық, сенімділік дағдыларын қалыптастыру көзделді.

Төменгі және ортаңғы буындағы оқушыларға дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды қолданудың, негізгі мемлекеттік стандарттағы-қалыптастыруға қажет машықтар мен дағдыларға әсерін және нәтижелерін бақылау мақсатында көптеген тексерулер жүргізуге болады.

Ұлттық ойындар болсын, кез-келген басқа спорттық ойындардың түрі болсын сабаққа мұғалімнің даярлануы барысында осындай психо-педагогтық, медико-биологиялық, спортты-педагогикалық қағидаларды, ережелерін ұстағанда ғана сабақ нәтижесі болады. Ал кез-келген педагогтың басты мақсаты білімнің сапасын жоғарылату арқылы нәтижеге жету.

Қорыта айтқанда кез-келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық мектептен қорқатын, оқуға енжер, күшпен оқитын оқушы болмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойындар-оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған жарық терезесі іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен [4]. Ендеше, сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың нәтижесі қандай? Олай болса жас бүлдіршіндерді оқытуда:

Оқы да біл,

Ойын – еңбек.

Ойна да күл,

Ойын – оқу, - деп сөзімді аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: «Рауан». - 1993 ж.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: «Қайнар» - 1994 ж.
3. Ұлт тағылымы. №6, 2000 ж.
4. Нұрғалиев Р. Н. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы. – 1990 ж.

ОСОБЕННОСТИ И СРЕДСТВА ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Рябчинская М.

Студент II курса (Зускор) специальности «Музыкальное образование»

Научный руководитель: Шаяхметова А. А.

В этом разделе предметом рассмотрения станут те возрастные особенности, которые присущи младшему школьнику и которые следует учитывать при его эстетическом воспитании.

Мы уже отметили, что очень трудно формировать эстетические идеалы, художественный вкус, когда человеческая личность уже сложилась. Эстетическое развитие личности начинается в раннем детстве. Чтобы взрослый человек стал духовно богатым, надо обратить особое внимание на эстетическое воспитание детей дошкольного и младшего школьного возраста. Б.Т. Лихачев пишет: «Период дошкольного и младшего школьного детства является едва ли не самым решающим с точки зрения эстетического воспитания и формирования нравственно-эстетического отношения к жизни». Автор подчеркивает, что именно в этом возрасте осуществляется наиболее интенсивное формирование отношений к миру, которые постепенно превращаются в свойства личности. Сущностные нравственно-эстетические качества личности закладываются в раннем периоде детства и сохраняются в более или менее неизменном виде на всю жизнь.

Одной из особенностей младшего школьного возраста является приход ребенка в школу. У него появляется новый ведущий вид деятельности - учеба. Главным человеком для ребенка становится учитель. «Для ребят в начальной школе учитель - самый главный человек. Все для них начинается с учителя, который помог преодолеть первые трудные шаги в жизни. . . ». Через него дети познают мир, нормы общественного поведения. Взгляды учителя, его вкусы, предпочтения становятся их собственными. Из педагогического опыта А.С. Макаренко известно, что общественно значимая цель, перспектива движения к ней, при неумелой постановке перед детьми оставляют их равнодушными. И наоборот. Яркий пример последовательной и убежденной работы самого педагога, его искренняя заинтересованность и энтузиазм легко поднимают детей на дела.

Следующая особенность эстетического воспитания в младшем школьном возрасте связана с изменениями, происходящими в сфере познавательных процессов школьника. Например, формирование эстетических идеалов у детей, как части их мировоззрения, сложный и длительный процесс. Это отмечают все педагоги и психологи, упомянутые выше. В ходе воспитания жизненные отношения, идеалы претерпевают изменения. В отдельных условиях под влиянием товарищей, взрослых, произведений искусства, жизненных потрясений идеалы могут претерпевать коренные изменения.

«Педагогическая суть процесса формирования эстетических идеалов у детей с учетом их возрастных особенностей состоит в том, чтобы с самого начала, с раннего детства, формировать устойчивые содержательные идеальные представления об обществе, о человеке, об отношениях между людьми, делая это в разнообразной, изменяющейся на каждом этапе новой и увлекательной форме», - отмечает в своей работе Б.Т. Лихачев [1; 15].

Для дошкольного и младшего школьного возраста ведущей формой знакомства с эстетическим идеалом является детская литература, мультипликационные фильмы и кино. Книжные, мультипликационные или герои кино, будь то люди, звери, или фантастические вымышленные существа, наделенные человеческими качествами, являются носителями добра и зла, милосердия и жестокости, справедливости и лживости. В меру своего понимания маленький ребенок становится приверженцем добра, симпатизирует героям, ведущим борьбу за справедливость против зла. «Это уже, безусловно, формирование идеала как части мировоззрения в той своеобразной форме, которая позволяет малышам легко и свободно войти в мир общественных идеалов. Важно только, чтобы первые идеальные представления ребенка не оставались на уровне лишь вербально-образного выражения. Надо постоянно, всеми средствами побуждать детей к тому, чтобы они в своем поведении и деятельности приучались следовать любимым героям, реально проявляли и доброту, и справедливость, и способность изображать, выражать идеал в своем творчестве: стихах, пении и рисунках».

С младшего школьного возраста происходят изменения в мотивационной сфере. Мотивы отношения детей к искусству, красоте действительности осознаются и дифференцируются. Д.Б. Лихачев отмечает в своей работе, что к познавательному стимулу в этом возрасте добавляется новый, осознанный мотив. Это проявляется в том, что «...одни ребята относятся к искусству и действительности именно эстетически. Они получают удовольствие от чтения книг, слушания музыки, рисования просмотра фильма. Они еще не знают, что это и есть эстетическое отношение. Но в них сформировалось эстетическое отношение к искусству и жизни. Тяга к духовному общению с искусством постепенно превращается для них в потребность. Другие учащиеся общаются с искусством вне собственно эстетического отношения. Они подходят к произведению рационалистически: получив рекомендацию прочитать книгу или посмотреть фильм, они читают и смотрят их без глубокого постижения сути, лишь для того, чтобы иметь о нем общее представление». А бывает, что читают, смотрят или слушают из престижных соображений. Знание педагогом истинных мотивов отношения детей к искусству помогает сосредоточить внимание на формировании подлинно эстетического отношения.

Чувство красоты природы, окружающих людей, вещей создает в ребенке особые эмоционально-психические состояния, возбуждает непосредственный интерес к жизни, обостряет любознательность, мышление, память. В раннем детстве ребята живут непосредственной, глубоко эмоциональной жизнью. Сильные эмоциональные переживания надолго сохраняются в памяти, нередко

превращаются в мотивы и стимулы поведения, облегчают процесс выработки убеждений, навыков и привычек поведения. В работе Н.И. Киященко довольно четко подчеркивается, что «педагогическое использование эмоционального отношения ребенка к миру - один из важнейших путей проникновения в детское сознание, его расширения, углубления, укрепления, конструирования». Он также отмечает, что эмоциональные реакции и состояния ребенка являются критерием действенности эстетического воспитания. «В эмоциональном отношении человека к тому или иному явлению выражается степень и характер развитости его чувств, вкусов, взглядов, убеждений и воли».

В жизни ребенка имеет воспитательное значение буквально все: убранство помещения, опрятность костюма, форма личных отношений и общения, условия труда и развлечений - все это либо привлекает детей, либо отталкивает. Задача не в том, чтобы взрослым организовать для детей красоту окружающей среды, в которой они живут, учатся, работают, отдыхают, а в том, чтобы вовлечь всех детей в активную деятельность по созиданию и сохранению красоты. «Только тогда красота, в созидании которой ребенок принимает участие, по-настоящему видна ему, становится чувственно осязаемой, делает его ревностным защитником ее и пропагандистом» [2; 26].

Передовые педагоги понимают, как важно сочетать в процессе эстетического воспитания всю совокупность разнообразных средств и форм, пробуждающих и развивающих в школьнике эстетическое отношение к жизни, к литературе и искусству. В школе должно обращаться внимание не только на содержание школьных предметов, но и на средства действительности, на факторы, оказывающие влияние на эстетическое развитие личности. Одним из таких факторов является эстетизация среды, отмеченная в работе Г.С. Лабковской. Главная задача эстетизации среды обитания по ее мнению сводится к «достижению гармонии между создаваемой человеком «второй природой» и естественной природой. Проблема эстетизации среды обитания органически связана с решением одной из сложных и насущных проблем совершенного человечества - проблемы рационального использования природных богатств и охраны окружающей среды. Когда человек остается наедине с природой, как раз и раскрывается истинное лицо его эстетической культуры. Изучение ребятами законов развития природы, умение видеть многообразие ее форм, постижение ее красоты - это главное, чему должна научить школа».

Следующий фактор эстетического развития личности - эстетизация быта - выделяется в работах А.С. Макаренко, Г.С. Лабковской, К.В. Гавриловец и др.

А.С. Макаренко в своей педагогической работе уделял огромное внимание этому фактору: «Коллектив надо украшать и внешним образом. Поэтому я даже тогда, когда коллектив наш был очень беден, первым делом всегда строил оранжерею. И обязательно розы, не какие-нибудь дрянные цветочки, а хризантемы, розы». «С эстетической точки зрения быт, можно сказать, является лакмусовой бумажкой уровня развития эстетического развития личности, группы или коллектива. Материальная среда быта, ее

духовность или бездуховность, - показатель соответствующих качеств создавших ее людей», - отмечает Г.С. Лабковская.

Особое значение эстетики быта, в эстетическом воспитании отмечает и К.В. Гавриловец в своей работе «Нравственно-эстетическое воспитание школьников». «Эстетика школьного быта - это обстановка классов, кабинетов, залов, коридоров и т. д. Убранство вестибюля, оформление отрядного уголка, стендов - все это либо молчаливые помощники педагога в эстетическом, а, следовательно, и в нравственном воспитании школьников, либо его враги». Если ребенка с первого класса и до окончания школы окружают вещи, отличающиеся красотой, целесообразностью, простотой, то в его жизнь подсознательно входят такие критерии, как целесообразность, упорядоченность, чувство меры, т. е. критерии, которые позднее определяют его вкусы и потребности.

Эстетика поведения и внешнего облика, - не менее значимый фактор эстетического воспитания. Здесь существенное влияние на детей оказывает непосредственно личность учителя. Как отмечает К.В. Гавриловец: «В своей работе, учитель влияет на воспитанников всем своим внешним обликом. В его костюме, причёске проявляется эстетический вкус, отношение к моде, которое не может не влиять на вкусы юных. Модный и в то же время деловой стиль в одежде, чувство меры в косметике, выборе украшений помогают формировать у подростков правильный взгляд на соотношение внешнего и внутреннего в облике человека, вырабатывать у них «нравственно-эстетический критерий достоинства человека».

Об эстетике поведения, или культуре поведения много говорил В.А. Сухомлинский. В культуру поведения он включает и «культуру общения: общение между взрослыми и детьми, а также общение в детском коллективе». «Сила воспитательного воздействия внутриколлективных отношений на эстетическое развитие личности заключается в том, что опыт общения, даже если он недостаточно осознается, глубоко переживается человеком. Это переживание «себя среди людей», стремление занять желаемое положение среди них является мощным внутренним стимулом формирования личности» [3; 52].

Благополучное эмоциональное самочувствие, состояние защищенности, как назвал его А.С. Макаренко, стимулирует наиболее полное самовыражение личности в коллективе, создает благоприятную атмосферу для развития творческих задатков школьников, обнажает красоту чутких отношений друг к другу. В качестве примера прекрасных эстетических отношений можно рассматривать такие отношения, как дружба, взаимопомощь, порядочность, верность, доброта, чуткость, внимание. Участие детей вместе со взрослыми в отношениях самого различного достоинства накладывает глубокий отпечаток на детскую личность, делая их поведение прекрасным или безобразным. Через всю совокупность отношений и осуществляется формирование нравственно-эстетического облика ребенка.

Важнейшим источником эмоционального опыта школьников являются внутрисемейные отношения. Формирующее и развивающее значение семьи очевидно. Однако не все современные семьи обращают внимание на

эстетическое развитие своего ребенка. В таких семьях довольно редко происходят разговоры о красоте окружающих нас предметов, природы, а о походах в театр, музей не может быть и речи. Классный учитель должен помочь таким детям, постараться восполнить недостаток эмоционального опыта, особой заботой в классном коллективе. Задачей классного руководителя является проведение бесед, лекции с родителями по эстетическому воспитанию подрастающего поколения.

Одним из важных источников эстетического опыта школьников является разнообразная **внеклассная и внешкольная работа**. В ней удовлетворяются насущные потребности в общении, и **происходит формирование личности**. На внеклассных мероприятиях дети имеют большие возможности для самопроявления. Отечественная школа накопила большой опыт по эстетическому воспитанию школьников в процессе внеклассной и внешкольной деятельности. Большой практический опыт в этом деле принадлежит А.С. Макаренко и С.Т. Шацкому. В организованных ими воспитательных учреждениях ребята принимали широкое участие в подготовке самодеятельных спектаклей, творческих драматических импровизаций. Воспитанники часто слушали художественные произведения и музыку, посещали и обсуждали театральные постановки и кинофильмы, работали в изобразительных кружках и студиях, проявляли себя в различных видах литературного творчества. Все это служило действенным стимулом развития лучших черт и качеств личности.

Таким образом, младший школьный возраст – это особенный возраст для эстетического воспитания, где главную роль в жизни школьника играет учитель. Пользуясь этим, умелые педагоги способны не только основать прочный фундамент эстетически развитой личности, но и посредством эстетического воспитания заложить подлинное мировоззрение человека, ведь именно в этом возрасте формируется отношение ребенка к миру и происходит развитие сущностных эстетических качеств будущей личности.

Список использованной литературы:

1. Терентьева Н. А. Художественно-творческое развитие школьников на уроках музыки в процессе целостного восприятия различных видов искусства. – М., 1990, с. 15
2. Алиев Ю. Б. Методика музыкального воспитания детей. – Воронеж, 1998, с. 26
3. Нравственно-эстетическое воспитание учащихся. Под ред. Н. И. Загоренко. – Новосибирск, 1988, с. 52

МАЗМҰНЫ

1.	Қалиев А.К.	Құттықтау сөз.....	3
2.	Қалиев А.К.	Приветственное слово.....	4
1-секция			
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДУАЛДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ			
3.	Талапқали Т.	Педагог мамандарды дуалды оқыту жүйесі арқылы дайындау.....	5
4.	Сарсенбаева Д.М.	Дуалды білім беру жүйесі – оқытудың тиімді жолы.....	8
5.	Айдарбекова Д.М.	Білім беру үрдісінде дуалды оқыту жүйесінің тиімділігі.....	11
6.	Лесбек А.М.	Дуалды білім беру жүйесінің тиімділігі.....	16
2-секция			
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ЖАСТАРДЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ			
7.	Наган Ж.А.	Педагогикалық мамандықтарға жастарды кәсіби бағдарлаудың мәселелері.....	19
8.	Өміртай Қ.Қ.	Кәсіби білімнің қажеттілігі мен маңыздылығы	22
9.	Орынбасар А.Е.	ЖОО-да оқитын студенттерге кәсіби бағдар беруді ұйымдастыруда өзіндік жұмыстарды пайдалану	27
10.	Құрманбаева Д.Қ.	ЖОО-ның студенттерінің кәсіби бағыттылығын дұрыс қалыптастыру жолдары.....	33
11.	Алидарова А.Н.	Кіші мектеп жасындағы оқушының оқу-танымдық белсенділігінің психологиялық ерекшеліктері.....	39
12.	Абилхайрова А.А.	«Серпін» бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің бейімделуінің әлеуметтік психологиялық мәселелері.....	42
13.	Абдурахманова Р.	Виртуальное общение подростков в социальных сетях, в группах смерти.....	45
14.	Бектұрсын А.Б.	Пейзаж живописі.....	48
15.	Ермуханова А.	Самооценка и ее влияние на статус личности в группе.....	53
16.	Әбілда Ұ., Айдарбекова Д.	Бейнелеу өнерінде ақпаратты-коммуникациялық технологияны пайдалану	57
17.	Әскербек Ә.Қ.	География сабақтарында жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың тиімділігі.....	60
18.	Жабасова Б.Н.	Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі кейіпкерлер әлемі.....	64
19.	Жұматай Б.Ә.	Абай қара сөздерінің танымдық сипаты.....	67
20.	Қаби Н.	Заманауи педагогикалық оқыту технологияларын музыка сабағында пайдаланудың мүмкіндіктері	71
21.	Касенова Д.	Көрнекілік құралдардың география сабағындағы маңызы.....	75

22. Қаспақбай Ә.А.	Ата-анасы ажырасқан отбасындағы жеткіншектермен туындайтын психологиялық мәселелер	78
23. Қошан Ә.С.	Жыраулық поэзиядағы тілдік ерекшеліктің ақындық өнермен ұштасуы.....	82
24. Макашева М.Т.	Жас отбасындағы ажырасудың психологиялық негіздері.....	86
25. Маматқұлова Р.Е.	Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы	90
26. Мәлік Г.Ө.	Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері.....	95
27. Турсинбекова Н.С.	Познавательная деятельность как функциональное пространство развития интеллектуальных способностей личности.....	98
28. Сапарғали А.М.	Географияны оқытудағы педагогикалық технологиялар пайдаланудың тиімділігі.....	103
29. Ыбырай Н.	Домбыра аспабын үйретудің тиімді әдістері.....	107
30. Сейіткерей А.М.	Құқықтық тәрбие берудің маңызы.....	111
31. Сардарбек Ә.З.	Балалардың жағымсыз мінез-құлқының қалыптасуына мультфильмдердің әсері.....	116
32. Сайран С.Б.	Мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшағы бейімделу әдістемесі.....	118
33. Құбайдуллина Р.Ж.	Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру.....	123
34. Құрманалы Н.М.	Төменгі және орта сыныптардағы ойын әдісінің сипаттамасы және қолдануы.....	126
35. Рябчинская М.	Особенности и средства эстетического воспитания в младшем школьном возрасте.....	130

«ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК»
тақырыбындағы «Өркен-2017» студенттердің институтішілік
ғылыми-зерттеу конференциясының
МАТЕРИАЛЫ
24 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской научно-исследовательской конференции студентов
«Өркен-2017» на тему
«СИСТЕМА ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ: ОПЫТ И БУДУЩЕЕ»
24 ноября 2017 год

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 18.01.2018 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7х21½. Көлемі 9,06 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №01058

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru